

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 706 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы жан-жақты экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

**БІР ТАРАПТАН ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ПЕН ОҒАН
МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТАРАПТАН СИНГАПУР
РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЕРКІН САУДА ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ
КІРІСПЕ**

Бір тараптан

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі "ЕАЭО" деп аталады) және Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы (бұдан әрі "ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер" деп аталады) және

екінші тараптан

Сингапур Республикасы (бұдан әрі "Сингапур" деп аталады)

Тараптар арасындағы ұзақ мерзімді және берік достық пен ынтымақтастықты нығайту мен күшейтудің маңыздылығын **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**,

өзара мүддені білдіретін салаларда Тараптар арасындағы өзара пайдалы сауда қатынастарын кеңейту және экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы орта және жағдай жасауды **ҚАЛАЙ ОТЫРЫП**;

бизнестің шығасыларын азайтуды және экономикалық тиімділікті арттыруды қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы сауда кедергілерін төмендетуге немесе жоюды **ҚАЛАЙ ОТЫРЫП**;

тұрақты, ашық және кемсітусіз түрде жүзеге асырылатын еркін және кедергісіз саудаға ықпал ететін қағидаттар мен практиканы ұстану қажеттігін **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**;

шығасыларды азайту және нарықтың болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатында тиімді және транспарентті рәсімдерді ілгерілетуде сауда рәсімдерін оңайлатудың маңыздылығын **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**;

өзара сенім, транспаренттілік және сауда рәсімдерін әділ әрі өзара пайдалы оңайлату қағидаттары негізінде Тараптар арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігін **АТАП КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП**;

мыналар туралы **УАҒДАЛАСТЫ**:

1-ТАРАУ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАЛАР

1.1-бап

Еркін сауда аймағын құру

Осы құжат арқылы осы Келісімнің Тараптары 1994 жылғы ГАТТ-тың XXIV бабына сәйкес еркін сауда аймағын құрады.

1.2-бап

Мақсаттары

Осы Келісімнің мақсаты осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптардың арасындағы сауданы ырықтандыру және оған жәрдемдесу болып табылады.

1.3-бап

Жалпы қолданылатын анықтамалар

Егер өзгеше көзделмесе, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

"Демпингке қарсы келісім" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған 1994 жылғы Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісімнің VI бабын қолдану жөніндегі келісім;

"кедендік баж" тауарлардың импорты кезінде алынатын кез келген бажды және (немесе) кез келген түрдегі төлемді қамтиды, бірақ мыналарды қамтымайды:

(a) 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабының 2-тармағына сәйкес алынатын ішкі салыққа баламалы төлем;

(b) көрсетілген қызметтердің құнына мөлшерлес импортпен байланысты алым және (немесе) басқа төлем; және (немесе)

(c) осы Келісімнің "Сауданы қорғау шаралары" деген 3-тарауына сәйкес алынатын баж;

"күн" – демалыс және мерекелік күндерді қоса алғанда, күнтізбелік күн;

"Еуразиялық экономикалық комиссия" – 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – "ЕАЭО туралы шарт" деп аталады) сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы;

"1994 жылғы ГАТТ" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім және оған түсіндірме ескертулер ;

"тауар (лар)" – кез келген тауар, өнім, бұйым немесе материал;

"Үйлестірілген жүйе" немесе "ҮЖ" – Интерпретациялаудың негізгі қағидаларын, Секцияларға түсіндірмелерді, Тарауларға түсіндірмелерді және Тақырыптарға түсіндірмелерді және оларға қатысты Тараптар өздерінің тиісті заңнамасында қабылдаған және іске асырған түзетулерді қоса алғанда, Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі;

"Импорттық лицензиялау жөніндегі келісім" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Импорттық лицензиялау рәсімдері жөніндегі келісім;

"шара" – заң, нормативтік акт, қағида, рәсімдер, шешімдер, әкімшілік іс-әрекет, қалыптасқан практика нысанындағы немесе кез келген өзге де нысандағы:

(a) орталық, өңірлік және жергілікті билік органдары; және

(b) орталық, өңірлік немесе жергілікті билік органдары берген өкілеттіктерді орындау үшін үкіметтік емес органдар қабылдайтын шараларды қамтитын Тараптың кез келген шарасы;

"шығарылған жері" деген сөз 4-тарауда (Шығарылған жерін айқындау қағидалары) белгіленген шығарылған жерінің қағидаларына сәйкестікті білдіреді;

"Тараптар" бір тараптан ЕАЭО туралы шартта белгіленген құзыреті шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақты және (немесе) оған мүше мемлекеттерді және екінші тараптан Сингапурды білдіреді;

"Тұлға" – жеке немесе заңды тұлға;

"Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісім" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісім;

"СӨШ келісімі" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Субсидиялар мен өтемақы шаралары жөніндегі келісім;

"СФС келісімі" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісім;

"СТК келісімі" – ДСҰ келісіміне 1А қосымшада қамтылған Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісім;

"ЗМҚСА келісімі" – ДСҰ келісіміне 1С қосымшада қамтылған Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім;

"ДСҰ келісімі" – 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімі; және

"ДСҰ" – Дүниежүзілік сауда ұйымы.

2-ТАРАУ НАРЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

2.1-бап

Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін:

"консулдық операциялар" коммерциялық шоттарға арналған консулдық шоттарды немесе консулдық визаларды, шығарылған жерінің сертификаттарын, манифестерді, жүк жөнелтушілердің экспорттық декларацияларын немесе импорт үшін қажетті кез келген басқа да кедендік құжаттарды алу мақсатында екінші Тараптың аумағына экспорттауға арналған бір Тараптың тауарларының бірінші кезекте экспорттаушы Тараптың аумағындағы импорттаушы Тараптың консулына бақылау үшін ұсынылуға тиіс екендігі туралы талапты білдіреді;

"импорттық лицензиялау" импорттаушы Тараптың кедендік аумағына әкелу үшін алдын ала қойылған талап ретінде өтінішті немесе басқа құжаттаманы (кедендік мақсаттар үшін талап етілетіннен өзгеше) тиісті әкімшілік органға ұсынуды қамтитын, импорттық лицензиялауды жүзеге асыру үшін қолданылатын әкімшілік рәсімдерді білдіреді;

2.2-бап

Қамту

Осы тарау Тараптар арасындағы тауарлар саудасына қолданылады.

2.3-бап

Барынша қолайлылық режимі

1. 1994 жылғы ГАТТ-тың I бабы, сондай-ақ кез келген ерекше жағдайлар, алып қоюлар мен ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатын, 1994 жылғы ГАТТ-тың I бабында баяндалған режимді беру міндеттемесінен босатулар осы Келісімге енгізілген және оның бөлігі болып табылады.

2. Неғұрлым түсінікті болу үшін 1-тармақта аталғанның ешбірі де мына сипаттамалардың кез келгеніне сәйкес болған кезде бірінші Тарап осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын кез келген өзге тарапқа:

(a) шекара маңындағы сауданы оңайлату мақсатында шектес елдерге;

(b) кеден одағының, еркін сауда аймағының және (немесе) өңірлік экономикалық ұйымға қатысушыларға және (немесе) 1994 жылғы ГАТТ-тың XXIV бабының ережелеріне сәйкес келетін, бірінші Тарап қатысушысы болып табылатын кез келген басқа өңірлік сауда келісімдеріне қатысушыларға; және (немесе)

(c) 1994 жылғы ГАТТ-ке, БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясы шеңберінде Тарифтік преференциялардың жалпы жүйесіне сәйкес және (немесе)

Тараптардың осы мәселелер жөніндегі заңнамасына сәйкес дамушы және неғұрлым аз дамыған елдерге беретін барынша қолайлылық режимі негізінде Тарапты басқа Тарапқа басымдық, қолайлылық, артықшылық және (немесе) иммунитет беруге міндеттемейді.

2.4-бап

Ұлттық режим

Әрбір Тарап 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабына сәйкес басқа Тараптың тауарларына ұлттық режим береді және осыған байланысты 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабы, сондай-ақ кез келген ерекше жағдайлар, алып қоюлар және 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабында баяндалған режимді беру міндеттемесінен босатулар осы Келісімге енгізілген және оның бөлігі болып табылады.

2.5-бап

Тауарларды сыныптау

1. Тараптар арасындағы саудада тауарларды сыныптау ҮЖ-ге сәйкес әрбір Тараптың тиісті тарифтік номенклатурасымен реттеледі.

2. Әрбір Тарап өзінің тауар номенклатурасына енгізілетін кез келген өзгерістің осы 2-1-қосымшаға (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) сәйкес белгіленген тарифтік міндеттемелерге нұқсан келтірмей жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына және Сингапурдың Тауар сыныптауына, кедендік және акциздік баждарына мұндай өзгерістерді тиісінше Еуразиялық экономикалық комиссия мен Сингапур жүзеге асыруға тиіс.

2.6-бап

Кедендік баждарды төмендету және олардың күшін жою

1. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, әрбір Тарап осы Келісімге 2-1-қосымшадағы (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) өзінің тарифтік міндеттемелер тізбесіне сәйкес басқа Тараптың шығарылатын тауарларына кедендік баждарды төмендетеді және (немесе) олардың күшін жояды.

2. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, Тараптардың ешқайсысы да, егер бұл 2-1-қосымшадағы (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) тарифтік міндеттемелердің тізбесіне сәйкес айқындалған кедендік баж мөлшерлемесі деңгейінің ұлғаюына алып келетін болса, шығарылатын тауарларға бұрыннан бар кедендік баждарды ұлғайтпайды және (немесе) жаңа кедендік баждар белгілей алмайды.

3. Тараптар 2-1-қосымшада (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) көзделген өзінің тарифтік міндеттемелер тізбесіне сәйкес кез келген сәтте басқа Тараптың аумағынан шығарылатын тауарларға кедендік баждарды төмендетуді және (немесе) оның күшін жоюды біржақты тәртіппен жеделдете алады. Бұл ереже мұндай Тарапқа біржақты

төмендетудің ізінше кедендік бажды 2-1-қосымшадағы (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) өзінің тарифтік міндеттемелер тізбесінде тиісті жылға белгіленген деңгейге дейін көтеруге кедергі келтірмейді. Кедендік бажды осылай төмендету, күшін жою және (немесе) көтеру мүмкіндігін қарастырушы Тарап кедендік баждардың жаңа мөлшерлемелері күшіне енгенге дейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде басқа Тарапқа жазбаша нысанда хабарлауға тиіс. Мұндай хабарламалармен алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Сингапур арасында болады.

4. Егер Келісім күшіне енгеннен кейін кез келген сәтте Тарап барынша қолайлылық режимі шарттарында қолданылатын кедендік баж мөлшерлемесін төмендететін болса, онда баждың мұндай мөлшерлемесі 2-1-қосымшадағы (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) өзінің тарифтік міндеттемелер тізбесіне сәйкес ол кедендік баж мөлшерлемесінен төмен болған жағдайда және солай болғанға дейін қолданылады.

2.7-бап

Жөндеуден және (немесе) жөнге келтіруден кейін әкелінетін азаматтық ұшақтар

1. Тараптардың ешқайсысы да жөндеу жүргізу және (немесе) жөнге келтіру мақсаттары үшін басқа Тараптың аумағынан өз аумағына осындай Тараптың заңнамасына сәйкес уақытша әкелінетін, олардың шығарылған жеріне қарамастан, 8802 20, 8802 30 және 8802 40 ҮЖ позицияларында сыныпталатын азаматтық ұшақтарға қатысты кедендік баждар алмайды.

2. Тараптардың ешқайсысы да жөндеу жүргізу және (немесе) жөнге келтіру мақсаттары үшін бұрын әкетілген басқа Тараптың аумағынан өз аумағына осындай Тараптың заңнамасына сәйкес кері әкелінетін, 8802 20, 8802 30 және 8802 40 ҮЖ позицияларында сыныпталатын азаматтық ұшақтарды жөндеу операцияларының құнынан (ол осындай жөндеу процесінде пайдаланылған тауарлардың құнын да қамти алады) кедендік баждар алмайды. Осы тармақтың ережелері көрсетілген азаматтық ұшақтардың шығарылған жеріне қарамастан, сондай-ақ жөндеу жүргізу және (немесе) жөнге келтіру мақсаттары үшін осындай азаматтық ұшақтар аумағынан әкетілген Тараптың аумағында жөндеу және (немесе) жөнге келтіру жөніндегі мұндай операциялардың жасалуы мүмкін болған-болмағанына қарамастан қолданылады.

3. 2-тармақтың ережелерін қолдану шарттары:

(а) тауарларға жөндеу жүргізу және (немесе) жөнге келтіру мақсаттары үшін бұрын әкетілген басқа Тараптың аумағынан Тараптың аумағына әкету кезінен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей қайтару;

(б) тауарларды Тараптың аумағына кері әкелген кезде оларды әкеткен кезде пайдаланылған идентификаттау тәсілі (тәсілдері) бойынша идентификаттау мүмкіндігі болып табылады.

4. Осы баптың мақсаттары үшін жөндеу және (немесе) жөнге келтіру операциялары нәтижесінде:

(a) тауардың негізгі сапалық сипаттамалары өзгертін және (немесе) жаңа немесе коммерциялық тұрғыдан өзге тауар жасалатын; және (немесе)

(b) жасалуы аяқталмаған тауардың дайын тауар ретінде қайта өзгеруі болатын операцияларды және (немесе) процестерді қамтымайды.

2.8-бап

Жөндеуден және (немесе) жөнге келтіруден кейін әкелінетін азаматтық ұшақтарға арналған қозғалтқыштар, қосалқы бөлшектер және жабдықтар

1. Жөндеу және (немесе) жөнге келтіру үшін басқа Тараптың аумағына әкетілгеннен кейін өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптың аумағына кері әкелінетін азаматтық ұшақтарға арналған қозғалтқыштарға, қосалқы бөлшектерге және жабдықтарға салынатын кез келген кедендік баждарға қатысты осындай кедендік баждарды алатын Тарап басқа Тараптың аумағынан қайтарылатын тауарларға осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын өзге тараптың аумағынан қайтарылатын тауарларға қарағанда қолайлылығы кем емес режим береді.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта аталған өзінің қолданылатын заңнамасы туралы осы Келісім күшіне енген күннен бастап алпыс (60) күн мерзімде екінші Тарапқа хабар береді. Тараптар осындай қолданылатын заңнаманың кез келген өзгерістері туралы бір-біріне жедел хабар беріп отырады.

2.9-бап

Әкелу мен әкетуге байланысты төлемдер мен шарттылықтар

1. 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабы, сондай-ақ кез келген ерекше жағдайлар, алып қоюлар және ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатын, 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабында баяндалған режимді беру міндеттемесінен босатудан бас тартулар осы Келісімге енгізілген және оның бір бөлігі болып табылады.

2. Әрбір Тарап өзінің құзыретті органдарының әкелу мен әкетуге байланысты өзі қолданатын төлемдер мен алымдар туралы ақпаратты өздерінің ресми интернет-сайттарында орналастыруын қамтамасыз етеді.

3. Тараптар басқа Тараптың кез келген тауарын әкелуге байланысты консулдық операцияларды, оның ішінде сонымен байланысты алымдар мен төлемдерді қолданбайды.

4. Тараптардың ешқайсысы да көрсетілген қызметтердің шамаланған құнынан асып түсетіндей және өзгеше түрде 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабына сәйкес келмейтіндей, әкелуге немесе әкетуге байланысты төлемдер мен алымдарды адвалорлық негізде ала алмайды.

5. Әрбір Тарап алымдар мен төлемдердің саны мен әртүрлілігін азайту мақсатында қолданылатын алымдар мен төлемдерді іс жүзінде мүмкін болатын жерде мезгіл-мезгіл қайтадан қарап отырады.

2.10-бап

Импорттық және экспорттық шектеулер

1. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, Тараптардың ешқайсысы да басқа Тараптың қандай да бір тауарларының импортына және (немесе) басқа Тараптың аумағына арналған қандай да бір тауарлардың экспортына тыйым салуларды және (немесе) шектеулерді қоса алғанда, ДСҰ-дағы өз міндеттемелерінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, сандық шектеулерді белгілей және (немесе) сақтай алмайды және осыған байланысты, 1994 жылғы ГАТТ-тың XI бабы осы Келісімге енгізілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Әрбір Тарап 1-тармаққа сәйкес рұқсат етілген кез келген сандық шектеулердің ашықтығын қамтамасыз етеді және ешбір осыған ұқсас шаралардың Тараптар арасындағы саудаға шамадан тыс кедергі келтіретіндей мақсатта немесе сондай салдарларда әзірленбеуін, қабылданбауын немесе қолданылмауын қамтамасыз етеді.

2.11-бап

Импорттық лицензиялау

1. Әрбір Тарап Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімнің 1–3-баптарында айқындалған өзінің импортты лицензиялау рәсімдерінің ашық әрі болжамды түрде орындалуын және Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімге сәйкес қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімнің 1-бабының 4-тармағына сәйкес импортты лицензиялау рәсімдеріне қатысты өз қағидаларының және ақпараттың жариялануын қамтамасыз етеді. Импортты лицензиялау рәсімін енгізетін және (немесе) мұндай рәсімдерді өзгертетін Тарап бұл туралы екінші Тарапты жарияланған кезінен бастап алпыс (60) күннен кешіктірмей хабардар етуге тиіс. Мұндай хабарламалар Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімнің 5-бабының 2 және 3-тармақтарында айқындалған ақпаратты қамтуға тиіс. Мұндай ақпарат әрбір Тараптың осы мақсаттар үшін тағайындалған байланыс пункті арқылы берілуге тиіс.

3. Импортты лицензиялау рәсімдерін өзгертуге қатысты кез келген ақпарат осындай жаңа рәсімдер және (немесе) қолданыстағы рәсімдердің өзгерістері күшіне енген күнге дейін көпшілікке қолжетімді болуға тиіс.

4. Әрбір Тарап алпыс (60) күннен аспайтын мерзімде импортты лицензиялау қағидаларына қатысты және жүгінуге болатын әкімшілік орган(дар)ға, тұлғалардың, фирмалар мен мекемелердің импорттық лицензияға өтінім беру құқығын қоса алғанда, осындай өтінім беру рәсімдеріне қатысты басқа Тараптың негізделген сұрау салуына жауапты және лицензиялау талабы қолданылатын тауарлардың тізімін ұсынады.

5. Импорттық лицензиялаудың бұрыннан бар рәсіміне қатысты 2-тармақтың шарттары, егер Тарап:

(а) Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімнің 4-бабына сәйкес бекітілген Импортты лицензиялау жөніндегі комитет осы келісімнің 5-бабының 2-тармағында көрсетілген ақпаратпен бірге осы рәсім туралы хабардар етсе; және (немесе)

(б) осы Келісім күшіне енгенге дейін Импорттық лицензиялау жөніндегі келісімнің 7-бабының 3-тармағында сипатталған импортты лицензиялау рәсімдері туралы жыл сайынғы сауалдарға өзінің неғұрлым кеш берген жауабында осы рәсімге қатысты ақпаратты Импортты лицензиялау жөніндегі комитетке ұсынса, орындалды деп есептеледі.

2.12-бап

Тауарлар саудасы жөніндегі кіші комитет

1. Осы арқылы Тараптар әрбір Тарап өкілдерін қамтитын Тауарлар саудасы жөніндегі кіші комитетті (бұдан әрі "Тауарлар жөніндегі кіші комитет" деп аталады) құрады.

2. Тауарлар жөніндегі кіші комитет осы тарау шеңберінде туындайтын кез келген мәселелерді қарау үшін Тараптардың өзара шешімі бойынша кез келген уақытта жиналады. Кездесулерді өткізу орны мен тәсілі Тараптардың бірлескен шешімімен айқындалады.

3. Тауарлар жөніндегі кіші комитет мынадай функцияларды атқарады:

(а) осы тарау ережелерінің орындалуына және қолданылуына шолу жасайды және мониторинг жүргізеді;

(б) кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша осы тараудың ережелеріне кез келген түзетуді және (немесе) 2.6-баптың (Кедендік баждарды төмендету және олардың күшін жою) 1-тармағында көзделген тарифтік міндеттемелердің өзгерістерін қарайды және сосын Бірлескен комитетке тиісті ұсынымдарды береді;

(с) қажеттігіне қарай және басқа Тараптың сұрау салуы бойынша осы Келісім бойынша Тараптардың әрқайсысының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мақсатында ҮЖ өзгерістерінің қорытындысы бойынша тауар номенклатурасына өзгерістерді қарайды;

(д) осы тараудың қолданылуына байланысты туындауы мүмкін проблемаларды шешуге бағытталған шараларға қатысты Бірлескен комитет үшін ұсынымдарды айқындайды және әзірлейді;

(е) осы тарауды қолдануға байланысты кез келген басқа мәселелерді қарау нәтижелерін Бірлескен комитетке береді.

4. Тауарлар жөніндегі кіші комитет қажет болған кезде осы кіші комитеттерге қатысы бар мәселелерді қарау кезінде осы Келісімге сәйкес құрылған басқа кіші комитеттермен консультация жүргізеді.

2.13-бап

***Ad hoc* консультациялар**

1. Әрбір Тарап осы тараудың қолданылу аясына жататын кез келген мәселе бойынша Тараптар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдету үшін тауарлар саудасы мәселелері жөніндегі байланыс пунктін тағайындайды.

2. Тарап 1-тармақта көрсетілген байланыс пунктін арқылы басқа Тарапқа сұрау салу жіберу жолымен осы Тарау шеңберінде туындайтын кез келген мәселе бойынша *ad hoc* консультацияларын жүргізу жөнінде сұрау сала алады. Сұрау салуда сұрау салу себептері, оның ішінде Тараптың алаңдаушылығының сипаттамасы және алаңдаушылық қатысты болып отырған осы тараудың ережелеріне нұсқау жасалады.

3. Тарап 2-тармақта көрсетілген сұрау салуды алған кезден бастап қырық бес (45) күн ішінде жауап беруге тиіс. Тараптар жауап алынған кезден бастап отыз (30) күн ішінде сұрау салуда көрсетілген мәселені бетпе-бет отырып немесе электрондық құралдардың көмегімен талқылауға тиіс. Егер Тараптар бетпе-бет кездесуге шешім қабылдаса, онда кездесу орны Тараптардың бірлескен шешімімен айқындалады.

4. *Ad hoc* консультациялары осы бапқа сәйкес құпия болып табылады және Тараптардың ешқайсысының құқықтарына, 14-тарауда (Дауларды шешу) көзделген дауды реттеу жөніндегі процеске немесе талқылау нәтижелеріне нұқсан келтірмейді.

2-1-ҚОСЫМША

ТАРИФТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТІЗБЕЛЕРІ

2-1-1 (ЕАЭО тарифтік міндеттемелерінің тізбесі) және 2-1-2-қосымшалар (Сингапур тарифтік міндеттемелерінің тізбесі) осы Қосымшаның ажырамас бөлігі болып табылады және жеке қосымшада ұсынылған.

3-ТАРАУ САУДАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ А бөлімі: Жалпы ережелер

3.1-бап

Жалпы ережелер

1. Егер осы тараудың ережелерінде өзгеше көзделмесе, Тараптар 1994 жылғы ГАТТ-тың VI және XIX баптарына, Демпингке қарсы келісімге, СӨШ келісіміне және Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімге сәйкес демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолданады.

2. Демпингке қарсы және арнайы қорғау тергеп-тексерулерін және қайтадан тергеп-тексеруді қоса алғанда, кез келген кейінгі рәсімдерді жүргізу мақсаттары үшін Сингапур ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді жалпы ЕАЭО ретінде емес, жеке-жеке қарайды және тұтастай алғанда ЕАЭО-дан шығарылатын импортқа демпингке қарсы және арнайы қорғау шараларын қолданбайды. Өтемақы тергеп-тексерулерін және қайтадан тергеп-тексеруді қоса алғанда, кез келген кейінгі өтемақы рәсімдерін жүргізу мақсаттары үшін Сингапур ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді жеке-жеке қарайды және ЕАЭО деңгейінде ЕАЭО-ға барлық мүше мемлекеттен өндірушілер үшін берілген және СӨШ келісімінің 2-бабының түсінігінде өзіндік ерекшелігі болып табылатын, 1994

жылғы ГАТТ-тың XVI бабының және СӨШ келісімінің 1-бабының түсінігінде субсидиялар болған жағдайларды қоспағанда, тұтастай алғанда ЕАЭО-дан импортқа өтемақы шараларын қолданбайды.

3. А және В бөлімдерінің мақсаттары үшін тауарлардың шығарылған жері Тараптар тауарларының шығарылған жерін айқындаудың преференциялық емес қағидаларына сәйкес айқындалады.

3.2-бап

Ақпарат алмасу

1. Осы тараудың қолданылу аясына жататын мәселелер бойынша Тараптар арасында ақпарат пен құжаттарды ресми алмасу тергеп-тексеруді жүргізетін органдарының және (немесе) Тараптардың өзге де құзыретті органдарының арасында жүзеге асырылады.

2. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап отыз (30) күн ішінде Тараптар тергеп-тексеру жүргізетін органдардың және (немесе) өзге де құзыретті органдардың атаулары мен байланыс деректері туралы ақпарат алмасады. Тараптар тергеп-тексеру жүргізетін органдардың және (немесе) өзге де құзыретті органдардың өзгергені туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3. Арнайы қорғау тергеп-тексеруін жүргізетін Тарап Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімнің 12-бабының 1-тармағына сәйкес ДСҰ-ның Арнайы қорғау шаралары жөніндегі комитетіне жіберілетін нотификациялардың электрондық көшірмесін екінші Тарапқа береді.

В бөлімі: Демпингке қарсы және өтемақы шаралары

3.3-бап

Демпингке қарсы шаралар

1. Демпингке қарсы тергеп-тексерулерді және қайтадан тергеп-тексеруді қоса алғанда, кез келген кейінгі демпингке қарсы рәсімдерді жүргізу мақсаттары үшін Тараптардың ешқайсысы да Демпингке қарсы келісімнің 2-бабының 7-тармағына және (немесе) 1994 жылғы ГАТТ-қа I қосымшада қамтылған 1994 жылғы ГАТТ-тың VI бабының 1-тармағына екінші Қосымша ережеге сәйкес суррогат елдің деректеріне толық және (немесе) ішінара негізделген, экспорттаушы Тараптың ішкі нарығында тұтынуға арналған ұқсас тауарлардың қалыпты құнын айқындау әдістемелерін қолданбайды.

2. Демпингке қарсы тергеп-тексерулерді және қайтадан тергеп-тексеруді қоса алғанда, кез келген кейінгі демпингке қарсы рәсімдерді жүргізу мақсаттары үшін Тараптардың ешқайсысы да өзіне экспорттаушы Тараптың ішкі нарығында тұтынуға арналған ұқсас тауарды өндірушілердің және (немесе) экспорттаушылардың шығасылары туралы деректерді ескермеуге және (немесе) түзетуге мүмкіндік беретін

қандай да бір әдістемелерді, тергеп-тексеру жүргізетін орган өндіріс факторлары нарықтарының жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты:

(а) ұқсас тауар нарығында ерекше нарықтық жағдай орын алып отыр; және (немесе)

(б) құжаттар осы экспорттаушылар және (немесе) өндірушілер іс жүзінде шеккен шығындарға жеткілікті көлемде және тиісті түрде сәйкес келген немесе сол шығындарды қалпына келтірілген жағдайда, тергеп-тексеру объектісі – тауарды өндірушілердің және (немесе) экспорттаушылардың құжаттарында тіркелген шығасылар тергеп-тексеру объектісін – тауарды өндіруге және сатуға байланысты шығасыларды ақылға қонымды дәрежеде көрсетпей отыр деген қорытындыға келетін жағдайларда пайдаланбайды.

3.4-бап

Демпингке қарсы және өтемақы тергеп-тексерулеріне жататын рәсімдер

1. Егер тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында сауалға жауап берген тұлға берген және демпингтік маржаны немесе берілген субсидия мөлшерін есептеуге жататын ақпаратты тексеру мақсатында көшпелі іс-шара өткізу туралы шешім қабылдаса, тергеп-тексеру жүргізетін орган сауалға жауап берген тұлғаны өз ниеті туралы дереу хабардар етеді және:

(а) сауалға жауап берген тұлғаны он төрт (14) күннен кешіктірмей органның тексеру сапарын жүргізуге ниет еткен күні туралы хабардар етеді;

(б) тексеру сапары басталғанға дейін он (10) күннен кешіктірмей сауалға жауап берген тұлға тексеру сапары барысында талқылауға әзір болуға тиіс тақырыптар баяндалған, сондай-ақ тексеру үшін ұсынылуға тиіс қосымша құжаттардың түрлері санамаланатын құжатты сауалға жауап берген тұлғаға береді; және

(с) тексеру сапары аяқталғаннан кейін, сондай-ақ құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды ескере отырып, сауалға жауап берген тұлға ұсынған деректердің сапар барысында тексерілген құжаттармен қандай дәрежеде расталғаны туралы ақпаратты ашады. Өзіне қатысты тексеру сапары жүргізілген, сауалға жауап берген тұлға өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін мерзімде тексеру сапарының нәтижелері туралы хабардар болуға тиіс.

2. Тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы әрбір тергеп-тексеру мен қайта тергеп-тексеру үшін деректеме жүргізеді, ол:

(а) тергеп-тексеру немесе қайта тергеп-тексеру деректемесінің бір бөлігін құрайтын барлық құпия емес құжаттарды; және

(б) құпия ақпаратты ашпай мүмкін болатындай дәрежедегі әрбір тергеп-тексеру және (немесе) қайта тергеп-тексеру деректемесінде қамтылған құпия ақпараттың құпия емес нұсқасын қамтиды.

3. Тергеп-тексеру немесе қайта тергеп-тексеру деректемесінде қамтылған барлық құжаттар Тараптардың заңнамасында көзделген рәсімдер ескеріле отырып, тергеп-тексеру жүргізетін органдардың әдеттегі жұмыс уақытында көру және көшіру

үшін мүдделі тұлғаларға нақты қолжетімді болуға және (немесе) жүктеу үшін электрондық түрде қолжетімді болуға тиіс.

4. Егер басқа Тараптан импорттауға байланысты демпингке қарсы немесе өтемақы тергеп-тексеруі шеңберінде тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органдары ақпаратты сұратуға уақтылы жауап беру, мүдделі тұлға барынша мүмкін болатындай түрде әрекет еткен жағдайда барлық жағынан алғанда мінсіз болып табылмайтынын айқындаса, тергеп-тексеру жүргізетін органдар практикалық тұрғыдан мүмкін болатындай шамада демпингке қарсы немесе өтемақы тергеп-тексерулерін аяқтау үшін көзделген мерзімдерді ескере отырып, ақпаратты кері қайтармай тұрып, тергеп-тексеру мақсаттары үшін неғұрлым толық ақпарат алуға тырысуға, оның ішінде, талап етілген кезде, Демпингке қарсы келісім мен СӨШ келісімінің ережелеріне сәйкес неғұрлым егжей-тегжейлі және дұрыс жауап беру үшін мерзімді ақылға қонымды түрде ұзартуды ұсынуға тиіс. Егер осы мүдделі тарап қосымша ақпарат берсе және тергеп-тексеру жүргізетін органдар жауапты қанағаттанарлық емес және (немесе) жауап қолданылатын мерзім ішінде ұсынылмады деп есептесе және егер тергеп-тексеру жүргізетін органдар бастапқы және кейінгі жауапты толық немесе ішінара ескермесе, органдар қорытындыда және (немесе) өзге құжатта осы ақпаратты есепке алудан бас тарту үшін себептерді жазбаша түрде түсіндіреді.

3.5-бап

Хабарламалар мен консультациялар

1. Тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы екінші Тараптан келетін импортқа қатысты демпингке қарсы шара қолдану туралы тиісті түрде ресімделген өтінішті алғаннан кейін осы тергеп-тексеру жүргізу басталғанға дейін он бес (15) күннен кешіктірмей Тарап екінші Тарапқа өтінішті алғаны туралы хабарламаны жазбаша нысанда жібереді, ол:

- (a) тауардың сипаттамасын;
- (b) сол арқылы тауар импортталатын кедендік номенклатураның кодын;
- (c) өтініште көрсетілген тауарды экспорттаушылар мен экспорттаушы елдер туралы мәліметтерді;
- (d) тергеп-тексеру жүргізетін органның атауы мен мекенжайын қамтиды.

2. Тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы екінші Тараптан келетін импортқа қатысты өтемақы шарасын қолдану туралы тиісті түрде ресімделген өтінішті алғаннан кейін осы тергеп-тексеруді жүргізу басталғанға дейін он бес (15) күннен кешіктірмей Тарап екінші Тарапқа өтінішті алғаны туралы хабарламаны жазбаша нысанда жібереді және екінші Тарапқа осы өтінішті талқылау үшін консультация жүргізуді ұсынады.

3.6-бап

Нөлге түсіруге тыйым салу

Демпингке қарсы маржа Демпингке қарсы келісімнің 2-бабына, 9-бабының 3 және 5-тармақтарына және 11-бабына сәйкес белгіленген, айқындалған немесе қайта қаралған кезде, оң болсын немесе теріс болсын әрбір жеке-дара маржа орташа өлшемді деректерді салыстырып тексеру немесе жеке-дара мәмілелер бойынша деректерді салыстырып тексеру кезінде орташа мәнді айқындаған кезде ескерілуге тиіс. Орташа өлшемді деректерді жеке-дара мәмілелер бойынша деректермен салыстырып тексеру кезінде теріс маржа Демпингке қарсы келісімнің 2-бабы 4.2-тармақшасының ережелеріне қайшы келетін тәсілмен жүйелі түрде алып тасталмауға тиіс.

3.7-бап

Құпия ақпаратпен жұмыс істеу

Тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы құпия ақпарат беретін мүдделі тұлғалардан Демпингке қарсы келісімнің 6-бабының 5.1-тармақшасында аталған осы ақпараттың құпия емес нұсқасын да ұсынуды талап етуге тиіс. Бұл құпия емес нұсқа құпия түрде ұсынылған ақпараттың мәнін ақылға қонымды түрде түсінуді қамтамасыз ету үшін және басқа да мүдделі тұлғалардың тергеп-тексеру барысында оны түсіндіру және өз мүдделерін қорғау мүмкіндігінің болуына мүмкіндік беру үшін жеткілікті шамада толық болуға тиіс.

3.8-бап

Негізгі фактілерді ашу

Тергеп-тексеру жүргізетін органдар түпкілікті қорытынды шығарылғанға дейін барлық мүдделі тұлғаларға түпкілікті шаралар қолдану туралы шешімнің негізінде жатқан негізгі фактілер туралы ақпарат беруге тиіс. Құпия ақпаратты қорғау талаптарын ескере отырып тергеп-тексеру жүргізетін органдар негізгі фактілерді ашу үшін кез келген ақылға қонымды құралдарды, оның ішінде деректемеде қамтылған мәліметтер қысқаша жазылған баяндаманы, баяндама жобасын және (немесе) алдын ала қорытындыны және (немесе) осы баяндамалардың және (немесе) қорытындылардың қандай да бір үйлесімін пайдалана алады, олар мүдделі тұлғаларға негізгі фактілердің ашылуын түсіндіру мүмкіндігін береді.

3.9-бап

Баға міндеттемелері

1. Егер демпингке қарсы тергеп-тексеру барысында тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы демпингтік импорттың және оған негізделген залалдың бар екендігі туралы алдын ала қорытынды шығарса, Тарап екінші Тараптың экспорттаушыларына ұсынылған баға міндеттемелеріне қатысты консультациялар жүргізуге мүмкіндік

береді, мақұлданған жағдайда олар Тараптың заңнамасы мен рәсімдеріне сәйкес демпингке қарсы баждарды енгізбестен тергеп-тексеруді аяқтауға немесе тоқтата тұруға алып келуі мүмкін.

2. Егер өтемақылық тергеп-тексеру барысында тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы субсидияланатын импорттың және оған негізделген залалдың бар екендігі туралы алдын ала қорытынды шығарса, Тарап екінші Тараптың экспорттаушыларына ұсынылған баға міндеттемелеріне қатысты консультациялар жүргізуге мүмкіндік береді, мақұлданған жағдайда олар Тараптың заңнамасы мен рәсімдеріне сәйкес өтемақы баждарын енгізбей тергеп-тексеруді аяқтауға немесе тоқтата тұруға алып келуі мүмкін.

3.10-бап

Шараның қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты қайта тергеп-тексеру

Тарап Демпингке қарсы келісімнің 11-бабының 3-тармағында көзделген қайтадан тергеп-тексеруге демпингке қарсы баждар енгізілген күннен кейінгі бес жылдық кезең немесе оның шеңберінде демпинг те, залал да талданған демпингке қарсы бажды алдыңғы қайта қараудан кейін демпингке қарсы бажды ұзарту туралы шешім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде үш (3) айдан кешіктірмей бастамашылық жасайды. Қайта тергеп-тексеру басталған күннен бастап он екі (12) ай ішінде аяқталуға тиіс.

3.11-бап

Тоқтатылғаннан кейін тергеп-тексеру жүргізуге тыйым салу

Егер екінші Тараптан келетін тауарларға қатысты демпингке қарсы тергеп-тексеру теріс түпкілікті қорытындымен тоқтатылса, тергеп-тексеру басталғанға дейін жүргізілген талдау өзгерген мән-жайлардың бар екенін көрсететін жағдайды қоспағанда, импорттаушы Тарап алдыңғы тергеп-тексеру тоқтатылған күннен бастап бір (1) жыл ішінде сол тауарларға қатысты тергеп-тексеруді бастауға тиіс емес.

3.12-бап

Қайта тергеп-тексеру шеңберінде қолданылатын ең төменгі жол берілетін демпингтік маржа стандарты

1. Демпингке қарсы келісімнің 11-бабының 2-тармағына сәйкес оған қатысты қайта тергеп-тексеру жүргізілетін шара, егер демпингтік маржаның Демпингке қарсы келісімнің 5-бабының 8-тармағында көзделген ең төменгі жол берілетін демпингтік маржадан төмен екені анықталса, қолданылуын тоқтатуға тиіс.

2. Демпингке қарсы келісімнің 9-бабының 5-тармағына сәйкес экспорттаушыларға немесе өндірушілерге қатысты жеке-дара маржа анықталған кезде, егер демпингтік маржаның Демпингке қарсы келісімнің 5-бабының 8-тармағында көзделген ең төменгі жол берілетін демпингтік маржадан төмен екені анықталса, экспорттаушы Тарапта баж енгізілмейді.

С бөлімі: Екіжақты қорғау шаралары

3.13-бап

Анықтамалар

Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

"экономика саласы" Тарап аумағындағы барлық ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар өндірушілерді және (немесе) үлесі ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар өндірісінің жалпы көлемінде елеулі бөлікті құрайтын өндірушілерді білдіреді;

"елеулі залал" экономика саласы жағдайының айтарлықтай жалпы нашарлауын білдіреді;

"елеулі залал келтіру қатері" 3.16-баптың (Тергеп-тексеру рәсімдері және транспаренттілік талаптары) 3 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес айқындалған, сөзсіз келтірілуі мүмкін елеулі залалды білдіреді. Елеулі залал қатері бар екенін айқындау тұжырымдарға, болжамдарға және (немесе) ықтималдығы аз мүмкіндіктерге емес, фактілерге негізделуге тиіс;

"өтпелі кезең" нақты тауарға қатысты осы Келісім күшіне енген күннен бастап 2-1-қосымшаға (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) сәйкес осы тауарға кедендік баждың күшін жою процесі аяқталған кезден бастап жеті (7) жыл өткенге дейінгі кезеңді білдіреді; және

"екіжақты қорғау шарасы" 3.14-баптың (Екіжақты қорғау шараларын қолдану) 2-тармағында сипатталған шараны білдіреді.

3.14-бап

Екіжақты қорғау шараларын қолдану

1. Егер осы Келісімге сәйкес кедендік бажды азайту және (немесе) жою нәтижесінде бір Тараптың 2-1-қосымшада (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) көрсетілген қандай да бір шығарылатын тауарын екінші Тараптың аумағына импорттау импорттаушы Тарапта ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар өндіретін экономика саласына елеулі залалдың немесе оны келтіру қатерінің елеулі себебі болып табылатындай, өндірістің жалпы көлеміне абсолюттік көрсеткіштерде және (немесе) салыстырмалы көрсеткіштерде өскен мөлшерде және шарттармен жүзеге асырылса, онда импорттаушы Тарап өтпелі кезең ішінде осы бөлімде баяндалған шарттар мен рәсімдерге сәйкес 2-тармақта көзделген шараларды қолдана алады.

2. Импорттаушы Тарап екіжақты қорғау шарасын:

(a) 2-1-қосымшада (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) көзделген кедендік баж мөлшерлемесін қарастырып отырған тауарға қатысты одан әрі төмендетуді тоқтата тұру; немесе

(b) қарастырылып отырған тауарға қатысты кедендік баж мөлшерлемесін:

(i) шараны қолдану кезінде қолданылатын, барынша қолайлылық режиміне сәйкес келетін кедендік әкелу бажының қолданылатын мөлшерлемесінің;

(ii) 2-1-қосымшада (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) белгіленген кедендік баждың базалық мөлшерлемесінің ең төмен мөлшерлемесінен аспайтын деңгейге дейін арттыру нысанында қолдана алады.

3.15-бап

Екіжақты қорғау шараларын қолдану стандарттары

1. Тарап елеулі залалды немесе оны келтіру қатерін болғызбау немесе жою үшін, сондай-ақ экономика саласын бейімдеу процесін жеңілдету үшін қажет мерзім ішінде екіжақты қорғау шарасын қолданады. Егер Тараптың шараны қолданатын, тергеп-тексеру жүргізетін органы 3.16-бапта (Тергеп-тексеру рәсімдері және транспаренттілік талаптары) баяндалған рәсімдерге сәйкес екіжақты қорғау шарасы елеулі залалдың алдын алу немесе жою және бейімдеуді жеңілдету үшін қажетті болып қала береді деп айқындаса, осы мерзім, мерзімді бір (1) жылға ұзарту жағдайын қоспағанда, екі (2) жылдан аспауға тиіс.

2. Екіжақты қорғау шарасы осы Келісім бойынша кедендік бажды азайту немесе кедендік бажды жою процесі басталғаннан кейін алғашқы алты (6) ай ішінде қолданылмайды.

3. Бұрын қолданыста болған екіжақты қорғау шарасының қолданылу мерзімінің жартысына тең мерзім өткен жағдайларды қоспағанда, Екіжақты қорғау шарасы өтпелі кезең ішінде сол бір тауарға қатысты қайталап қолданылмайды.

4. Егер тауарға қатысты арнайы қорғау шарасы қолданылатын болса, осы тауарға қатысты екіжақты қорғау шарасы енгізілуі мүмкін емес. Егер тауарға қатысты арнайы қорғау шарасы енгізілетін болса, сол тауарға қатысты қолданылатын кез келген екіжақты қорғау шарасының қолданысы тоқтатылады.

5. Екіжақты қорғау шарасының қолданылуы аяқталған соң кедендік баждың мөлшерлемесі, егер шара енгізілмеген болса, 2-1-қосымшаға (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) сәйкес шараның қолданылуы аяқталатын күні қолданылатындай деңгейде белгіленеді.

3.16-бап

Тергеп-тексеру рәсімдері және транспаренттілік талаптары

1. Тарап екіжақты қорғау шарасын тергеп-тексеру жүргізетін Тараптың органы жүргізген тергеп-тексеруден кейін ғана қолданады. Осы тергеп-тексеру шеңберінде барлық мүдделі тұлғалар алдын ала хабардар етілуге тиіс және жария тыңдаулар немесе өзге де тиісті іс-шаралар өткізілуге тиіс, олардың барысында импорттаушылар, экспорттаушылар және басқа да мүдделі тұлғалар дәлелдемелер ұсына және өз ұстанымын білдіре алады, сондай-ақ басқа тараптардың сөйлейтін сөздеріне түсіндірме беру және өз пікірін білдіру мүмкіндігіне ие бола алады. Тергеп-тексеру жүргізетін орган маңызы бар факті мен құқықтың барлық мәселелері бойынша өз тұжырымдары мен негізделген қорытындыларын баяндай отырып, баяндама жариялайды.

2. Өз табиғаты жағынан құпия болып табылатын немесе құпия негізде берілетін кез келген ақпаратты негіздеме ұсынылғаннан кейін тергеп-тексеру жүргізетін органдар осындай ақпарат ретінде қарастыруға тиіс. Мұндай ақпарат оны берген мүдделі тұлғаның рұқсатынсыз жария етілуге жатпайды. Құпия ақпаратты берген мүдделі тұлғаларға құпия ақпараттың құпия емес нұсқасын ұсыну немесе егер олар мұндай ақпараттың құпия емес түрде жазылуы мүмкін болмауын көрсететін болса, құпия емес нұсқаның берілуі мүмкін болмауының себептерін жазып ұсынуы мүмкін. Алайда, егер тергеп-тексеру жүргізетін орган құпиялылықты сақтау туралы талапты негізделмеген деп есептесе және егер мүдделі тұлға бұл ақпаратты жария етуді не оны жалпы түрде немесе қысқартылған түрде ашуға рұқсат беруді қаламаса, тергеп-тексеру жүргізетін орган тиісті көздерден ұсынылған ақпараттың дұрыстығы жөнінде органды қанағаттандыратын растау алынған жағдайларды қоспағанда, бұл ақпаратты есепке алмауы мүмкін.

3. Өскен импорттың осы бөлімнің ережелеріне сәйкес экономика саласына елеулі залалдың немесе қатердің елеулі себебі болғанын-болмағанын айқындау мақсатында, тергеп-тексерулер жүргізетін орган сандық көрсеткіштерде көрсетілуі мүмкін және экономика саласының жағдайына, оның ішінде тергеп-тексеру объектісі болып табылатын тауар импортының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерде өсу қарқыны мен көлеміне ықпал ететін барлық объективті факторларды, тергеп-тексеру объектісі болып табылатын импорттық тауардың ішкі нарықтағы үлесін, сату көлемінің, өндірістің, өнімділіктің, өндірістік қуаттардың жүктелуінің, пайда мен шығындар мөлшерінің, сондай-ақ жұмыспен қамту деңгейінің өзгеруін бағалайды.

4. Егер тергеп-тексеру объективті деректер негізінде осы тауардың өскен импорты мен елеулі залалдың немесе елеулі залал қатерінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстың бар екенін көрсетпесе ғана 3-тармақта аталған айқындау жасалмауы мүмкін. Өскен импорттан бөлек басқа факторлар сол уақытта экономика саласына залал келтірген болса, мұндай залал өскен импортқа жатқызылмауға тиіс.

5. Әрбір Тарап тергеп-тексеру жүргізетін органдарының мұндай тергеп-тексеруді бастаған күнінен бастап тоғыз (9) ай ішінде аяқтауын қамтамасыз етеді.

3.17-бап

Нотификациялар мен консультациялар

1. Тарап:

(а) елеулі залалға немесе оның қатеріне, сондай-ақ ол үшін негізге қатысты тергеп-тексеру рәсімі басталғаннан;

(б) өскен импорт салдарынан елеулі залал немесе оның қатері анықталғаннан; және

(с) екіжақты қорғау шарасын қолдану немесе ұзарту туралы шешім қабылданғаннан кейін екінші Тарапқа дереу жазбаша хабарлама жібереді.

2. Тергеп-тексеру жүргізетін органдар 3.16-баптың (Тергеп-тексеру рәсімдері және транспаренттілік талаптары) 1-тармағының ережелеріне сәйкес тергеп-тексеру шеңберінде қаралатын мәселенің толық талдауын, сондай-ақ талданған факторлардың релеванттылығының дәлелдемелерін дереу жариялайды. Тарап екінші Тарапқа тергеп-тексеру жүргізетін орган баяндамасының құпия емес нұсқасының көшірмесін баспа түрінде және (немесе) интернет арқылы электронды түрде береді.

3. Тарап 1 (b) тармақшасына сәйкес өскен импорт салдарынан елеулі залалдың немесе оның қатерінің бар екені туралы қорытындыға келгені туралы хабардар еткен кезде, бұл Тарап хабарламаға:

(a) 2-1-қосымша (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) негізделетін ҮЖ позициясы мен қосалқы позициясын қоса алғанда, екіжақты қорғау шарасы енгізілетін тауардың толық сипаттамасын; және

(b) осы Келісімге сәйкес кедендік бажды азайту немесе жою нәтижесінде екінші Тараптан шығарылған тауардың өскен импорты салдарынан елеулі залалдың немесе оны келтіру қатерінің бар екенін анықтау үшін негіздерді енгізеді.

4. Тарап 1(c) тармақшасына сәйкес екіжақты қорғау шарасын қолдану немесе ұзарту туралы шешім қабылдағаны туралы хабардар еткен кезде, Тарап хабарламаға:

(a) 2-1-қосымша (Тарифтік міндеттемелер тізбелері) негізделетін ҮЖ позициясы мен қосалқы позициясын қоса алғанда, екіжақты қорғау шарасы енгізілетін тауардың толық сипаттамасын;

(b) екіжақты қорғау шарасының егжей-тегжейлі сипаттамасын;

(c) екіжақты қорғау шарасы енгізілетін күнді, шараның болжамды қолданылу мерзімін; және

(d) екіжақты қорғау шарасы ұзартылған жағдайда – экономиканың тиісті саласының бейімделетінінің дәлелдемелерін енгізеді.

5. Осы бөлімге сәйкес тауарларына қатысты екіжақты қорғау тергеп-тексеру жүргізілетін Тараптың сұрау салуы бойынша осы тергеп-тексеруді жүргізетін Тарап, 3 және 4-тармақтарға сәйкес ұсынылған хабарламаны немесе тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеруге байланысты жариялаған кез келген хабарламаны немесе баяндаманы талқылау үшін оларды сұрататын Тараппен консультацияларға қатысуға тиіс. Мұндай консультациялар Тараптың екіжақты қорғау тергеп-тексеруін жүргізуін қиындатпауға және мұндай тергеп-тексеруге немесе шараны енгізуге кедергі келтірмеуге тиіс.

4-ТАРАУ ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІН АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ І БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1-бап

Қолданылу аясы

Осы тарауда көзделген тауардың шығарылған жерін айқындау қағидалары осы Келісімге сәйкес преференциялық тарифтік режимді ұсыну мақсаттары үшін қолданылады.

4.2-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

"акваөсіру" өндірісті ұлғайту мақсатында, мысалы, тұрақты балық жіберу, қоректендіру немесе жыртқыштардан қорғау арқылы даму мен өсіру процестеріне әсер ету жолымен жұмыртқа, құрт шабақтар, шабақтар және дернәсілдер сияқты бастапқы материалдан су организмдерін, оның ішінде балықтарды, ұлуларды, шаян тәрізділерді, басқа су омыртқасыздарын және су өсімдіктерін өсіруді білдіреді;

"верификациялаушы орган" верификациялау бойынша рәсімдерді жүзеге асыру үшін Тарап тағайындайтын құзыретті үкіметтік органды білдіреді.

"өзара алмастырылатын тауарлар немесе материалдар" коммерциялық мақсаттар үшін өзара алмастырылатын және жоғары дәрежеде бірдей қасиеттерге ие тауарларды немесе материалдарды білдіреді;

"импорттаушы" осы тұлға тауарларды импорттайтын Тараптың аумағында тіркелген тұлғаны білдіреді;

"бірдей және теңмәнді материалдар" сол бір техникалық және физикалық сипаттамаларға ие және оларды дайын бұйымға енгізгеннен кейін шығарылған жерін айқындау мақсаттары үшін бір-бірінен ажыратуға болмайтын сол түрдегі және коммерциялық сападағы материалдарды білдіреді;

"материал" басқа тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын тауарды білдіреді;

"шығарылмайтын тауар" немесе **"шығарылмайтын материал"** осы тарауға сәйкес шығарылатын деп есептелмейтін тауарды немесе материалды білдіреді;

"бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қағидаттары" консенсус арқылы танылатын немесе белгілі бір уақытта қандай экономикалық ресурстар мен міндеттемелер активтер мен пассивтер ретінде ескерілуге тиіс, активтер мен пассивтердегі қандай өзгерістер тіркелуге тиіс, активтер мен пассивтер және ондағы өзгерістер қалай өлшенуге тиіс, қандай ақпарат және қалайша ашылуға тиіс және қандай қаржылық есептер ашылуға тиіс екендігіне қатысты елде елеулі беделді қолдау көрсетілетін нормалар ретінде түсініледі.

Бұл нормалар жалпы қолданылатын толық басшылыққа алынатын қағидаттарды, сол сияқты толық практикалық стандарттарды, практикалар мен әдістемелерді білдіруі мүмкін.

"партия" экспорттаушыдан бір жүк алушының атына бір немесе бірнеше көлік құжаттары бойынша бір мезгілде жіберілетін тауарды білдіреді;

"өндіруші" Тараптың аумағында тауарлар өндіруді жүзеге асыратын тұлғаны білдіреді;

"өндіріс" осындай тауарларды өсіруді, өндіруді, егін жинауды, молайтуды, алуды, жинауды, ұстап алуды, балық аулау мен аң аулауды, дайындауды, өңдеуді немесе құрастыруды қамтитын тауарларды алу тәсілдерін білдіреді;

"шығарылатын тауар" немесе **"шығарылатын материал"** осы тарауға сәйкес шығарылатын деп есептелуі мүмкін тауарды немесе материалды білдіреді;

"CIF жеткізу шарттарындағы құн" кеден брокерлеріне баждарды, салықтарды, алымдарды қоспағанда, фрахт құнын, сақтандыруды және портқа немесе тауарларды импорт еліне әкелінетін жерге дейін жеткізуге байланысты басқа да шығыстарды қамтитын импортталған тауардың құнын білдіреді;

"FOB жеткізу шарттарындағы құн" портқа немесе шетелге түпкілікті тиеп жөнелтілетін жерге дейін тасымалдау шығыстарын қоса алғанда, "бортта бос бағамен" шарттарындағы тауарлардың құнын білдіреді;

"қаптама материал және тиеп жөнелтуге арналған контейнер" тауар бөлшек саудада сату үшін қапталған қаптама материалын немесе контейнерді қоспағанда, тауарды тасымалдау кезінде басқа тауарды қорғау үшін пайдаланылатын тауарды білдіреді;

"уәкілетті орган" осы Келісімге сәйкес тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарды беру үшін Тарап тағайындаған құзыретті органды білдіреді;

"экспорттаушы" осы тұлға тауарларды экспорттайтын Тараптың аумағында тіркелген тұлғаны білдіреді.

4.3-бап

Тауарлардың шығарылған жерінің өлшемшарттары

Осы Тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, егер тауарлар:

(a) 4.4-бапта (Толық алынған немесе өндірілген тауарлар) көзделгендей, осындай Тарапта толық алынса немесе өндірілсе;

(b) 4.8-бапта (Шығарылған жерінің кумуляциясы) көзделгендей, бір және (немесе) одан көп Тараптың материалдарынан ғана Тарапта толық өндірілсе; және (немесе)

(c) шығарылмайтын материалдар пайдаланыла отырып Тараптың аумағында өндірілсе және 4-4-қосымшаның (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) қолданылатын талаптарын қанағаттандырса;

және тауарлар осы тараудың басқа да қолданылатын талаптарына сәйкес келсе, олар шығарылды деп танылуын әрбір Тарап қамтамасыз етеді.

4.4-бап

Толық алынған немесе өндірілген тауарлар

Әрбір Тарап 4.3-бапты (Тауарлардың шығарылған жерінің өлшемшарттары) қолдану мақсаттары үшін мынадай тауарлардың Тарапта толық алынған немесе өндірілген деп есептелуін қамтамасыз етуге тиіс:

(a) жемістерді, жидектерді, гүлдерді, көкөністерді, ағаштарды, балдырларды, саңырауқұлақтарды және онда өсірілген немесе жиналған тірі өсімдіктерді қоса алғанда, өсімдіктер мен өсімдіктен алынатын өнімдер;

(b) сол жерде төлдеген және өсірілген тірі жануарлар;

(c) сол жерде тірі жануарлардан алынған өнімдер;

(d) жинау, аң аулау, ұстап алу, балық аулау, өсіру, молайту және акваөсіру нәтижесінде алынған өнімдер;

(e) сол жерде ауадан, топырақтан, судан, теңіз түбінен немесе жер қойнауынан алынған немесе өндірілген минералдар және басқа да пайдалы қазбалар;

(f) Тарапта тіркелген, тіркелімге алынған немесе тізімге енгізілген және оның туын көтеріп жүретін кеме халықаралық құқық нормаларына сәйкес аумақтық теңіз (су) шекарасынан алған балық, ұлулар және теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімдері;

(g) Тарапта тіркелген, тіркелімге алынған немесе тізімге енгізілген және оның туын көтеріп жүретін қайта өңдеуші кемеңің бортында осы баптың

f) тармақшасында көрсетілген тауарлардан ғана алынған тауарлар;

(h) халықаралық заңнамаға сәйкес Тараптың осы теңіз түбін немесе жер қойнауын пайдалануға құқығы болған жағдайда, аумақтық теңізден тысқары жерлерде теңіз түбінен немесе жер қойнауынан Тарап өндірген балықтан, ұлулардан және басқа да теңіз өнімдерінен ерекшеленетін тауарлар;

(i) мұндай тауарлар қайта өңдеу үшін ғана жарамды болған жағдайда, Тараптың аумағында өндіру және тұтыну нәтижесінде алынған қалдықтар мен сынықтар;

(j) мұндай өнімдер қайта өңдеу үшін ғана жарамды болған жағдайда, Тараптың аумағында құрастырылған, тұтытуда болған бұйымдар;

(k) Тарапта тіркелген ғарыш кемелерінде ашық ғарыштан алынған өнімдер;

(l) Тараптың аумағында осы баптың (a) – (k) тармақшаларында көрсетілген тауарлардан ғана өндірілген немесе алынған тауарлар.

4.5-бап

Қосылған құнның үлесі

1. Осы тарауды және 4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) келтірілген шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттарын қолдану мақсаттары үшін қосылған құнның үлесін есептеу үшін мынадай формула (бұдан әрі "VAC" деп аталады) пайдаланылады:

FOB жеткізу шарттарындағы құн – шығарылмайтын материалдардың құны
_____ x 100%

FOB жеткізу шарттарындағы құн

2. 1-тармақта көрсетілген VAC-ты есептеу мақсаттары үшін мыналар:

(a) Тараптың аумағына материалдарды әкелу кезіндегі CIF жеткізу шарттарындағы құн; және (немесе)

(b) тауарды өңдеу және қайта өңдеу жүзеге асырылған Тараптың аумағында шығарылмайтын материалдар үшін төленген немесе төлеуге жататын ең ерте белгіленген баға шығарылмайтын материалдардың құны болып табылады.

3. Әрбір Тарап VAC-ты есептеу кезінде қаралған барлық шығыстардың тауарларды өңдеу және қайта өңдеу жүзеге асырылған Тараптың аумағында қолданылатын Жалпыға бірдей қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкес есепке алынуын және тіркелуін қамтамасыз етеді.

4.6-бап

Өндірісте пайдаланылған материалдардың құны

1. Тараптың аумағында тауарларды өндіруші шығарылмайтын материалдарды сатып алған кезде мұндай материалдардың құны тасымалдау, сақтандыру, қаптау шығыстарын және осы материалдарды өнім беруші орналасқан жерден өндіріс орнына дейін ішкі тасымалдауға ғана байланысты кез келген басқа да шығыстарды қамтымайды.

2. Әрбір Тарап шығарылмайтын материалдар үшін тауарлар өндіру кезінде материалдарды пайдалану нәтижесінде пайда болатын қалдықтар мен сынықтардың құны басқа мақсаттар үшін пайдалануға болатын сынықтардың немесе қалдықтардың құнынан басқа материалдар құнынан шегеріп тасталатындай етіп көздеуге тиіс.

3. Егер осы баптың 1 және 2-тармақтарында санамаланған шығыстар белгісіз болса және (немесе) түзету сомаларын құжатпен растау болмаса, онда осы нақты шығыстар үшін түзетуге жол берілмейді.

4.7-бап

Жеткіліксіз өңдеу немесе қайта өңдеу

1. Бөлек және (немесе) бір-бірімен ұштастырылып жүзеге асырылатын мына операциялар 4.3-баптың (Тауарлардың шығарылған жерінің өлшемшарттары) (b) және (c) тармақшаларының талаптарын орындау үшін жеткіліксіз деп есептеледі:

(a) тауарды сақтау немесе тасымалдау кезінде оның қалыпты жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

(b) мұздату және мұзын еріту;

(c) қаптау және қайта қаптау;

(d) жуу, тазалау, шаңын, тотығын, майын, бояуын немесе басқа жабындарын кетіру;

(e) тоқыманы үтіктеу немесе сығымдау;

(f) бояу, жалтырату, лактау, май жағу (май сіңіру);

(g) дәнділердің және күріштің қабығын аршу, ішінара немесе толығымен ағарту, жабындату мен ажарлату;

(h) қантты бояу немесе кесек қантты қалыптастыру;

(i) дәндердің қабығын аршу және дәнін шығарып алу, жемістердің, көкөністер мен жаңғақтардың қабығын алу;

- (j) ұштау, жылтылдату, тарту;
- (k) қарапайым кесу;
- (l) елеу, іріктеу, сұрыптау, сыныптау;

(m) банкілерге, флакондарға, қапшықтарға, жәшіктерге, қораптарға құю, салу, үстіңгі бетке бекіту және қаптау бойынша басқа да қарапайым операциялар;

(n) өнімге немесе оның қаптамасына сауда маркаларын, логотиптерді, заттаңбаларды және басқа да ұқсас айырым белгілерін салу немесе басу;

(o) шығарылған жері әртүрлі тауарларды араластыру, мұндай кезде дайын өнімнің сипаттамалары бастапқы құрамбөліктердің сипаттамаларынан айтарлықтай ерекшеленбейтін болады;

(p) тауарды құрастыру жөніндегі қарапайым операциялар;

(q) тауарды бөліктерге бөлшектеу; және

(r) мал сою.

2. 1-тармақты қолдану мақсаттары үшін "қарапайым" операция деп жүзеге асырылуы үшін арнайы машықты (дағдыны), осы операцияға арналған машиналарды, аспаптарды немесе арнайы жабдықты қолдану талап етілмейтін операция түсініледі.

4.8-бап

Шығарылған жердің кумуляциясы

1. Әрбір Тарап Тараптардың біреуінде шығарылатын, екінші Тараптың аумағында тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын тауарлар мен материалдардың 4.7-баптың (Жеткіліксіз өңдеу немесе қайта өңдеу) 1-тармағында көрсетілген операциялардан басқа, соңғы операциялар орындалған екінші Тараптың аумағынан шығарылған деп есептелуін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап бір немесе бірнеше өндіруші шығарылмайтын материалдарды пайдалана отырып бір немесе бірнеше Тараптың аумағында жүзеге асыратын өндірістік операциялардың осы материалға шығарылған жерін беру үшін осы өндірістік операциялардың өзінің жеткілікті екеніне-жеткілікті еместігіне қарамастан, өндірілген тауарлардың шығарылған жерін айқындау кезінде тауардың құрамында есепке алынуын қамтамасыз етеді.

3. Егер тауарларды өндіру кезінде шығарылмайтын материалдар пайдаланылса, әрбір Тарап тауардың VAC талаптарына сәйкес келетінін-сәйкес келмейтінін айқындау үшін:

(a) бір немесе бірнеше Тараптың аумағында шығарылмайтын материалға қатысты жүзеге асырылатын материалдарды өңдеу құны; сондай-ақ

(b) бір немесе бірнеше Тараптың аумағында шығарылмайтын материалдарды өндіру кезінде пайдаланылған кез келген шығарылатын материалдың құны есепке алынуы мүмкін екендігін көздеуге тиіс.

4. Мұндай материалдардың шығарылған жері уәкілетті орган берген Шығарылған жері сертификатымен (EAS нысаны) расталуға тиіс.

4.9-бап

Өндірісте пайдаланылатын материалдар

Әрбір Тарап, егер шығарылмайтын материалдар осы тараудың талаптарына сай келетіндей одан әрі өңдеуге ұшырайтын болса, онда кейіннен алынған тауардың шығарылған жерін айқындау кезінде осындай материалдардың осы материалдарды тауар өндірушінің өндіргеніне немесе өндірмегеніне қарамастан, шығарылатын материалдар ретінде қаралуын көздеуге тиіс.

4.10-бап

De Minimis

1. Әрбір Тарап 4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) көрсетілген тарифтік сыныптауды өзгерту жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын, құрамында шығарылмайтын материалдар бар тауарлардың, егер тауарларды өндіруде пайдаланылатын барлық шығарылмайтын материалдардың құны FOB шарттарында осындай тауарлар құнының 10 пайызынан аспаса, ал тауарлар осы тараудың барлық басқа талаптарына сай келетін болса, дегенмен де шығарылатын тауарлар ретінде қаралуын көздеуге тиіс.

2. 1-тармақ тауарлар өндіруде шығарылмайтын материалдар пайдаланылған жағдайда ғана қолданылады.

3. Егер 1-тармақта көрсетілген тауарларға қосылған құн үлесінің өлшемшарттары да қолданылатын болса, қосылған құнның қолданылатын өлшемшартын есептеу мақсаттары үшін осы шығарылмайтын материалдардың құны шығарылмайтын материалдардың құнына қосылуға тиіс.

4.11-бап

Тікелей жеткізу

1. Әрбір Тарап, шығарылатын тауарлар осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын елдің аумағы арқылы өткізілмей, экспорттаушы тараптың аумағынан импорттаушы Тараптың аумағына тікелей жеткізілген жағдайда, олардың өз шығарылған жерін сақтап қалуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап, егер шығарылатын тауарлар осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын бір немесе одан көп елдің аумағы арқылы тасымалданатын болса, олардың:

(a) осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын елдердің аумағы арқылы транзит географиялық себептерге негізделген немесе тек қана тасымалдау жөніндегі талаптарға байланысты;

(b) тауарлар сауда немесе тұтыну объектісі болып табылмаған және осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын елдің аумағында кеден органдарының бақылауында қалған ;

(с) жүк түсіру, қайта тиеу (оның ішінде көлік құралдары мен контейнерлердің түрін өзгерте отырып), сақтау, таңбалау жөніндегі операцияларды және олардың жақсы күйде сақталуын қамтамасыз ету үшін немесе тауарды импорттаушы Тараптың аумағына тасымалдау үшін қажетті кез келген операцияларды қоспағанда, тауарлар қандай да бір операцияларға ұшырамаған жағдайларда, өзінің шығарылған жерін сақтап қалуын қамтамасыз етеді.

3. Декларант импорттаушы Тараптың кеден органдарына 2-тармақта белгіленген талаптардың орындалуын тиісті құжатпен растауларды ұсынуға тиіс. Мұндай дәлелдемелер импорттаушы Тараптың кеден органдарына:

(а) бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына алып өту маршрутын куәландыратын, мынадай ақпаратты:

i. тауарлардың нақты сипаттамасын;

ii. қолданылатын жерде:

A. кемелердің немесе басқа да пайдаланылған көлік құралдарының атауларын;

B. контейнерлердің нөмірлерін;

C. тауарлардың, осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын транзит тарапта болу шарттарын;

D. осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын тараптың кеден органдарының белгілерін;

E. тауарларды түсіру және қайта тиеу күнін; және (немесе)

(b) осы Келісімнің тарапы болып табылмайтын транзит тарапында кеден органдары берген, құжат қамтылған көлік құжаттарын беру арқылы ұсынылады.

4. Декларант 3-тармақта көрсетілгендерден басқа, 2-тармақтың талаптарының орындалуын растайтын өзге де құжаттарды ұсына алады.

4.12-бап

Өзара алмастырылатын тауарлар немесе материалдар

1. Егер тауарды дайындау кезінде бірдей және өзара алмастырылатын шығарылатын және шығарылмайтын тауарлар және (немесе) материалдар пайдаланылса, бұл материалдар сақтау кезінде олардың шығарылған жеріне байланысты физикалық тұрғыдан бөлінуге тиіс.

2. Бірдей және өзара алмастырылатын болып табылатын, шығарылатын және шығарылмайтын материалдардың қорларын бөлек сақтау кезінде елеулі шығындар, өндірістік практикаға қатысты қиыншылықтар және (немесе) материалдық қиындықтар туындаған жағдайларда, уәкілетті органдар өндірушілердің жазбаша сұрау салуы бойынша бухгалтерлік есептегі бөлу әдісін пайдалана отырып, материалдарды бөлек сақтамай басқаруға келісім беруі мүмкін. Келісім, егер бухгалтерлік есептегі бөлу әдісін пайдалану арқылы кез келген уақытта Тараптарда шығарылған тауарлар ретінде

қаралуы мүмкін, алынған тауарлар санының қорларды физикалық бөлу әдісін пайдалана отырып алынуы мүмкін тауарлардың санымен сәйкес келетініне кепілдік беруге болатын жағдайда ғана беріледі.

3. Таңдап алынған бөлек есепке алу әдісі оны таңдаған тұлға үшін қаржы жылы ішінде тауарлар шығарылатын Тарапта қолданылатын Бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес тіркеледі, қолданылады және ұсталады.

4. 2-тармақта аталған таңдап алынған бөлек есепке алу әдісін пайдаланатын өндіруші материалдардың шығарылған жерін барлық құжатпен растауларды кемінде үш жыл бойы сақтауға тиіс. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органының сұрау салуы бойынша өндіруші қорларды басқару қалай жүзеге асырылатыны туралы қанағаттанарлық есеп беруге тиіс.

5. Уәкілетті органдар 2-тармақта аталған келісудің пайдаланылуын бақылайды және егер дайындаушы оны тиісті түрде қолданбаса және (немесе) осы тарауда жазылған қандай да бір басқа шарттарды орындамаса, оның күшін жоя алады.

4.13-бап

Үшінші тараптың инвойсы

Импорттаушы Тарап, шот-фактураны (инвойсты) не осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын елде орналасқан компания не экспорттаушы Тараптағы экспорттаушы көрсетілген компания есебінен берген кезде және тауарлар осы тараудың талаптарына сәйкес келген жағдайда преференциялық тарифтік режим беруге тиіс.

4.14-бап

Бөлшек саудада сатуға арналған қаптама материалдар мен контейнерлер

1. Әрбір тарап, егер бөлшек саудада сатуға арналған тауарлар қапталған қаптама материалдармен контейнерлер тауарлармен бірге сыныпталатын болса, олардың осы тауарлардың бір бөлігі ретінде қаралуын және олардың шығарылған жері сол жер болуға тиіс екенін көздеуге тиіс.

2. Әрбір тарап, тауарлардың қосылған құнының үлесін есептеу мақсатында, егер тауарларға VАС өлшемшарты қолданылатын болса, егер тауарлар қапталған, бөлшек саудада сатуға арналған қаптама материалдармен контейнерлер тауарлармен бірге сыныпталатын болса, олардың құны, жағдайға байланысты, шығарылатын немесе шығарылмайтын тауар құны ретінде ескерілуін көздеуге тиіс.

4.15-бап

Тасымалдауға арналған қаптама материалдар мен контейнерлер

Әрбір тарап тауарларды тасымалдауға ғана арналған қаптама материалдар мен контейнерлер тауарлардың шығарылған жерін айқындау кезінде есепке алынбауын көздеуге тиіс.

4.16-бап

Құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және басқа да ақпараттық материалдар

1. Әрбір Тарап:

(a) 3-тармақта сипатталғандай, тауардың толық алынғанын-алынбағанын және (немесе) өндірілгенін-өндірілмегенін және (немесе) тауарлардың 4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) көрсетілген сыныптаманы ауыстыру өлшемшартына сәйкес келетінін-сәйкес келмейтінін айқындау кезінде құрылғылардың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың немесе нұсқаулықтардың және басқа да ақпараттық материалдардың есепке алынбауын; және

(b) 3-тармақта сипатталғандай, тауарлардың қосылған құн үлесінің өлшемшартына сәйкес келетінін-сәйкес келмейтінін айқындау кезінде құрылғылардың, керек-жарақтардың, қосалқы бөлшектердің, нұсқаулықтардың және басқа да ақпараттық материалдардың құны, жағдайға байланысты, тауарлардың қосылған құнының үлесін есептеу кезінде шығарылатын немесе шығарылмайтын материалдар ретінде назарға алынуын көздеуге тиіс.

2. Әрбір Тарап 3-тармақта сипатталғандай, құрылғылардың, керек-жарақтардың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтардың және басқа да ақпараттық материалдардың шығарылған жері олармен бірге жеткізілген тауарлардың шығарылған жерімен бірдей болуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Осы баптың мақсаттары үшін құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар, егер:

(a) құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар тауарлармен бірге сыныпталса және жеткізілсе, бірақ оларға тауарлардан бөлек коммерциялық шот қойылмаса; және

(b) құрылғылардың, керек-жарақтардың, қосалқы бөлшектер мен құралдардың, нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдардың түрлері, саны және құны осы тауарлар үшін әдеттегідей болып табылса, сондай құрал-жабдықтар ретінде қаралады.

4.17-бап

Тауарлар жинақтары

1. Әрбір тарап Үйлестірілген жүйені интерпретациялаудың негізгі қағидаларының 3 (a) және (b) қағидасына сәйкес сыныпталатын жинақтың шығарылған жері жинаққа қолданылатын тауарлардың шығу жерінің ерекше өлшемшартына сәйкес айқындалуын көздеуге тиіс.

2. Әрбір тарап Үйлестірілген жүйені интерпретациялаудың негізгі қағидаларының 3 (c) қағидасына сәйкес сыныпталатын жинақтың, егер жинақтағы әрбір тауар шығарылатын тауар болып табылған жағдайда ғана, және бұл ретте жинақ пен тауарлар осы тараудың қолданылатын басқа да талаптарына сай келетін болса, шығарылатын жинақ деп танылуын көздеуге тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Үйлестірілген жүйені интерпретациялаудың негізгі қағидаларының 3 (с) қағидасына сәйкес сыныпталатын жинақ, егер жинақтағы барлық шығарылмайтын тауарлардың құны FOB жеткізу шарттарында жинақ құнының он (10) пайызынан аспаса, шығарылатын жинақ деп танылады.

4.18-бап

Жанама материалдар

Тауардың шығарылған жерін айқындау мақсаттары үшін мұндай тауарды өндіру кезінде пайдаланылуы мүмкін және осындай тауардың құрамына қосылмайтын мынадай жанама материалдардың:

- (a) отынның және электр энергиясының, катализаторлардың және еріткіштердің;
- (b) құралдардың, мөртаңбалардың және пресс-нысанның;
- (c) жабдықтар мен ғимараттарға техникалық қызмет көрсетуде пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен материалдардың;
- (d) өндірісте немесе жабдық пен ғимараттарды пайдалану кезінде пайдаланылатын жағармай материалдарының, қоспалардың және басқа да материалдардың;
- (e) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қолғаптардың, көзілдіріктің, аяқ киімнің, киімнің, жабдықтың;
- (f) тауарларды тестілеу немесе тексеру үшін пайдаланылатын жабдықтың, құрылғының;
- (g) мұндай тауарларға қосылмаған, бірақ тауарларды дайындау кезінде пайдалану өндірістік процестің бір бөлігі ретінде негізді түрде ұсынылуы мүмкін кез келген басқа материалдың шығарылған жері есепке алынбайды.

II БӨЛІМ ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІН ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ РАСТАУ

4.19-бап

Преференциялық тарифтік режим беру туралы өтініш

1. 2.6-бапқа (Кедендік баждарды төмендету және олардың күшін жою) сәйкес преференциялық тарифтік режим алу мақсаттары үшін декларант, осы Келісімнің 4.20 (Шығарылған жері туралы декларация) және 4.21 (Тауардың шығарылған жерін растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейтін мән-жайлар) баптарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, импорттаушы Тараптың кеден органына осы тараудың талаптарына сәйкес жасалған Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты (EAS нысаны) қағаз жеткізгіште ұсынуға міндетті.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсынылатын Тауардың шығарылған жері туралы сертификат түпнұсқалы, жарамды болуға, сондай-ақ 4-1-қосымшада (

Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны) белгіленген форматқа сәйкес келуге тиіс, сондай-ақ 4-2-қосымшада (Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты толтыру жөніндегі нұсқаулық (EAS нысан) белгіленген талаптарға сәйкес тиісті түрде ағылшын тілінде толтырылған болуға тиіс.

3. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген күннен бастап он екі (12) ай бойы жарамды болуға және 5-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, импорттаушы Тараптың кеден органдарына осы кезең ішінде, бірақ тауар шығарылған кезден кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

4. Мүдделі тараптар өздерінің арасындағы саудада, 4.32-бапта (Шығарылған жерін сертификаттаудың электрондық жүйесі) көзделгендей, Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттаудың электрондық жүйесін (бұдан әрі "СЭЖ" деп аталады) пайдаланған кезде тауардың шығарылған жері туралы сертификатты қағаз жеткізгіште ұсыну талап етілмейді. Бұл жағдайда тауардың шығарылған жері туралы мұндай сертификаттың күні мен нөмірі импорттық кедендік декларацияда көрсетілуге тиіс.

5. Егер импорттаушы импорттау кезінде тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ұсына алмаса, импорттаушы тарап БҚР мөлшерлемесі көлемінде кедендік баждар алады немесе қолданылатын жерде әкелінетін тауарға депозит енгізуді талап етеді. Мұндай жағдайда импорттаушы импорттық кедендік декларация тіркелген күннен бастап он екі (12) ай ішінде преференциялық тарифтік режим беруді және 4.27-баптың (Преференциялық тарифтік режим беру) ережелері орындалған жағдайда, импорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес кедендік әкелу бажының немесе енгізілген депозиттің артық төленген сомасын қайтаруды сұрата алады.

4.20-бап

Шығарылған жері туралы декларация

1. Шығарылатын тауарлардың кедендік құны 5000 АҚШ долларынан немесе импорттаушы Тараптың валютасындағы баламалы сомадан аспайтын преференциялық тарифтік режим алу мақсатында тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың орнына тауардың шығарылған жері туралы декларация берілуі мүмкін.

2. Тараптар тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ұсыну қажеттігінен алшақтау мақсатында мұндай әкелудің негізді түрде бөлінген немесе ұйымдастырылған деп есептелуі мүмкін тауарлардың бір немесе бірнеше партиясының бір бөлігін білдірмеуін қамтамасыз етеді.

3. Өндіруші немесе экспорттаушы Тауардың шығарылған жері туралы декларацияны шот-фактурада (инвойста) немесе тауарға байланысты өзге ілеспе құжатта 4-3-қосымшада (Тауардың шығарылған жері туралы декларация) ұсынылған үлгі бойынша ағылшын тілінде ақпарат жазу түрінде ресімдейді. Тауардың шығарылған жері туралы декларацияда өндірушінің, экспорттаушының немесе оның уәкілетті өкілінің түпнұсқа қолтаңба қолы болуға тиіс.

4. Тауардың шығарылған жері туралы декларация бір партиядан шығарылатын тауарлар туралы ақпаратты қамтиды және берілген күннен бастап он екі (12) ай бойы жарамды.

5. Тауардың шығарылған жері туралы декларацияны ресімдейтін өндіруші немесе экспорттаушы, импорттаушы Тараптың кеден органының сұрау салуы бойынша экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы арқылы көрсетілген тауардың шығарылған жерін, сондай-ақ осы тараудың басқа да талаптарының орындалуын растайтын барлық тиісті құжаттарды ұсынуға тиіс.

6. Егер импорттаушы Тараптың кеден органдарында тауардың шығарылған жері туралы декларацияның түпнұсқалығына және (немесе) тауарлардың шығарылған жерінің өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты негізделген күмәндары болса, олар импорттаушыдан тауарлардың шығарылған жері туралы сертификатты беруді талап ете алады. Мұндай сұрау салу жазбаша түрде жасалуы тиіс және оның жасалу себептері туралы негіздемелерді қамтуы тиіс.

4.21-бап

Тауардың шығарылған жерін растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейтін мән-жайлар

Преференциялық тарифтік режимді алу мақсаттары үшін тауардың шығарылған жерін құжаттамалық растау осы жеткізу бір немесе бірнеше партиялардың бір бөлігі болып табылмайтын және тауардың шығарылған жерін құжаттамалық растауды ұсынудан жалтару тәсілі ретінде негізді түрде қарастырылмайтын жағдайда, кедендік құны 200 АҚШ долларынан немесе импорттаушы Тараптың валютасындағы баламалы сомадан аспайтын тауарлар әкелінген кезде талап етілмейді.

4.22-бап

Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беру

1. Экспортталатын тауарлар осы тараудың түсінігінде Тараптың аумағынан шығарылған деп есептелетін жағдайда, уәкілетті орган экспорттайтын Тараптың өндірушісіне немесе тауарларды экспорттаушыға тауарларды әкелгенге дейін немесе әкелген кезде тауардың шығарылған жері туралы сертификатты береді.

2. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат тауарлардың бір партиясына беріледі.

3. Тауардың шығарылған жері туралы әрбір сертификаттың уәкілетті орган берген бірегей тіркеу нөмірі болуға тиіс.

4. Егер тауардың шығарылған жері туралы сертификатта көрсетілген барлық тауарлар осы Келісімге 4-1-қосымшада (Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны)) көзделгендей, Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (EAS нысаны) бір парағында санамаланбайтын болса, қосымша парақтар ретінде Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың басқа да бланкілері (EAS нысаны) пайдаланылуы мүмкін.

5. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны) бір түпнұсқа мен екі көшірмеден тұруға тиіс.

6. Тауардың шығарылған жері туралы сертификатының (EAS нысаны) бір көшірмесі экспорттаушы Тараптың уәкілетті органында қалуға тиіс. Екінші көшірмесі экспорттаушыда сақталуға тиіс.

7. Осы Келісімнің 4.19-бабының (Преференциялық тарифтік режим беру туралы өтініш) 3-тармағына нұқсан келтірмей, Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны) тауар экспортына дейін немесе тауар экспорты кезінде берілмеген айрықша жағдайларда, ол тауар әкетілгеннен кейін он екі (12) ай ішінде берілуі мүмкін, бұл ретте сертификатта "КЕЙІННЕН БЕРІЛДІ" ("ISSUED RETROSPECTIVELY") деген белгі қойылады.

8. Осы Келісімнің 4.32-бабында (Шығарылған жерін сертификаттаудың электрондық жүйесі) көзделгендей, СЭЖ құрылғаннан кейін осы баптың ережесі басым күшке ие болады.

9. 4-1-қосымшада (Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны)) келтірілген нысан бойынша жасалған Тауардың шығарылған жері туралы сертификатқа қолтаңба қойылуға және ол мөрмен расталуға тиіс. Қолтаңба электрондық тәсілмен қойылуы мүмкін.

10. Егер экспорттаушы Тараптың уәкілетті органы импорттаушы Тарапқа ұсынылған тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың, оның ішінде верификациялауға сұрау салу шеңберінде импорттаушы Тараптың кеден органы сәйкестендірілген сертификаттың жарамсыз немесе дұрыс емес құжаттар және (немесе) тауардың шығарылған жеріне әсер ететін ақпарат негізінде берілгенін анықтаса, онда экспорттаушы Тараптың уәкілетті органы бұл тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың күшін жоюға және осы сертификатта көрсетілген импорттаушы елдің орталық кеден органын дереу хабардар етуге тиіс.

4.23-бап

Болмашы алшақтықтар

Әрбір тарап:

(a) егер тауардың шығарылған жері күмән тудырмаса, тауардың шығарылған жері туралы сертификатта қамтылған ақпарат пен импортталатын тауарларға арналған ресми талаптарды орындау мақсаттары үшін импорттаушы Тараптың кеден органына ұсынылған құжаттарда қамтылған ақпарат арасында болмашы алшақтықтардың табылуы, егер онда көрсетілген мәліметтер ұсынылған тауарларға іс жүзінде сәйкес келетін болса, өздігінен-өзі, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылмауға тиіс екенін көздеуге тиіс;

(b) егер тауардың шығарылған жері туралы сертификатта бірнеше тауар мәлімделген болса, онда санамаланған тауарлардың біреуіне қатысты туындаған проблема тауардың шығарылған жері туралы сертификатта көрсетілген қалған

тауарларға қатысты преференциялық тарифтік режим беруді қозғамауға немесе кідіртуге әкеп соқпауға тиіс екенін көздеуге тиіс.

4.24-бап

Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты берудің ерекше жағдайлары

1. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда, тауарларды өндіруші немесе экспорттаушы осындай өтініш беру себептерін көрсете отырып, тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың ресми расталған телнұсқасын алу үшін уәкілетті органға жүгіне алады. Телнұсқа тауардың шығарылған жері туралы бұрын берілген сертификаттың және ілеспе құжаттардың негізінде жасалуға тиіс.

2. Расталған телнұсқада "ТАУАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТЕЛНҰСҚАСЫ НӨМІРІ ___ КҮНІ ___" ("DUPLICATE OF THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER_DATE_") деген сөздерді қамтуға тиіс. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың расталған телнұсқасы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқасы берілген күннен бастап он екі (12) айдан аспайтын мерзімге жарамды.

3. Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқасында жасалған кездейсоқ қателер немесе жаңсақтықтар табылған жағдайда, тауар импорт елінде еркін айналымға шығарылғаннан кейін және 4.26-бапта (Құжаттарды сақтауға қатысты талаптар) көрсетілген құжаттаманы сақтау мерзімі аяқталғанға дейін уәкілетті орган тауардың шығарылған жері туралы қолданыстағы сертификаттың орнына жаңасын беруге тиіс. Бұл жағдайда тауардың шығарылған жері туралы сертификатта: "ТАУАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ОРНЫНА БЕРІЛДІ НӨМІРІ_ КҮНІ_" ("ISSUED IN SUBSTITUTION FOR THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER_DATE_") деген белгіні қамтуға тиіс.

4.25-бап

Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттағы өзгерістер

Тауардың шығарылған жері туралы сертификатта қолмен жөнделген жерлердің де, түзетулердің де болуына жол берілмейді. Кез келген өзгеріс қате деректерді сызып тастау және кез келген талап етілетін қосымша ақпаратты басып шығару арқылы енгізіледі. Мұндай өзгерісті тауардың шығарылған жері туралы сертификатқа қол қоюға уәкілеттік берілген адам бекітуге және ол тауардың шығарылған жері туралы сертификатты берген уәкілетті органның ресми мөрімен расталуға тиіс.

4.26-бап

Құжаттарды сақтауға қатысты талаптар

1. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру туралы өтініш жіберген өндіруші және (немесе) экспорттаушы уәкілетті органға ұсынылған барлық құжаттаманы және құжаттардың көшірмелерін тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл бойы сақтауға тиіс.

2. Өзіне преференциялық тарифтік режим берілген импорттаушы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың көшірмесін преференциялық тарифтік режим берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

3. Сақталатын құжаттама электрондық жазбаларды қамтуы мүмкін және ол әрбір Тараптың заңнамасына және практикасына сәйкес сақталуға тиіс.

4. Тауардың шығарылған жері туралы сертификат беру туралы өтінішті және осындай өтінішке қатысты барлық құжаттарды уәкілетті орган тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

5. Тауардың шығарылған жері туралы декларация берген өндіруші және (немесе) экспорттаушы тиісті тауарлардың шығарылған жерін растайтын барлық құжаттаманы және құжаттардың көшірмелерін тауардың шығарылған жері туралы декларация берілген кезден бастап кемінде үш (3) жыл бойы сақтауға тиіс.

III БӨЛІМ ПРЕФЕРЕНЦИЯЛЫҚ ТАРИФТІК РЕЖИМ

4.27-бап

Преференциялық тарифтік режим беру

1. Осы Келісімнің шеңберіндегі преференциялық тарифтік режим осы тараудың талаптарын қанағаттандыратын, шығарылатын тауарларға қолданылуға тиіс.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары мынадай:

(a) импортталатын тауар 4.3-бапта (Тауарлардың шығарылған жерінің өлшемшарттары) көрсетілген шығарылған жерінің өлшемшарттарына сай келетін;

(b) декларант осы тараудың талаптарын сақтайтын;

(c) импорттаушы Тараптың кеден органдарына осы тараудың II бөлімінің талаптарына сәйкес жарамды және толтырылған тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (немесе тауардың шығарылған жері туралы декларация) түпнұсқасы ұсынылатын шарттар орындалған кезде экспорттаушы Тараптан шығарылатын тауарларға преференциялық тарифтік режим береді.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, егер импорттаушы Тараптың кеден органдарында оған қатысты преференциялық тарифтік режим сұратылған тауардың шығарылған жеріне және (немесе) тауардың шығарылған жері туралы ұсынылған сертификаттың (немесе тауардың шығарылған жері туралы декларацияның) анықтығына қатысты негізді күмәндар болса, онда мұндай кеден органдары тиісті тауарларға преференциялық тарифтік режим қолданудан бас тарта алады немесе оның қолданылуын тоқтата тұра алады. Дегенмен, тауарлар мұндай Тарап заңнамасының талаптарына сәйкес еркін айналымға шығарылуы мүмкін.

4.28-бап

Преференциялық тарифтік режим беруден бас тарту

1. Егер тауар осы тараудың талаптарына сәйкес келмеген немесе егер тауарларды импорттаушы немесе экспорттаушы осы тарау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда, импорттаушы Тараптың кеден органы преференциялық тарифтік режим беруден бас тарта алады және импорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес төленбеген кедендік баждарды өндіріп ала алады.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары, егер:

(а) тауарлар осы тараудың талаптарына сай келмесе, бұл оларды экспорттаушы Тараптан шығарылған тауарлар ретінде қарауға мүмкіндік бермейді, және (немесе)

(b) осы тараудың басқа да талаптары орындалмаса, оның ішінде:

i. 4.11-баптың талаптары орындалмаса (Тікелей жеткізу);

ii. тауардың шығарылған жерін құжаттамалық растау ұсынылуға тиіс 4-1-қосымшада (Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны)) көрсетілген формат немесе 4-2 (Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты толтыру жөніндегі нұсқаулық (EAS нысаны)) немесе 4-3 (Тауардың шығарылған жері туралы декларация) қосымшаларда қарастырылған талаптар орындалмаса;

(с) 4.33 (Шығарылған жерін тексеру) және 4.34 (Көшпелі тексеру) баптарға сәйкес жүзеге асырылған верификациялау рәсімдері тауардың шығарылған жерін анықтауға мүмкіндік бермесе немесе тауардың шығарылған жерінің өлшемшарттарына сәйкес келмейтінін айғақтаса;

(d) экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың берілмегенін (мысалы, тауардың шығарылған жері туралы сертификат жалған болып табылады) не күші жойылғанын (кері қайтарып алынғанын) растаса;

(е) импорттаушы Тараптың кеден органдары верификациялық сұрау салу жіберілген күннен бастап алты (6) ай ішінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органынан жауап алмаса не алынған жауап тауарлардың осы Тараптан шығарылғанын айқындауға жеткілікті мәліметтерді қамтымаса;

(f) импорттаушы Тараптың кеден органы 4.34-баптың (Көшпелі тексеру) 2-тармағында көзделген хабарлама жіберілген кезден бастап алпыс (60) күн ішінде 4.34-баптың (Көшпелі тексеру) 4-тармағына сәйкес экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органынан көшпелі тексеру жүргізуге жазбаша келісім алмаса немесе осындай көшпелі тексеру жүргізуден бас тарту алса, преференциялық тарифтік режим беруден бас тартуға құқылы.

3. 2 (b) тармақшада жазылған жағдайларда импорттаушы Тараптың кеден органдары преференциялық тарифтік режим беруден бас тарту туралы шешім қабылдау мақсаттары үшін экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органының атына 4.33-бапта (Шығарылған жерін тексеру) көзделген верификациялық сұрау салуды жіберуге міндетті емес.

IV БӨЛІМ ӘКІМШІЛІК ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

4.29-бап

Әкімшілік үнтымақтастық тілі

Осы бөлім шеңберіндегі Тараптар арасындағы кез келген хабарламалар мен өзара іс-қимыл тиісті органдар арқылы ағылшын тілінде жүзеге асырылуға тиіс.

4.30-бап

Уәкілетті және верификациялаушы органдар

Әрбір Тарап уәкілетті және верификациялаушы органдарды тағайындайды немесе растайды.

4.31-бап

Хабарламалар

1. Уәкілетті орган осы Келісімге сәйкес тауардың шығарылған жері туралы қандай да бір сертификаттар бергенге дейін Тараптардың әрқайсысы бір-біріне тиісінше Сингапурдың тиісті құзыретті органы және Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы:

(а) Тараптардың әрбір уәкілетті және верификациялаушы органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы ақпаратты (верификациялау мақсаттары үшін электрондық пошта мекенжайларын қоса алғанда);

(б) өздері пайдаланатын мөрлер бедерлерінің түпнұсқалы және анық үлгілерін;

(с) тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың пайдаланылуға тиіс бланкісінің үлгісін; және

(д) тауардың шығарылған жері туралы сертификатты қорғау ерекшеліктері туралы мәліметтерді жібереді.

2. Сингапур Еуразиялық экономикалық комиссияға осы баптың 1-тармағында көрсетілген бастапқы ақпаратты алты данада жібереді. Еуразиялық экономикалық комиссия Сингапурға көрсетілген ақпараттың қосымша даналарын беру туралы сұрау салумен жүгіне алады.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия мен Сингапур интернет желісінде Тараптардың әрқайсысының уәкілетті және верификациялаушы органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы ақпаратты жариялауға тиіс.

4. Жоғарыда көрсетілген ақпараттың кез келген өзгерістері 1-тармақта көрсетілген органдарға осындай тәртіпте алдын ала хабарлануға тиіс.

5. 1 және 4-тармақтарға сәйкес ұсынылатын барлық ақпарат тиісінше Сингапурдың тиісті құзыретті органы мен Еуразиялық экономикалық комиссия осындай ақпараты бар ресми хатты (қағаз түрінде) алған кезден бастап қолданылатын болады.

4.32-бап

Шығарылған жерін сертификаттаудың электрондық жүйесі

1. Кедендік операцияларды оңайлату және преференциялық тарифтік режимді алу мақсатында мүдделі Тараптар СЭЖ әзірлейді және оның жұмысын қолдайды.

2. СЭЖ импорттаушы Тараптың орталық кеден органдарына экспорттаушы Тараптың құзыретті органдары берген тауардың шығарылған жерінің сертификаттары туралы электрондық деректер базасынан алынатын ақпаратты пайдалану мүмкіндігін ұсынады.

3. Егер Тараптар СЭЖ-ді өзара саудада пайдаланатын болса, Тауарлардың шығарылған жері сертификаттарының қағаз көшірмесі (EAS нысаны) қолданылмайды.

4. СЭЖ шеңберінде импорттаушы Тараптың орталық кеден органдары мен экспорттаушы Тараптың уәкілетті органы арасындағы деректермен электрондық алмасу ЕАЭС-тің интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі "ЕАЭС ИАЖ" деп аталады) құралдары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс.

5. СЭЖ-ді қолдануға арналған барлық талаптар мен өзіндік ерекшеліктер жеке келісімде баяндалуға тиіс.

6. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап екі (2) жылдан кешіктірмей СЭЖ-ді енгізуге ұмтылатын болады.

4.33-бап

Шығарылған жерін тексеру

1. Импорттаушы Тараптың кеден органдарында тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (шығарылған жері туралы декларацияның) анықтығына және (немесе) тауардың шығарылған жері туралы сертификат (немесе шығарылған жері туралы декларация) қолданылатын тауарлар үшін преференциялық тарифтік режим қолданудың құқықтылығына қатысты негізді күмәндар туындаған жағдайда немесе іріктеп тексерген жағдайда, олар 4.26-бапта (Құжаттарды сақтауға қатысты талаптар) көрсетілген құжаттаманы сақтау мерзімдеріне сәйкес:

(a) импорттаушыдан қосымша ақпаратты жазбаша сұрату;

(b) экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы арқылы экспорттаушыдан немесе өндірушіден қосымша ақпаратты жазбаша сұрату;

(c) 3-тармақта көзделгендей, экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органына тауардың шығарылған жерін тексеру туралы сұрау салу арқылы шығарылған жеріне тексеру жүргізуге алады.

2. Барлық верификациялық сұрау салуларға қарастырылатын тауарларды сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпарат қоса берілуге тиіс. Верификациялаушы органға сұрау салу тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (шығарылған жері туралы декларацияның) көшірмесімен қоса берілуге және оған бастамашылық жасаудың мән-жайлары мен себептері туралы мәліметтерді қамтуға тиіс. Верификациялық сұрау салудың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмесін

импорттаушы Тараптың кеден органдары 4.31-баптың (Хабарламалар) 1(а) тармақшасында көрсетілген байланыс мекенжайлары арқылы экспорттаушы тараптың верификациялаушы органына электрондық құралдар арқылы беруге тиіс.

3. 1(с) тармақшасына сәйкес сұрау салуға жауап ретінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың (шығарылған жері туралы декларацияның) экспорттаушы тарапта берілгенін-берілмегенін және верификациялық сұрау салу шығарылған жері өлшемшарттарын орындауға қатысты болса, тауардың шығарылған жері туралы сертификатта (шығарылған жері туралы декларация) көрсетілген тауарларды Келісімде белгіленген шығарылған жері өлшемшарттарына сәйкес шығарылған деп есептеуге болатынын-болмайтынын жедел растауға тиіс. Егер мұндай ақпаратты импорттаушы Тараптың кеден органы сұратқан болса, верификациялаушы орган солардың негізінде тауардың шығарылған жері туралы сертификат берілген экспорттаушы/өндіруші ұсынған құжаттарды қоса беруге тиіс. Импорттаушы Тараптың кеден органы тауарлардың преференциялық тарифтік режимге құқығы бар-жоғын айқындайды.

4. Верификациялау нәтижелерін күту кезінде импорттаушы Тараптың кеден органдары соларға қатысты тексеру жүргізілетін тауарлар үшін преференциялық тарифтік режимді қолдануды тоқтата тұруы мүмкін. Егер импорттаушы Тараптың кеден органы тауардың экспорттаушы Тараптан шығарылған деп танылатыны туралы шешім қабылдаған жағдайда, тоқтатылған преференциялық тарифтік режим қалпына келтірілуге тиіс.

5. Экспорттаушы Тараптың верификациялық сұрау салуды алған верификациялаушы органы сұрау салуды электрондық түрде алғанын растауға және осындай сұрау салу күнінен кейін оған мүмкіндігінше тезірек, бірақ алты айдан кешіктірмей жауап беруге тиіс. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы верификациялық сұрау салуға жауаптың көшірмесін 4.31-баптың (Хабарламалар) 1(а) тармақшасында көрсетілген байланыс деректері бойынша импорттаушы Тараптың кеден органына электрондық түрде береді.

6. Тараптардың тиісті заңнамасында және практикасында белгіленген шеңберде Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімге сәйкес преференциялық тарифтік режим берудің құқықтылығын тексеру бойынша кез келген іс-қимыл жасауда толық көлемде ынтымақтасуға тиіс.

7. Бүкіл верификациялау процесі верификациялық сұрау салынған күннен бастап тоғыз (9) ай ішінде аяқталуға тиіс.

4.34-бап

Көшпелі тексеру

1. Егер импорттаушы Тараптың кеден органдары 33-бапта (Шығарылған жерін тексеру) көрсетілген тексеру нәтижелеріне қанағаттанбаған жағдайда, олар айрықша жағдайларда экспорттаушы Тарапқа 4.26-бапта (Құжаттарды сақтауға қатысты

талаптар) көрсетілген құжаттаманы зерделеу мақсатында және (немесе) тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын объектілерді қарап тексеру үшін көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салуды жібере алады.

2. 1-тармаққа сәйкес көшпелі тексеру жүргізілгенге дейін импорттаушы Тараптың кеден органдары аумағында осындай тексеру жүзеге асырылуға тиіс Тараптың верификациялаушы органына өзінің осындай тексеру жүргізу ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Көшпелі тексеру туралы сұрау салудың көшірмесін де импорттаушы тараптың кеден органы экспорттаушы тараптың верификациялаушы органына электрондық құралдармен беруге тиіс.

3. 2-тармақта көрсетілген жазбаша хабарлама барынша толық болуға және өзгелерден басқа:

(a) хабарламаны жіберген Тараптың кеден органының атауын;

(b) кәсіпорындарына баратын өндірушінің немесе экспорттаушының атауын;

(c) көшпелі тексерудің болжамды күндерін;

(d) тексеру нысанасы болып табылатын тауарлар туралы және олардың шығарылған жеріне байланысты күмәндар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұсынылып отырған көшпелі тексерудің қамтуын;

(e) көшпелі тексеру жүргізетін ресми тұлғалардың аттары мен лауазымдарын қамтуға тиіс.

4. Экспорттаушы тараптың верификациялаушы органы кәсіпорындарына бару жоспарланған тауарларды өндірушіден және (немесе) экспорттаушыдан көшпелі тексеру жүргізуге жазбаша келісім сұратуға және оны 2-тармаққа сәйкес өздеріне хабарлама жіберілген күннен бастап алпыс (60) күн ішінде импорттаушы Тараптың кеден органына жіберуге тиіс.

5. Егер Экспорттаушы тараптың верификациялаушы органының жазбаша келісімі оған 2-тармақ көрсетілген хабарлама жіберілген күннен бастап алпыс (60) күн ішінде алынбаса немесе егер көшпелі тексеру жүргізуден бас тарту алынса, онда хабарламаны жіберген импорттаушы Тараптың кеден органы соларға қатысты тексеру жүзеге асырылатын тауардың шығарылған жері туралы сертификатта (сертификаттарда) көрсетілген тауарларға қатысты преференциялық тарифтік режим беруден бас тартады.

6. Кез келген көшпелі тексеру жазбаша келісім алынған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталуға және ақылға қонымды мерзімде аяқталуға тиіс.

7. Көшпелі тексеру жүргізетін кеден органы көшпелі тексеру жүргізудің бірінші күнінен бастап тоқсан (90) күннен кешіктірмей тауарлары мен үй-жайлары көшпелі тексеру жүргізу нысанасы болып табылатын тауарларды өндірушіге және (немесе) экспорттаушыға, сондай-ақ экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органына осындай тексеру нәтижелері туралы жазбаша шешім ұсынуға тиіс.

8. Тексерудің өзін және сөз болған тауарлардың шығарылған немесе шығарылмаған болып табылатынын айқындауды қамтитын көшпелі тексеру және оны жүргізу

нәтижелері нотификация жіберілген күннен бастап екі жүз он (210) күннен аспайтын мерзімде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органына жіберілуге тиіс. Тексеру нәтижелері алынғанға дейін 4.27-баптың (Преференциялық тарифтік режим беру) 3-тармағының ережелері қолданылуы мүмкін.

9. Тоқтатылған немесе күші жойылған преференциялық тарифтік режим аталған тауарлардың шығарылған тауарлар ретінде қарастырылатынын және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тауарлардың шығарылған жері өлшем шарттарының сақталғанын айғақтайтын жазбаша шешім негізінде қалпына келтірілуге тиіс.

10. Верификациялау жөніндегі топты импорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес импорттаушы Тараптың орталық кеден органы қалыптастырады.

11. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы немесе уәкілетті органы импорттаушы Тараптың кеден органдарының көшпелі тексеру жүргізуіне жәрдем көрсетуге тиіс.

12. Көшпелі тексеру жүргізуге келісім берген тауарларды өндіруші және (немесе) экспорттаушы оны іске асыруға жәрдем көрсетуге, көшпелі тексеру нысанасына жататын өндірістік үй-жайларға, қаржылық (бухгалтерлік) және өзге де өндірістік құжаттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ егер қажет болса, кез келген қосымша ақпаратты және (немесе) құжаттарды беруге тиіс.

13. Егер көшпелі тексеру жүргізу кезінде экспорттаушы Тараптың органдары немесе ұйымдары тарапынан көшпелі тексеру жүргізу үшін осындай тексеру жүргізуге мүмкіндік бермейтін кедергілер жасалса, импорттаушы Тараптың тиісті тауарларға преференциялық тарифтік режим беруден бас тартуға құқығы бар.

14. Көшпелі тексеру жүргізуге байланысты барлық шығындарды импорттаушы Тарап төлеуге тиіс.

4.35-бап

Айыпшұлдар

Әрбір Тарап осы тарауға қатысты өзінің тиісті заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік шараларын көздейді.

4.36-бап

Тауарлардың шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитет

1. Осы құжат арқылы Тараптар әрбір Тараптың өкілдерін қамтитын Тауарлардың шығарылған жері қағидалары және шығу рәсімдері жөніндегі кіші комитет (бұдан әрі "Шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитет" деп аталады) құрады. Осы тараудың ережелерін осы Келісімнің рухы мен мақсаттарына сәйкес тиімді, біркелкі және дәйекті орындауды қамтамасыз ету үшін және осы тарауды әкімшілендіру

б о й ы н ш а

ө з а р а

іс-қимыл жасау үшін Шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитет тұрақты негізде консультациялар жүргізеді.

2. Шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитет мынадай функцияларды орындайды:

(a) Мыналарға:

i. Тауарларды сипаттау мен кодтаудың келісілген жүйесі туралы Халықаралық конвенцияның қосымшасында ұсынылған номенклатураға түзетулерге сәйкес 4-4-қосымшаны (Шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) қайта қарауға қатысты Бірлескен комитетке берілетін тиісті ұсынымдарды қарау және қабылдау. Мұндай қайта қарау қолданыстағы міндеттемелерге нұқсан келтірілмей жүзеге асырылады және уақтылы жүзеге асырылуға тиіс;

ii. имплементациялау бойынша уағдаластықтар жасау жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, осы тараудың орындалуына және жұмыс істеуіне;

iii. Тараптардың осы бөлімде айқындалған міндеттемелерді орындамауына;

iv. осы тараудың ережелеріне және 4-1 (Тауардың шығарылған жері туралы сертификат) (EAS нысаны), 4-2 (Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты толтыру жөніндегі нұсқаулық (EAS нысаны)), 4-3 (Тауардың шығарылған жері туралы декларация) және 4-4 (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) қосымшаларға кез келген түзетулерге немесе өзгерістерге;

v. тауарлардың шығарылған жерін электрондық сертификаттауды ұсыну мен оның форматының техникалық аспектілеріне немесе СЭЖ техникалық аспектілеріне қатысты Бірлескен комитетке берілетін тиісті ұсынымдарды қарау және қабылдау.

(b) осы тарауға байланысты Тарап ұсынған кез келген басқа да мәселені қарау;

(c) Шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитеттің есептерін Бірлескен комитетке ұсыну; сондай-ақ

(d) 15.1-бапқа (Бірлескен комитет) сәйкес Бірлескен комитет беруі мүмкін басқа да функцияларды орындау.

3. Шығарылған жері қағидалары жөніндегі кіші комитет осы тарауға сәйкес туындайтын кез келген мәселелерді қарау үшін Тараптар өзара айқындаған кезеңділікпен кездесулер өткізеді. Отырыстар Тараптар өзара уағдаласатын орындарда және құралдар пайдаланыла отырып өткізіледі.

4. Әрбір кеңестің алдын ала күн тәртібі, әдетте, кездесуге дейін бір айдан кешіктірілмей Тараптарға жіберіледі.

4.37-бап

Жолдағы немесе сақтаудағы тауарлар

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап үш (3) ай ішінде экспорттаушы Тараптан импорттаушы Тарапқа тасымалданатын, сондай-ақ импорттаушы Тараптың кеден қоймаларында уақытша сақтаудағы шығарылатын тауарлар 4.27-бапта (Преференциялық тарифтік режим беру) көзделген барлық талаптар орындалған жағдайда преференциялық режим алуға тиіс.

4-1-ҚОСЫМША

ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ СЕРТИФИКАТЫ (EAS НЫСАНЫ)

Экспорттаушы (фирмалық атауы, мекенжайы және елі)		4. № _____ ЕАЭО ЕСА – Сингапур Шығарылған жері сертификаты EAS нысаны _____ ұсыну үшін (елі) _____ берілді. (елі)			
Импорттаушы / алушы (фирмалық атауы, мекенжайы және елі)		3. Көлік құралының түрі мен бағыты (белгілі болып отырған), жөнелтілген күні Кемеңің атауы / ұшақ және т.б. түсіру орны			
5. Ресми пайдалану үшін					
6. Реттік нөмірі	7. Қаптаманың таңбал алуы саны және түрі	8. Тауарлардың сипаттамасы (ҮЖ кодын қоса алғанда)	9. Шығарылған жері өлшемшарттары	10. Тауардың саны	11. Инвойс нөмірі мен күні
12. Куәлік Осы құжат арқылы орындалған тексерудің негізінде өтініш беруші декларациясының шындыққа сәйкес келетіні куәландырылады Орны Күні Қолы Мөрі			13. Өтініш берушінің декларациясы Төменде қол қоюшы жоғарыда келтірілген мәліметтердің шындыққа сәйкес келетінін, барлық тауарлардың _____ (елі) өндірілгенін және олардың ЕАЭО ЕСА – Сингапур 4-тарауында («Тауарлардың шығарылған жерін айқындау қағидалары») көзделген шығарылған жері қағидаларына сәйкес келетінін мәлімдейді. Орны Күні Қолы Мөрі		
14. <input type="checkbox"/> Үшінші тараптың инвойсы <input type="checkbox"/> DeMinimis <input type="checkbox"/> Кумуляция <input type="checkbox"/> Азия тамақ өнімдері <input type="checkbox"/> Ішінара кумуляция					

4-2-ҚОСЫМША

Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты толтыру жөніндегі нұсқаулық (EAS нысаны)

Тауардың шығарылған жері туралы сертификат (EAS нысаны):

(a) ағылшын тілінде ресімделуге және 4-1-қосымшада келтірілген үлгіге сәйкес А 4 форматындағы қағазда басып шығарылуға;

(b) барлық бағандарда ең аз қажетті ақпаратты қамтуға;

(с) лауазымды адамның қолы мен уәкілетті органның ресми мөрі, сондай-ақ қорғаныш құралдарының элементтері болуға тиіс. Қол электрондық тәсілмен қойылуы мүмкін. Ресми мөрдің факсимилесін пайдалануға жол берілмейді.

6-дан бастап 11 аралығындағы бағандарда пайдаланылмаған орын кез келген кейінгі толықтырулар енгізудің мүмкіндігін болғызбау үшін сызылып тасталуға тиіс.

1-баған: Тауарды экспорттаушы туралы мәліметтер: фирмалық атауы, мекенжайы және елі көрсетіледі.

2-баған: Импорттаушы (міндетті түрде) және тауарларды алушы (егер белгілі болса) туралы мәліметтер: фирмалық атауы, мекенжайы және елі көрсетіледі.

3-баған: Жөнелту (тиелім) күні, көлік құралының түрі (кеме, ұшақ және т.б.); және жүктің түсірілген жері (порт, әуежай) сияқты тауарларды тасудың бағдары (белгілі болып отырған) туралы мәліметтер көрсетіледі.

4-баған: Сертификаттың бірегей тіркеу нөмірі, сертификатты берген ел және осы сертификат арналған ел көрсетіледі.

5-баған: Мынадай белгілер:

Тауардың шығарылған жері туралы сертификат түпнұсқасының телнұсқасы берілген жағдайда "ТАУАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТЕЛНҰСҚАСЫ НӨМІРІ __ КҮНІ__" ("DUPLICATE OF THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER_DATE").

тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқасы ауыстырылған жағдайда "ТАУАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ОРНЫНА БЕРІЛГЕН НӨМІРІ _ КҮНІ_" ("ISSUED IN SUBSTITUTION FOR THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER_DATE").

егер тауардың шығарылған жері туралы сертификат тауарды әкеткенге дейін немесе әкету кезінде берілмесе, айрықша жағдайларда "КЕЙІННЕН БЕРІЛДІ" ("ISSUED RETROSPECTIVELY") көрсетіледі.

6-баған: Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

7-баған: Қаптамалар саны мен түрі, егер қолданылатын болса, қаптамаларды таңбалау көрсетіледі.

8-баған: Тауарлардың сипаттамасы оны тексеруді жүргізетін кеден қызметкеріне сәйкестендіруге мүмкіндік беру үшін жеткілікті түрде егжей-тегжейлі болуға тиіс. Сипаттамада сондай-ақ ҮЖ-ге сәйкес тауардың кодын көрсету қамтылуға тиіс.

Тауарлар "ex" кіші тақырыбында сыныпталатын жағдайларда, 8-бағанда қамтылған сипаттама 4-4-қосымшадағы (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) сипаттамамен бірдей болуға тиіс.

9-баған: 8-бағанда көрсетілген әрбір тауар үшін кестедегі белгілемелерге сәйкес шығарылған жері өлшемшарттары көрсетіледі:

--	--

Шығарылған жері өлшемшарттары	9-бағандағы белгілеме
(a) Тауарлар 4.4-бапқа (Толық алынған немесе өндірілген тауарлар) сәйкес Тарапта толығымен алынған немесе өндірілген	WO
(b) Тауарлар 4.3-бапта (Тауарлардың шығарылған жері өлшемшарттары) көзделгендей, Тараптардың біреуінен немесе екеуінен де шығарылған материалдардан ғана Тарапта толығымен өндірілген	PE
(c) Тауарлар шығарылмайтын материалдарды пайдалана отырып, Тарапта өндірілген және 4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) белгіленген талаптарды қанағаттандырады	"CC", "CTH", "CTSH", "VAC"... %, "PSR", "*"

*Егер нақты тауарлар үшін 4-4-қосымша (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) шығарылған жерінің біреуден артық өлшемшартына жол берсе, 8-баған шығарылған жерінің қандай өлшемшартты сақталғанын көрсетуге тиіс.

Егер қосылған құнның үлесі туралы ("VAC") шығарылған жерінің өлшемшарты пайдаланылған болса, 8-бағанда VAC-тың орындалған (мысалы, VAC 51%) нақты мәні болуға тиіс;

4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) "CTC"-тен ("CC", "CTH", "CTSH") немесе "VAC... %" -тан ерекшеленетін шығарылған жерінің өлшемшарттары белгіленген жағдайларда ғана "PSR" аббревиатурасы көрсетіледі.

10-баған: Тауардың саны көрсетіледі: брутто салмағы (килограммда) немесе өзге де өлшем бірліктері (дана, литр және т.б.). Жеткізілген тауардың нақты салмағы тауардың шығарылған жері туралы сертификатта көрсетілген салмақтан бес (5) пайыздан артық болмауға тиіс.

11-баған: Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беру үшін уәкілетті органға ұсынылған инвойстың (- тардың) нөмірі(лері) мен күні (дері) көрсетіледі.

12-баған: Тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың берілген күні мен орны туралы деректер көрсетіледі, уәкілетті органның мөрі, сондай-ақ лауазымды адамның қолы қойылады.

13-баған: Тауар шығарылған елдің атауы (бір тараптан ЕАЭО-ға мүше мемлекет, екінші тараптан Сингапур Республикасы), декларацияның орны мен күні, өтініш берушінің қолы мен мөрі көрсетіледі.

14-баған: Егер:

- инвойсты Еркін сауда туралы келісімге қатысушы болып табылмайтын елдің резиденті берген болса (4.13-бап (Үшінші тараптың инвойсы)),

- өлшемшартты айқындау кезінде "de Minimis" қағидасы пайдаланылса (4.10-бап (De Minimis)),

- бір Тарапта шығарылған тауарлар түпкілікті тауарларды өндіру кезінде басқа Тарапта пайдаланылған болса (4.8-бап (Шығарылған жерінің кумуляциясы)),

- тауарлар "Азия өнімдеріне" арналған талаптарға сәйкес келетін және 4-4-қосымшада (Тауарлардың шығарылған жерінің ерекше өлшемшарттары) "ex" кіші тақырыбында сыныпталатын болса,

- 4.8-баптың (Шығарылған жерінің кумуляциясы) 2-тармағында көзделгендей, ішінара кумуляция қағидасы қолданылған болса, () белгісі қойылады.

4-3-ҚОСЫМША

ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРІ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

"Өндіруші немесе экспорттаушы _____¹ осы құжат қолданылатын тауарлар шығарылған ел ЕАЭО мен Сингапур арасындағы еркін сауда туралы келісімнің тауарлардың шығарылған жері қағидаларына сәйкес _____² болып табылады деп мәлімдейді".

3

(қол қоюшының аты, қолы, күні)

Ескертпелер:

1. Ілеспе құжаттарға сәйкес тауарды өндірушінің немесе экспорттаушының фирмалық атауы.

2. Тауар шығарылған елдің атауы.

3. Қол қойған адамның толық аты, қолы және берілген күні.

4-4-ҚОСЫМША

4-4-қосымша жеке қосымшада ұсынылып отыр.

5-ТАРАУ

КЕДЕНДІК ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ САУДА РӘСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ

5.1-бап

Мақсаттары

Осы тараудың мақсаттары:

(a) Тараптардың кеден заңнамасын қолдануда болжамдықты, дәйектілікті және ашықтықты қамтамасыз ету;

(b) кедендік рәсімдерді тиімді әкімшілендіруге және тауарларды жедел кедендік ресімдеуге жәрдемдесу;

(c) Тараптардың кедендік рәсімдерін оңайлату және, мүмкіндігінше, оларды тиісті халықаралық стандарттармен үйлестіру;

(d) Тараптардың кеден органдары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу және

(e) Тараптар арасындағы сауда рәсімдерін, оның ішінде жеткізілімнің жаһандық және өңірлік тізбектері үшін жағдайларды жақсарту арқылы оңайлату болып табылады.

5.2-бап

Қолданылу аясы

Осы тарау Тараптар арасында сатылатын тауарларға қолданылатын кедендік рәсімдер туралы Тараптардың тиісті заңнамасы мен қағидаларына сәйкес қолданылады.

5.3-бап

Анықтамалар

"Кеден заңнамасы және қағидалары" әрбір Тараптың тиісті кеден органы қолданатын немесе орындауға жататын заңнамалық және нормативтік актілерді білдіреді;

"Кеден органы" әрбір Тараптың заңнамасына сәйкес кеден заңнамасы мен қағидаларын әкімшілендіру үшін жауапты болатын құзыретті органды білдіреді;

"Кедендік рәсімдер" әрбір Тараптың кеден органы осы Тараптың кеден заңнамасы мен қағидаларының қолданылу аясына жататын тауарларға қолданатын режимді білдіреді.

5.4-бап

Кедендік рәсімдер және сауда рәсімдерін оңайлату

1. Әрбір Тарап өзінің кедендік рәсімдері мен практикасының болжамды, дәйекті, транспарентті болуын және сауданы жеңілдетуін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тараптың кедендік рәсімдері мүмкіндігінше және оның кеден заңнамасында жол берілетін шекте Дүниежүзілік кеден ұйымының стандарттарына және ұсынылатын практикаларына сәйкес келеді.

3. Әрбір Тарап сауданы жеңілдету үшін өздерінің кеден заңнамасы мен қағидаларын оңайлату мақсатында оларды қайта қарайтын болады.

5.5-бап

Ақпаратты жариялау және оның қолжетімділігі

1. Әрбір Тарап кемсітпеушілік негізде және оңай қолжетімді нысанда мүдделі тараптардың онымен танысуға мүмкіндігі болуы үшін мынадай ақпаратты жедел жариялауға тиіс:

(а) әкелу, әкету және транзит рәсімдері (порттарда, әуежайларда және басқа да өткізу пункттерінде қолданылатын рәсімдерді қоса алғанда) және қажетті нысандар мен құжаттар;

(б) импортқа немесе экспортқа байланысты алынатын кедендік баждар мен салықтардың кез келген түрінің қолданылатын мөлшерлемелері;

(с) кедендік мақсаттар үшін тауарларды сыныптау немесе бағалау қағидалары;

(d) шығарылған жері қағидаларына қатысты заңдар, заңға тәуелді актілер және жалпы қолданылатын әкімшілік өкімдер;

(e) импортқа, экспортқа немесе транзитке қатысты шектеулер немесе тыйым салулар;

(f) импорт, экспорт немесе транзит кезінде үкіметтік ведомстволар алатын немесе солардың пайдасына алынатын төлемдер мен алымдар;

(g) импорттық, экспорттық немесе транзиттік рәсімдіктерді бұзғаны үшін айыппұлдар;

(h) апелляция немесе қайта қарау рәсімдері;

(i) импортқа, экспортқа немесе транзитке қатысты кез келген елмен немесе елдермен келісімдер немесе олардың жекелеген ережелері;

(j) тарифтік квоталарды әкімшілендіруге байланысты рәсімдер.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта көрсетілген ақпаратты интернет желісінде орналастыруға және мүмкіндігінше және қажет болған жағдайда жаңартып отыруға тиіс.

3. Тараптар 1-тармақта қамтылған ақпаратты интернет желісінде ағылшын тілінде орналастыруға ұмтылатын болады.

4. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен мүдделі тұлғаларға транзиттегі тауарларды қоса алғанда, тауарларды өткізуге, шығаруға және кедендік тазалауға қатысты заңдар мен жалпы қолданылатын өзге де актілердің ұсынылып отырған енгізілуі немесе өзгертілуіне қатысты түсіндірмелер беру мүмкіндігін және жеткілікті уақыт кезеңін ұсынуға тиіс.

5. Әрбір Тарап кедендік реттеу және сауда рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша мүдделі тұлғалардың сұрау салуларын қарау үшін ақпараттық орталықтарды айқындайды. Мұндай сұрау салуларға жауаптар, егер олар ағылшын тілінде жасалған болса, ағылшын тілінде берілуге тиіс.

5.6-бап

Кедендік бағалау

Тараптар арасындағы сауда айналымындағы тауарлардың кедендік құны 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабын қолдану туралы келісімде және 1994 жылғы ГАТТ-тың VII бабында көзделген ортақ қағидаттар мен қағидаларға негізделген Тараптардың кеден заңнамасына сәйкес айқындалуға тиіс.

5.7-бап

Тарифтік сыныптау

Тараптар өздерінің арасындағы сауда айналымындағы тауарларға қатысты 1986 жылғы 24 маусымдағы Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияға қосымшада ұсынылған Үйлестірілген жүйенің соңғы редакциясына негізделген тауар номенклатурасын қолданады.

5.8-бап

Алдын ала шешімдер

1. Әрбір Тарап экспорттаушының, импорттаушының немесе кез келген тұлғаның өтініші бойынша тауарлардың шығарылған жеріне және тауардың тарифтік сыныптамасына қатысты алдын ала шешім беруге тиіс. Тараптар сондай-ақ кедендік құнды айқындауға арналған әдісті қолдануға қатысты алдын ала шешім беруді енгізуге және сақтауға ұмтылатын болады.

2. Тарап өтініш берушінің заңды өкілдігінің болуын немесе оның аумағында тіркелуін талап ете алады.

3. Тараптар:

(a) барлық қажетті ақпаратты алған сәттен бастап алпыс (60) күн ішінде тауардың тарифтік сыныптамасына қатысты;

(b) барлық қажетті ақпаратты алған сәттен бастап тоқсан (90) күннен аспайтын мерзімде тауарлардың шығарылған жеріне қатысты алдын ала шешімдер беретін болады.

4. Тараптар барлық қажетті ақпаратты алған сәттен бастап тоқсан (90) күн ішінде кедендік құнды айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдер беруге ұмтылатын болады.

5. Тараптар өзінің тиісті заңнамасы арқылы жоғарыда аталған мерзімдерді азайтуға ұмтылатын болады.

6. Тауардың тарифтік сыныптамасына қатысты алдын ала шешім оны берген күннен бастап кемінде үш (3) жыл немесе Тараптардың заңнамасында көрсетілгендей мерзімнен асатын басқа уақыт кезеңі ішінде қолданылатын болады.

7. Тауарлардың шығарылған жері қағидаларына қатысты және тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері жөніндегі алдын ала шешім оны берген күннен бастап ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде қолданылатын болады.

8. Алдын ала шешімді берген Тарап:

(a) егер шешім қате фактіге немесе жалған немесе анық емес ақпаратқа негізделген болса;

(b) егер олардың негізінде алдын ала шешім берілген елеулі фактілер немесе мән-жайлар өзгерген болса; және (немесе)

(c) сот шешіміне және (немесе) оның заңнамасының өзгеруіне сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында алдын ала шешімді өзгертуі, күшін жоюы немесе кері қайтарып алуы мүмкін.

9. Әрбір Тарап алдын ала шешімді кез келген өзгертудің, қолданылуын тоқтатудың немесе кері қайтарып алудың өзгерту, қолданылуын тоқтату немесе кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап немесе тиісті шешімде көрсетілуі мүмкін неғұрлым кеш мерзімде күшіне енуін және олардың, егер алдын ала шешім берілген тұлға жалған немесе анық емес ақпаратты ұсынбаған болса ғана, осы күнге дейін жүзеге асырылған импорттық операцияларға қолданылмауын қамтамасыз етеді.

10. Егер Тарап алдын ала шешімді ретроактивті түрде кері қайтарып алса, өзгертсе немесе жарамсыз деп таныса, ол мұны тек шешімдегі қате ақпаратқа (тауарлардың тарифтік сыныптамасы туралы немесе тауарлардың шығарылған жері туралы) әсер етпеген жағдайда ғана жасай алады.

11. Әрбір Тарап алдын ала шешімді өзгертетін, жарамсыз деп танитын немесе кері қайтарып алатын жағдайларда, ол тиісті фактілер мен осындай шешімнің негіздерін көрсете отырып, өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тарап ретроспективті түрде алдын ала шешімді кері қайтарып алса, өзгертсе немесе жарамсыз деп таныса, ол мұны шешім толық емес, дұрыс емес, жалған немесе жаңылысуға алып келетін ақпаратқа негізделген жағдайда ғана жасай алады.

12. Қандай да бір Тарап берген алдын ала шешім оны сұратқан өтініш берушіге қатысты осы Тарап үшін міндетті болып табылады. Тарап алдын ала шешімнің өтініш беруші үшін міндетті болып табылуын көздеуі мүмкін.

5.9-бап

Тауарларды уақытша әкелу

Халықаралық стандарттарға сәйкес Тараптардың кеден органдары тауарларды уақытша әкелудің кедендік рәсімі жөніндегі кедендік операциялардың жүзеге асырылуын оңайлатады.

5.10-бап

Кедендік ынтымақтастық

1. Тараптың кедендік мәселелері жөніндегі ынтымақтастықты кеңейту мақсатында, өзгелерімен қатар:

(a) кеден саласындағы ең үздік практикалармен алмасу немесе АКТ енгізу мақсатында диалог жүргізеді;

(b) импорттық, экспорттық және басқа да кедендік рәсімдерге байланысты, сондай-ақ іскерлік қоғамдастыққа тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін бірлескен бастамаларды әзірлеу мүмкіндігін қарастырады;

(c) Тараптар арасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен сауданы оңайлатудың кедендік аспектілерімен және берілім тізбектері шеңберінде бірлесіп жұмыс істейтін болады.

2. Егер импорттаушы Тарап кеден органының декларацияның шынайылығына немесе дәлдігіне күмәндануға жеткілікті негіздері болса, мұндай кеден органы бұл жағдайларда тиісті заңнамаға сәйкес екінші Тараптың кеден органына импорттық декларацияны тексеру мақсатында ақпарат беру туралы өтінішпен жүгіне алады.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес Тараптың ақпарат ұсыну жөніндегі сұрау салуы ақпараттың сұратылу мақсаты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда болуға және тиісті тауарларды сәйкестендіру үшін жеткілікті деректер қоса берілуге тиіс.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес ақпарат сұратылған Тарап мүмкіндігінше сұрау салынған ақпаратты қамтитын жазбаша жауапты жазбаша сұрау салу күнінен бастап тоқсан (90) күннен кешіктірмей шұғыл беруге тиіс.

5. Ақпарат берілгенге дейін сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасына және құқықтық жүйесіне сәйкес нақты ақпараттың сұрау салынатын Тараптың тікелей жазбаша рұқсатысыз қылмыстық тергеп-тексерулерде, сот талқылауларында немесе кедендік іске байланысты емес талқылауларда дәлелдеме ретінде пайдаланылмайтындығына кепілдік беруді сұрата алады. Егер сұрау салушы Тарап осы талаптарды орындайтындай жағдайда болмаса, ол сұрау салынатын Тарапқа бұл жөнінде хабарлауға тиіс.

5.11-бап

Кеден органдарының байланысатын тұлғалары

1. Тараптар осы тарауды іске асыру кезінде туындайтын мәселелер бойынша байланыс пункттерін тағайындайды және тағайындалған байланыс пункттерінің тізімдерімен алмасады.

2. Байланыс пункттері осы тараудың қолданылу аясына жататын жедел мәселелерді консультациялар жүргізу арқылы шешуге ұмтылатын болады.

5.12-бап

Тауарлар келгенге дейін өңдеу

1. Тауарлар келгеннен кейін оларды шығаруды жеделдету мақсатында әрбір Тарап тауарлар келгенге дейін оларды өңдеуді бастау үшін импорттық құжаттаманы және басқа да қажетті ақпаратты беруге мүмкіндік беретін рәсімдерді қабылдауға немесе сақтауға тиіс.

2. Әрбір Тарап осындай құжаттарды алдын ала өңдеу үшін мүмкіндігінше құжаттарды электрондық түрде алдын ала беруді қамтамасыз етеді.

5.13-бап

Жеделдетілген жеткізілімдер

1. Тараптың кеден органы тиісті кедендік бақылау сақтала отырып, Тараптың кеден заңнамасына сәйкес жеделдетілген жеткізілімдерге қатысты кедендік операциялардың басым тәртіппен орындалуын қамтамасыз етеді. Мұндай рәсімдер:

(а) жеделдетілген жеткізілімдерге байланысты ақпаратты тауарлар келгенге дейін өңдеуді қамтамасыз етуге;

(б) тауарларды шығару үшін шарт ретінде экспресс қызмет көрсететін компанияға мүмкіндігінше электрондық түрде Тарап орынды деп есептейтін түрде бір құжатты, мысалы, партиядағы барлық тауарды қамтитын бір манифестті немесе бір декларацияны ұсынуға рұқсат етуге;

(с) жеделдетілген жеткізілімдерді шығару үшін қажетті құжаттардың санын мүмкіндігінше барынша азайтуға; және

(d) барлық қажетті кедендік құжаттама ұсынылған жағдайда, кедендік декларация тіркелген сәттен бастап 4 (төрт) сағат ішінде жеделдетілген жеткізілімдерді шығаруға (әдеттегі жағдайларда) рұқсат етуге тиіс.

5.14-бап

Тауарларды шығару

1. Әрбір Тарап:

(a) өзінің кеден заңнамасын сақтау кепілдігі үшін қажетті мерзімнен аспайтын мерзімде тауарларды шығаруды қамтамасыз ететін;

(b) тиісті кедендік декларация тіркелген және барлық қалған талаптар орындалған жағдайда, тауарлар әрбір Тараптың аумағына келген кезден бастап 24 сағат ішінде қалыпты жағдайда оларды шығаруға мүмкіндік беретін;

(c) кеденнен тауарларды әкетуге байланысты кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, алымдар мен өзге де төлемдердің құнын айқындау және оларды төлеу бойынша Тарап көздеген рәсімдерді орындаған импорттаушыларға мүмкіндік беретін рәсімдерді қабылдайды және (немесе) сақтайды, бірақ Тарап, егер мұндай қамтамасыз ету (кепілдіктер) тауарларды шығаруға байланысты міндеттемелер, сондай-ақ барлық қалған реттеуші талаптар орындалатынын куәландыру үшін талап етілетін болса, импорттаушының тауарларды шығару үшін шарт ретінде қамтамасыз етуді (кепілдікті) беруін талап етуі мүмкін.

2. Әрбір Тарап:

(a) қамтамасыз ету (кепілдік) сомасы қамтамасыз ету (кепілдіктер) қолданылатын тауарлардың импортына байланысты кеден органдары алатын кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және өзге де төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету үшін қажетті сомадан аспауын қамтамасыз етеді.

(b) өз кеден органдары тауарларды әкелуге байланысты міндеттемелердің орындалатынына көз жеткізгеннен кейін кез келген қамтамасыз етудің (кепілдіктің) мүмкіндігінше тез арада алып тасталуын қамтамасыз етеді; сондай-ақ

(c) импорттаушыларға:

i. көптеген мәмілелер бойынша қамтамасыз етуді (кепілдіктерді) беруге; сондай-ақ

ii. Тараптың заңнамасында айқындалған кез келген нысанда қамтамасыз етуді (кепілдіктерді) беруге мүмкіндік беретін рәсімдерді қабылдайды және (немесе) белгілейді.

5.15-бап

Тәуекелдерді басқару

1. Әрбір Тарап тәуекел деңгейі жоғары жүктерге кедендік бақылауды шоғырландыру және оларды шығаруды жеделдету мақсатында тәуекел деңгейі төмен

жүктерге кедендік бақылауды қолдануды оңайлату үшін тәуекелдерді жүйелі бағалау арқылы тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануға тиіс.

2. Әрбір Тарап тәуекелдерді басқару жүйесін халықаралық саудадағы еркін немесе негізсіз кемсітушілікті немесе жасырын шектеулерді болғызбайтындай етіп әзірлейді және қолданады.

3. Әрбір Тарап тәуекелдерді басқаруды тиісті іріктеу өлшемшарттары бойынша тәуекелдерді бағалауға негіздейді. Мұндай іріктеу өлшемшарттары, өзгелерінен басқа, ҮЖ кодын, тауардың сипаты мен сипаттамасын, шығарылған елін, тауарлар тиеліп жөнелтілген елді, тауарлардың құнын, сауда операциясына қатысушылардың нормативтік талаптарды сақтауы туралы ақпаратты, сондай-ақ көлік құралының типін қамтуы мүмкін.

5 . 1 6 - б а п

Тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау

1. Тауарларды шығаруды жеделдету мақсатында әрбір Тарап кедендік және басқа да тиісті заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау рәсімін қабылдайды немесе сақтайды.

2. Әрбір Тарап тиісті іріктеу өлшемшарттарын қамтуы мүмкін тәуекелдерді бағалау негізінде кедендік ресімдеуден кейін бақылау жүргізу үшін тұлғаны немесе жеткізілімді таңдайды. Әрбір Тарап тауарларды шығарғаннан кейін транспарентті түрде бақылау жүргізуге тиіс. Егер бақылау процесіне тұлға тартылып, қорытынды нәтижелер алынған болса, Тарап деректері тексерілетін тұлғаны тексеру нәтижелері, оның құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ мүмкін болған жерде алынған нәтижелердің негіздері туралы хабардар етуге тиіс.

3. Бақылау барысында алынған ақпарат одан әрі әкімшілік немесе сот талқылауы барысында пайдаланылуы мүмкін.

4. Тараптар іс жүзінде жүзеге асыруға болатын кезде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану кезінде бақылау нәтижелерін пайдалануға тиіс.

5.17-бап

Бірыңғай терезе

1. Әрбір Тарап сауда жасаушы тұлғаларға қатысушы органдарға немесе ведомстволарға бірыңғай өткізу арнасы арқылы тауарлардың импорты, экспорты немесе транзиті үшін құжаттаманы және (немесе) талап етілетін деректерді беруге мүмкіндік бере отырып, бірыңғай терезе құруға және (немесе) оның жұмысын қолдауға тиіс. Қатысушы органдар немесе ведомстволар құжаттарды және (немесе) деректерді тексергеннен кейін нәтижелер бірыңғай терезе арқылы өтініш берушілердің назарына уақтылы жеткізілуге тиіс.

2. Құжаттар және (немесе) талап етілетін деректер бірыңғай терезе арқылы ұсынылған жағдайларда, төтенше мән-жайларды және жариялануға тиіс басқа да

ерекше жағдайларды қоспағанда, сол құжаттарды және (немесе) талап етілетін деректерді қатысушы органдар немесе ведомстволар талап етуге тиіс емес.

3. Тараптар сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға қажетті электрондық құжаттар мен деректерді өзара тану үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін ұлттық "бірыңғай терезелер" арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға ұмтылатын болады. Осы мақсатта Тараптар ұлттық "бірыңғай терезелер" арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету үшін институционалдық, құқықтық және техникалық негізді дамытуға ұмтылатын болады.

5.18-бап

Ақпараттық технологияларды қолдану және ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Кедендік операцияларды жүзеге асыру үшін әрбір тарап Дүниежүзілік кеден ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар ұсынған стандарттар мен озық практикаға сәйкес ақпараттық технологияларды қолданады.

2. Халықаралық жеткізілімдер тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған кедендік бақылауды жүзеге асырудың халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сәйкес Тараптар өзара келісу бойынша Тараптар арасында саудаланатын тауарларға қатысты Тараптардың кеден органдары арасында ақпарат алмасуды (бұдан әрі "электрондық ақпарат алмасу" деп аталады) белгілей алады және тұрақты негізде жүзеге асыра алады.

3. Тараптар 5.15-бапқа (Тәуекелдерді басқару) сәйкес тәуекелдерді бағалау мақсаттары үшін және тауарларды шығаруды жеделдету және кеден заңнамасын бұзушылықтарды болғызбау мақсатында ақпарат алмасу нәтижесінде алынған ақпаратты пайдалана алады.

4. Тараптар Еуразиялық экономикалық одақтың Интеграцияланған ақпараттық жүйесінің техникалық инфрақұрылымын және Сингапурдың бірыңғай терезесінің Ұлттық платформасының инфрақұрылымын пайдалану негізінде электрондық ақпарат алмасуды жүзеге асыруға ұмтылады.

5.19-бап

Салықтар мен алымдарды электрондық төлеу

Әрбір Тарап өзінің тиісті заңнамасы шеңберінде импортқа және экспортқа байланысты кеден органдары алатын кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және өзге де төлемдерді электрондық төлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін рәсімдерді қабылдайды және (немесе) қолдайды.

5.20-бап

Қайта қарау және апелляция рәсімдері

1. Әрбір Тарап кедендік мәселелер жөніндегі әкімшілік шешім мүдделерін қозғайтын импорттаушының, экспорттаушының немесе кез келген басқа тұлғаның:

(а) қайта қаралатын шешімді қабылдауға жауапты қызметкерден немесе кеден органынан жоғары тұрған немесе тәуелсіз кеден органының шешімдерді әкімшілік қайта қарау тетігіне; және (немесе)

(b) шешімдердің сотта қайта қаралуына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2. Апелляция жөніндегі шешім өтініш берушінің назарына жеткізіледі, мұндай шешімнің себептері жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.

5.21-бап

Айыппұлдар

Әрбір Тарап қылмыстық немесе әкімшілік айыппұлдар мен санкцияларды және қажет болған кезде осы тараудың ережелеріне байланысты өздерінің кедендік заңын бұзғаны үшін азаматтық жауапкершілікті енгізуді көздейтін шараларды қабылдайды және (немесе) сақтайды.

5.22-бап

Құпиялылық

1. Осы тарауда ешнәрсе де кез келген Тараптың осы тарауда айтылған құпия ақпаратқа қолжетімділікті ұсынуы немесе оған рұқсат беруі туралы талап ретінде түсіндірілмеуге тиіс, оны ашуды Тарап:

(а) өз заңнамасында айқындалған қоғамдық мүдделерге қайшы келеді;

(b) жеке қол сұғылмаушылықты және (немесе) қаржылық мәселелерді және қаржы мекемелерінің жекелеген клиенттерінің шоттарын қорғайтын заңнаманы қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, өз заңдарының кез келгеніне қайшы келеді;

(c) құқық қорғау қызметіне кедергі жасайды; және (немесе)

(d) жекелеген мемлекеттік немесе жекеше кәсіпорындардың бәсекелестік позициясын қамтуы мүмкін заңды коммерциялық мүдделерге нұқсан келтіреді деп есептейді.

2. Тарап осы тарауға сәйкес екінші Тарапқа ақпарат берген және ақпаратты құпия ақпарат ретінде айқындаған кезде, ақпарат алатын Тарап ақпараттың құпиялылығын сақтап қалады, оны ақпаратты берген Тарап көрсеткен мақсаттар үшін ғана пайдаланады және ақпаратты берген Тараптың арнайы жазбаша рұқсатынсыз оны ашпайды.

5.23-бап

Уәкілетті экономикалық операторларды өзара тану

Әрбір Тарап Уәкілетті экономикалық операторлар бағдарламасын жасайды және Тараптар арасында Уәкілетті экономикалық операторлар бағдарламаларын өзара тану туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігін зерделей алады.

6-ТАРАУ САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕР

6.1-бап

Мақсаттары

Осы тараудың мақсаттары:

(а) стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу, қабылдау және қолдану нәтижесінде туындауы мүмкін саудадағы артық кедергілерді болғызбау және жою;

(b) Тараптардың әрқайсысының стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін өзара түсінуіне жәрдемдесу;

(с) стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу, қабылдау және қолдану саласында Тараптар арасында ақпарат алмасуды дамыту;

(d) стандарттау, аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық органдардың жұмысында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

(е) саудадағы техникалық кедергілерге байланысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты дамыту; және

(f) осы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді қамтамасыз ету арқылы Тараптар арасындағы тауарлар саудасын оңайлату болып табылады.

6.2-бап

Қолданылу аясы

1. Осы тарау:

(а) үкіметтік органдардың өндіріс мұқтаждары мен тұтынуы үшін сатып алу мақсатында үкіметтік органдар дайындайтын сатып алудың өзіндік ерекшеліктерін;

(b) осы Келісімнің 7-тарауында (Санитариялық және фитосанитариялық шаралар) айқындалған санитариялық және фитосанитариялық шараларды қоспағанда, Тараптар арасындағы тауарлар саудасына тікелей немесе жанама түрде әсер етуі мүмкін ДСҰ-ның СТК жөніндегі келісімінің 1-қосымшасында айқындалғандай Тараптардың барлық стандарттарын, техникалық регламенттері мен сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуге, қабылдауға және қолдануға қолданылады.

2. Осы Тарауда стандарттарға, техникалық регламенттерге және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне жасалған барлық сілтемелер, болмашы сипаттағы өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, олардың кез келген өзгерістерін және қағидаларға немесе осы стандарттардың, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерінің тауарлық қамтылуына кез келген толықтыруларды қамтитындай етіп түсіндіріледі.

6.3-бап

Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін СТК келісіміне 1-қосымшада жазылған анықтамалар қолданылады.

6.4-бап

СТК келісімін қосу

1. Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, СТК келісімі Тараптар арасында қолданылады және осы құжат арқылы осы Келісімге инкорпорацияланған және оның ажырамас бөлігін құрайды.

2. Осы тарауда ешнәрсе де СТК келісіміне сәйкес Тараптардың әрқайсысының тиісті құқықтары мен міндеттемелерін шектемейді.

6.5-бап

Транспаренттілік

1. Тараптар стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуге, қабылдауға және қолдануға қатысты транспаренттіліктің маңызды екенін мойындайды.

2. Тарап СТК келісімінің 2-бабының 9-тармағына немесе 5-бабының 6-тармағына сәйкес хабарлама жіберген жағдайда, мұндай Тарап:

(a) әдетте, екінші Тарапқа және оның мүдделі тұлғаларына хабарлама жарияланғаннан кейін кем дегенде алпыс (60) күн түсіндірмелер беруге арналған кезең береді. Алпыс (60) күннен астам мерзім ұсына алатын Тарапқа осыны жасау ұсынылады;

(b) (a) тармақшасына сәйкес түсіндірмелер беруге арналған кезең ішінде екінші Тарап берген түсіндірмелерді назарға алады;

(c) екінші Тараптың сұрау салуы бойынша (b) тармақшасында айтылған түсіндірмелерге жауаптар беруге ұмтылады;

(d) жазбаша сұрау салуды алғаннан кейін он бес (15) күн ішінде ұсынылып отырған техникалық регламенттің немесе сәйкестікті бағалау рәсімінің мақсаттарына және техникалық регламент немесе сәйкестікті бағалау рәсімі оларға қалай қол жеткізетініне түсінік береді. Сұрау салу бойынша әзірленетін техникалық регламенттің немесе сәйкестікті бағалау рәсімінің сипаттамалары немесе мәтіндері де ұсынылады. Егер техникалық регламент жобасының немесе сәйкестікті бағалау рәсімінің көшірмелері сұрау салу сәтінде қолжетімді болмаса, сұрау салынатын Тарап оларды сұрау салушы Тарапқа қолжетімді болысымен жібереді.

(e) екінші Тараптың сұрау салуы бойынша, егер олар бар болса, әзірленетін техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерінің тиісті халықаралық стандарттардан, нұсқаулықтар мен ұсынымдардан елеулі айырмашылықтары туралы ақпарат береді.

(f) сұрау салу бойынша техникалық регламент немесе сәйкестікті бағалау рәсімі қабылданғанға дейін (a) тармақшасында көрсетілген, түсіндірмелер беруге арналған кезең ішінде берілген түсіндірмелерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады; және

(g) түсіндірмелер кезеңінің аяқталуы мен техникалық регламентті немесе сәйкестікті бағалау рәсімін қабылдау арасында жеткілікті уақыт беруге ұмтылады.

3. Тарап СТК келісімінің 2-бабының 10-тармағына немесе 5-бабының 7-тармағына сәйкес хабарлама жіберген жағдайда, мұндай Тарап екінші Тараптың жазбаша сұрау салуы бойынша нотификацияланатын техникалық регламенттердің немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерінің көшірмелерін осындай сұрау салуды алған сәттен бастап он (10) күн ішінде береді.

4. Әрбір Тарап қабылданған техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерін және техникалық регламенттердің жобалары мен сәйкестікті бағалау рәсімдерін мүмкіндігінше дереу жариялауды қамтамасыз етеді немесе екінші Тараптың мүдделі тұлғалары олармен таныса алатындай етіп оларға қолжетімділікті ұсынады.

5. Әрбір Тарап екінші Тарапқа сертификаттау жөніндегі органдардың және олардың аккредиттеу жөніндегі ұлттық органдары аккредиттеген сынақ зертханаларының тізбесін, сондай-ақ оларды аккредиттеу саласы туралы ақпарат береді.

6. Тараптарға стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу кезінде, оның ішінде электрондық құралдарды пайдалану, жұртшылықты хабардар ету және консультациялар арқылы қосымша транспаренттілікті қамтамасыз ететін әдістерді қарау ұсынылады.

7. Әрбір Тарап, әдетте, Тараптар үшін қауіпсіздікті, денсаулықты, қоршаған ортаны қорғауды және (немесе) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кезек күттірмейтін проблемалары туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайларды қоспағанда, техникалық регламенттер қабылданған сәттен бастап және олар күшіне енгенге дейін кемінде алты (6) ай және (немесе) ол осындай техникалық регламенттердің заңды мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімсіз болған кезде ұсынады. Алты (6) айдан астам мерзім ұсына алатын Тарапқа осыны жасау ұсынылады.

8. 7-тармақты қолдану кезінде Тараптар осы мән-жайлар кезінде өнім берушілерге осындай нақты техникалық регламент күшіне енген сәтте өз тауарларының техникалық регламенттің тиісті талаптарына сәйкестігін көрсетуге мүмкіндік беретін ақылға қонымды мерзімнің болуын қамтамасыз етеді.

9. Тараптар барынша мүмкін дәрежеде осы бапқа сәйкес ағылшын тілінде ақпарат алмасуға ұмтылады.

6.6-бап

Халықаралық стандарттар, нұсқаулықтар және ұсынымдар

1. Тараптар халықаралық стандарттардың, нұсқаулықтар мен ұсынымдардың маңызды рөлін және олардың нормативтік құқықтық актілердің, тиісті нормативтік реттеу практикасы ұқсастығының жоғары деңгейін ұстап тұруға және саудада артық кедергілерді азайтуға қосатын үлесін мойындайды

6.7-бап

Техникалық регламенттер

1. Тараптар СТК келісімінің 2-бабының 4-тармағына сәйкес қол жеткізілетін заңды мақсаттарды орындау үшін тиісті халықаралық стандарттар тиімсіз немесе сәйкес келмейтін құралдар болып табылуы мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, осындай халықаралық стандарттарды немесе олардың тиісті бөліктерін өздерінің техникалық регламенттері үшін негіз ретінде пайдаланады. Егер Тарап осындай халықаралық стандарттарды немесе олардың тиісті бөліктерін өздерінің техникалық регламенттері үшін негіз ретінде пайдаланбаса, ол екінші Тараптың өтініші бойынша себептерін түсіндіреді.

2. Әрбір Тарап техникалық регламенттер дайындалған және қабылданған аумақтарды ескере отырып, өзінің бүкіл аумағында оларды біркелкі әрі дәйекті қолдануға ұмтылады.

6.8-бап

Сәйкестікті бағалау

1. Тараптар Аккредиттеу жөніндегі халықаралық форум және Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйым сияқты тиісті өңірлік және халықаралық ұйымдардың сәйкестікті бағалау саласындағы және сауданы оңайлату мақсаттары үшін ынтымақтастықты дамытудағы маңызды рөлін мойындайды. Осыған байланысты әрбір Тарап екінші Тараптың тиісті органдарының мұндай ынтымақтастықты дамыту мақсатында осындай ұйымдарға қатысу мәртебесін назарға алады.

2. Тараптар экономикалық операторлардың сол бір тауарды нарықта өткізуге қажетті сәйкестікті бағалау рәсімдерін жүргізу үшін Тарап уәкілеттік берген екі немесе одан көп осындай органдар болған жағдайларда сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды таңдай алуын қамтамасыз етеді.

3. Тараптар сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін қабылдауға ықпал ететін тетіктердің кең спектрін таниды және сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін қабылдауды оңайлату мақсатында осындай тетіктер бойынша ақпарат алмасады.

6.9-бап

Таңбалау және затбелгі жапсыру

1. Тараптар СТК келісіміне 1-қосымшаның 1-тармағына сәйкес техникалық регламент таңбалауға немесе затбелгі жапсыруға қойылатын талаптарды қамтуы немесе тек қана соларды қамтуы мүмкін екенін және мұндай техникалық регламент таңбалауға немесе затбелгі жапсыруға қойылатын міндетті талаптарды қамтитын жағдайларда, техникалық регламенттері халықаралық саудада артық кедергілер жасайтындай немесе оларды жасауға алып келетіндей және саудаға заңды мақсаттарға

қол жеткізу үшін қажет болатыннан неғұрлым шектеуші әсер ететіндей түрде әзірленбеуге, қабылданбауға және қолданылмауға тиіс СТК келісімінің 2-бабының 2-тармағында қамтылған қағидаттарға сәйкес әрекет етуге келісетінін атап өтеді.

2. Тараптар өзара сауданы оңайлату мақсатында өздерінің тиісті талаптары мен таңбалау және затбелгі жапсыру рәсімдері туралы ақпарат алмасады.

6.10-бап

Сауданы оңайлату жөніндегі келісімдер мен уағдаластықтар

1. Тараптар нақты мәселелер немесе өзара мүдде секторлары үшін қолданылатын стандарттарға, техникалық регламенттерге және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне қатысты сауданы оңайлату жөніндегі бастамаларды айқындауға ұмтылады.

2. Сауданы оңайлату жөніндегі мұндай бастамалар стандарттарды біріздендіру, техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдерінің жақындастырылуы немесе баламалылығы, сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін сақтау және өзара тану мәселелері сияқты нормативтік құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі келісімдерді немесе уағдаластықтарды қамтуы мүмкін.

3. Тараптар осындай келісімдер немесе уағдаластықтар бойынша талқылаулар барысында барлық қажетті және тиісті ақпаратты беруді қамтамасыз етеді.

4. Сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін өзара тану туралы келісімдер немесе уағдаластықтар бойынша талқылауларды немесе келіссөздерді бастау туралы шешім қабылданған жағдайда, Тараптар *inter alia*:

(a) нақты өнім түрлері мен осындай өнімдерге қойылатын тиісті талаптарды айқындауды;

(b) осындай өнім үшін техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалаудың тиісті рәсімдерінің баламалылығына бағалау жүргізуді;

(c) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың аккредиттеу немесе тағайындау жүйелеріне және аккредиттеу және (немесе) тағайындау рәсімдеріне бағалау жүргізуді қамтуы мүмкін кезеңдерде ынтымақтасады.

5. 4-тармақта көрсетілген сәйкестікті бағалау нәтижелерін өзара тану туралы келісімдерді немесе уағдаластықтарды қолдану мақсатында әрбір Тарап, әдетте, өз аумағында сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды тағайындайды.

6. Егер Тарап екінші Тараптың осындай келісімдерді немесе уағдаластықтарды талқылау туралы өтінішін қабылдамаса, ол осы Тараптың өтініші бойынша өз шешімінің себептерін жазбаша нысанда түсіндіреді.

6.11-бап

Ынтымақтастық

1. Осы тарауды қолдануды қолдау және тиісті жүйелердің өзара түсіністігін нығайту мақсатында Тараптар стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті

бағалау рәсімдері саласында өзара мүдделілікті білдіретін салаларда ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастық өзара келісілген шарттарға негізделуге тиіс.

2. Ынтымақтастық 1-тармаққа сәйкес мыналарды қамтуы мүмкін:

(a) Тараптардың әрқайсысының стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін өзара түсінуін оңайлату және арттыру мақсатында бірлескен іс-шаралар өткізу;

(b) елдерге баруды қоса алғанда, тәжірибе алмасу;

(c) стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері туралы ақпарат алмасу;

(d) саудадағы техникалық кедергілерге байланысты нарықты қадағалау жөніндегі қызмет туралы ақпарат алмасу;

(e) стандарттау және сәйкестікті бағалау жөніндегі тиісті халықаралық органдарды қоса алғанда, халықаралық форумдарда, сондай-ақ ДСҰ-ның Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі комитетінде өзара мүддені білдіретін салаларда ынтымақтастықты нығайту;

(f) Тараптардың әрқайсысында стандарттарға, техникалық регламенттерге және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне жауапты органдардың өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша ынтымақтастығына жәрдемдесу;

(g) стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу мен қолдануды жетілдіру мақсатында ғылыми және техникалық ынтымақтастық;

(h) стандарттардың, техникалық регламенттердің және сәйкестікті бағалау рәсімдерінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін тиісті нормативтік реттеу практикасын пайдалануды дамыту; және

(i) бұл өзін-өзі ақтамайтын немесе тиімсіз болған жағдайларды қоспағанда, Тараптардың ұлттық стандарттарын тиісті халықаралық стандарттармен үйлестіруді күшейтуді көтермелеу.

3. Тараптар сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін тануды оңайлатуға, нормативтік құқықтық актілер ұқсастығының жоғары деңгейін ұстап тұруға және Тараптар арасындағы саудадағы артық кедергілерді жоюға бағытталған қазіргі және ықтимал тетіктер бойынша ақпарат алмасуды және ынтымақтастықты нығайтады.

4. Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша осы тараудың қолданылу аясы шеңберінде нақты секторлар бойынша ынтымақтастық туралы ұсыныстарға тиісті көңіл бөледі.

5. Тараптар мүмкін және орынды болған кезде техникалық регламенттер мен сәйкестікті бағалау рәсімдері үшін негіз болуы мүмкін халықаралық стандарттардың, нұсқаулықтар мен ұсынымдардың өзара сауда үшін артық кедергілер тудырмауын қамтамасыз ету мақсатында бір-бірімен ынтымақтасады.

6.12-бап

Ақпарат алмасу

1. Егер осы тарауда өзгеше көзделмесе, осы тарауға сәйкес Тарап сұрататын ақпарат, әдетте, алпыс (60) күнді құрайтын ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде баспа түрінде немесе электрондық түрде беріледі.

2. Осы тарауда ешнәрсе де Тараптың ашылуы өзінің елеулі қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келеді деп есептейтін кез келген ақпаратты беруі туралы талап ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

6.13-бап

Техникалық консультациялар

1. Тарап осы тарауға сәйкес туындайтын кез келген мәселе бойынша екінші Тараппен техникалық консультацияларды сұрата алады.

2. Өзара қолайлы шешім табу мақсатында сұрау салынатын Тарап сұрау салуды алған сәттен бастап алпыс (60) күн ішінде техникалық консультацияларға кіріседі. Техникалық консультациялар Тараптар өзара келіскен кез келген тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

3. Егер сұрау салушы Тарап мәселені шұғыл деп есептесе, ол техникалық консультацияларды неғұрлым қысқа мерзімде жүргізуді талап ете алады. Қарсы тарап мұндай талаптарды ескереді.

4. Егер техникалық консультацияларға қатысушы Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, талқылаудың мазмұны және техникалық консультациялар барысында берілген кез келген ақпарат құпия болуға тиіс.

6.14-бап

Байланыс пункттері және құзыретті органдар

1. Тараптар осы тарауды қолдану мәселелері бойынша үйлестіруге жауап беретін байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін тағайындайды.

2. Осы тарауға сәйкес мұндай байланыс пункттерінің функциялары *inter alia*:

(a) 6.5-бапты (Транспаренттілік) қолдануды үйлестіруді;

(b) осы тараудың шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша ақпарат алмасуды;

(c) ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді;

(d) 6.10-бапқа (Сауданы оңайлату жөніндегі келісімдер мен уағдаластықтар) және 6.13-бапқа (Техникалық консультациялар) сәйкес сұрау салуларды жіберу мен алуды, тиісті жауаптар беруді; және

(e) осы тарауға жататын мәселелер бойынша өз аумағындағы тиісті құзыретті органдардың өзара іс-қимыл жасауын және олардың қызметін үйлестіруді қамтиды.

3. Әрбір Тарап екінші Тарапқа байланысатын адамдардың аттары, телефон нөмірлері және электрондық пошта мекенжайлары сияқты байланыс деректерін қоса

алғанда, тағайындалған байланыс пункті немесе байланыс пункттері туралы ақпарат береді. Әрбір Тарап осы ақпаратты жаңартып отыруға тиіс.

4. Әрбір Тарап екінші Тарапқа тиісті құзыретті органдар туралы ақпаратты және олардың функцияларының жазбаша сипаттамасын береді. Әрбір Тарап осы ақпаратты жаңартып отыруға тиіс.

5. 1-тармақта аталған байланыс пункттері арасындағы өзара іс-қимыл ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Тараптар осындай өзара іс-қимылға сәйкес сұрау салынатын ақпаратпен ағылшын тілінде алмасуға ұмтылады.

7-ТАРАУ САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР

7.1-бап

Мақсаттары

Осы Тараудың мақсаттары:

(a) Тараптардың аумақтарында адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді сақтай отырып, өзара саудаға санитариялық және фитосанитариялық (бұдан әрі "СФС" деп аталады) шаралардан болатын теріс әсерлерді барынша азайту.

(b) транспаренттілікті арттыру, СФС саласында ақпарат алмасуды оңайлату және Тараптардың реттеу жүйелерін өзара түсінуді жақсарту;

(c) Тараптардың құзыретті органдары арасындағы ынтымақтастықты күшейту; және

(d) осы тараудың қолданылу саласы шегінде тауарлардың өзара саудасына әсер ететін мәселелерді тиімді шешуге ықпал ететін құралды қамтамасыз ету болып табылады.

7.2-бап

Қолданылу аясы

Осы тарау Тараптар арасындағы саудаға тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін Тараптардың барлық СФС шараларына қолданылады.

7.3-бап

Анықтамалар

1. Осы тараудың мақсаттары үшін СФС келісімге А қосымшада жазылған анықтамалар қолданылады.

2. Тараптар "Алиментариус кодексі" комиссиясы (бұдан әрі "Алиментариус кодексі" деп аталады), Жануарлардың саулығын қорғау жөніндегі дүниежүзілік ұйым (бұдан әрі "ХЭБ" деп аталады) сияқты тиісті халықаралық ұйымдардың және Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенция (бұдан әрі "ӨКҚХК"

деп аталады) шеңберінде жұмыс істейтін тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдардың глоссарийлері мен анықтамаларын назарға ала отырып, осы тарауды қолдану үшін басқа да анықтамаларды қосымша келісуі мүмкін.

7.4-бап

СФС келісімін инкорпорациялау

1. Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, СФС келісімі Тараптар арасында қолданылады және осы Келісімге инкорпорацияланған және оның ажырамас бөлігін құрайды.

2. Осы тарауда ешнәрсе де СФС келісімі шеңберінде әрбір Тараптың тиісті құқықтары мен міндеттемелерін шектемейді.

7.5-бап

Транспаренттілік және ақпарат алмасу

1. Тараптар СФС шараларды әзірлеу және қолдану туралы уақтылы және тұрақты ақпарат алмасудың құндылығын мойындайды. Осы бапты қолдану кезінде Тараптар тиісті халықаралық ұйымдардың нұсқаулықтары мен ұсынымдарын назарға алады.

2. Тарап СФС келісімге В қосымшаның 5-тармағының (b) тармақшасына немесе 6-тармағының (a) тармақшасына сәйкес хабарлама жіберген жағдайда, мұндай Тарап сұрау салу бойынша әзірленіп жатқан СФС қағидалардың көшірмелерін сұрау салуды жіберген Тарапқа береді.

3. Әрбір Тарап денсаулықты қорғауға байланысты кезек күттірмейтін проблемалардың туындау немесе туындау қаупі жағдайларын қоспағанда, әзірленіп жатқан СФС шараларға екінші Тарап түсіндірмелер ұсынуы үшін ең кем дегенде алпыс (60) күн кезеңді ұсынады. Егер Тарап алпыс (60) күннен астам түсіндірмелерге арналған уақыт кезеңін ұсынуға мүмкіндігі болған жағдайда, оның ұсынысы құпталады.

4. Әрбір Тарап екінші Тараптың түсіндірмелерін назарға алады және сұрау салу бойынша оларға жауаптар береді.

5. Әрбір Тарап екінші Тараптан жазбаша сұрау салуды алған кезде Тараптардың өзара саудасында туындаған немесе туындауы мүмкін СФС шараларға байланысты кез келген мәселе жөніндегі ақпаратты уақтылы береді.

6. Экспорттаушы Тараптың сұрау салуы бойынша импорттаушы Тарап белгілі бір өнім түрлерінің импортына қойылатын, қауіпсіздікті растайтын рәсімдер мен құжаттардың нысандарын және импорттаушы Тарап көздеген СФС қадағалау саласында басқа да тиісті ақпаратты қоса алғанда, барынша мүмкін көлемде тиісті СФС талаптарды 30 күн ішінде ұсынады.

7. Экспорттаушы Тараптың сұрау салуы бойынша импорттаушы Тарап 30 күн ішінде экспорттаушы Тараптың СФС талаптар бөлігінде нарыққа қолжетімділікті ұсынуға арналған өтінімінің мәртебесі туралы ақпаратты ұсынады.

7.6-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар құзыретті органдардың тиісті жүйелерін өзара түсінуді арттыру және олардың СФС қадағалау жүйелерін жетілдіру мақсатында құзыретті органдар арасындағы СФС шаралар саласындағы ынтымақтастықты қоса алғанда, ынтымақтастықты күшейтуге уағдаласты. Өзара келісілген шарттарға негізделген мұндай ынтымақтастық:

(а) осы тараудың қолданылу саласы шеңберінде өзара мүдденің СФС мәселелеріне қатысты проблемалар бойынша бірлескен жұмыс пен ақпарат алмасуды;

(b) тиісті халықаралық ұйымдар шеңберінде тамақ өнімдері қауіпсіздігінің, адамдар өмірі немесе денсаулығы, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілігі немесе саулығы мәселелерімен айналысатын Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығын күшейтуді;

(с) Тараптардың тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану, жануарлар ауруларының таралуын және зиянкестердің таралуын болғызбау мәселелерінде әлеуетін арттыру және өзара түсінуін тереңдету мақсатында құзыретті органдар арасында тәжірибе алмасу үшін оқыту бағдарламаларын әзірлеуді;

(d) сауданы дамытуға жәрдемдесу жөніндегі бастамаларды қоса алғанда, СФС шараларымен байланысты мәселелер бойынша қосымша уағдаластықтарды қамтуы мүмкін.

2. Тараптар тауарлардың экспортталған партиясында елеулі СФС тәуекел анықталған жағдайда, уақтылы ақпарат беру жөнінде бірлескен жұмыс жүргізетін болады. Мұндай жұмыс өзара келісілген шарттарға негізделетін болады.

7.7-бап

Баламалылық

1. Тараптар баламалылық сауданы оңайлатудың маңызды құралы болып табылатынын мойындайды.

2. Тараптар бір салада немесе саланың бір бөлігінде қолданылатын жекелеген шараның және (немесе) шаралар тобының және (немесе) СФС қадағалау жүйесінің баламалылығын мойындауы мүмкін.

3. Тараптар ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі комитетінің, ӨКҚХК, ХЭБ және Алиментариус кодексінің нұсқаулықтары мен ұсынымдарын ескере отырып, жекелеген шараның және (немесе) шаралар тобының және (немесе) Тараптар жүйесінің баламалылығын тануға қатысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты.

4. Егер баламалылық танылған жағдайда, Тараптар жануарлардың немесе жануарлардан алынатын өнімдердің, өсімдіктердің немесе өсімдік тектес өнімдердің немесе импортқа арналған басқа да тиісті тауарлардың әрбір партиясын импорттау

кезінде талап етілетін, қауіпсіздікті растайтын құжаттардың екі жақты нысаны туралы келісімге қол жеткізе алады.

7.8-бап

Өңірлік жағдайларға бейімделу

1. Тараптар ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі комитетінің, ӨКҚХК, ХЭБ және "Алиментариус кодексінің" нұсқаулықтары мен ұсынымдарын ескере отырып, Тараптардың аурулардан немесе зиянкестерден бос аймақтарын, аурулар немесе зиянкестер аз таралған аймақтарын және аурулардан немесе зиянкестерден бос өндірістік аумақтарын және (немесе) компарменттерін тануды қоса алғанда, өңірлік жағдайларға бейімделуге жататын мәселелер бойынша ынтымақтастығын кеңейтуге уағдаласты.

2. Тараптар кез келген тиісті стандарттарды, ДСҰ-ның Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі комитетінің, ХЭБ және ӨКҚХК-ның нұсқаулықтарын немесе ұсынымдарын ескере отырып, осындай аймақтарды, өндірістік аумақтарды және (немесе) компарменттерді тану рәсімі, оның ішінде аурулар өршіп шыққаннан немесе зиянкестер таралғаннан кейін осындай аймақтарды, өндірістік аумақтарды және (немесе) компарменттерді тану рәсімі үшін қосымша нақтылауларды айқындай алады.

3. Егер импорттаушы Тарап экспорттаушы Тарап берген дәлелдемелерді қабылдамаған жағдайда, ол себептерін түсіндіруге тиіс және техникалық консультацияларды бастауға дайын болуға тиіс.

4. Тараптар осы баптың қолданылуын оңайлату мақсатында өздерінің жауапты органдарының ынтымақтастығына жәрдемдеседі.

7.9-бап

Аудит және инспекция

1. Әрбір Тарап өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудит және (немесе) инспекция жүргізе алады.

2. Тараптар аудит және инспекциялау саласындағы одан әрі ынтымақтастықты кеңейтуге келіседі.

3. Аудит және (немесе) инспекция жүргізу кезінде әрбір Тарап тиісті халықаралық стандарттарды, нұсқаулықтарды және ұсынымдарды назарға алады.

4. Аудит немесе инспекция жүргізетін Тарап аудит немесе инспекция жүргізілетін Тарапқа аудиттің және (немесе) инспекцияның нәтижелерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

5. Аудит немесе инспекция жүргізетін Тарап шеккен шығыстарды, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, аудит немесе инспекция жүргізетін Тарап өтейді.

7.10-бап

Қауіпсіздікті растайтын құжаттар

1. Егер саудасы Тараптар арасында жүзеге асырылатын өнімдердің қауіпсіздігін растау үшін қандай да бір құжатты ұсыну талап етілетін болса, экспорттаушы Тарап импорттаушы Тараптың талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Импорттаушы Тарап өзінің импорттық талаптарының барабар және кемсітпеушілік негізде қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар саудасы Тараптар арасында жүзеге асырылатын белгілі бір өнім түрінің немесе өнім түрлері топтарының қауіпсіздігін растау үшін екіжақты құжаттарды әзірлеу мақсатында ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты.

3. Сауданы оңайлату мақсатында Тараптар өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттарда электрондық технологияларды қолдануға жәрдемдеседі.

7.11-бап

Импорттық тексерулер

1. Экспорттаушы Тараптан импортталатын өнімге қатысты жүргізілетін импорттық тексерулер осындай импортқа байланысты санитариялық және фитосанитариялық тәуекелдерге негізделеді. Мұндай импорттық тексерулер негізделмеген кідіріссіз жүргізіледі.

2. 1-тармақты дамыту үшін импорттаушы Тарап экспорттаушы Тараптан келетін жүктерге қолданылатын тексерулердің, оның ішінде физикалық тексерулер мен зертханалық зерттеулердің жиілігін өзгерте алады.

3. Импорттық тексеру барысында өнімнің импорттаушы Тараптың тиісті импорттық талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, осыған байланысты импорттаушы Тарап қолданатын кез келген СФС шара ДСҰ-ның СФС келісіміне сәйкес болуы тиіс.

7.12-бап

Сауданы оңайлату

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, импорттаушы Тарап, әдетте, тауарлардың бір партиясында СФС талаптарына сәйкессіздікті анықтау негізінде екінші Тараппен сауданы тоқтатпайды.

7.13-бап

Техникалық консультациялар

1. Егер Тарап екінші Тараптың СФС шарасы оның осы Тараппен саудасы мәселесін қозғайды деп пайымдаған жағдайда, ол мәселені шешу мақсатында техникалық консультациялар өткізу туралы жазбаша сұрау салуды тиісті байланыс пункттері арқылы жібере алады.

2. Өзара қолайлы шешім табу мақсатында сұрау салынатын Тарап, егер өзгеше келісілмесе, алпыс (60) күннен аспайтын кезең ішінде техникалық консультацияларға кіріседі. Техникалық консультациялар мүдделі Тараптардың уағдаластығы бойынша кез келген форматта өткізілуі мүмкін.

3. Егер сұрау салушы Тарап мәселені шұғыл деп есептесе, ол кез келген талқылауды өткізу туралы сұрау салуды неғұрлым қысқа мерзімде жібере алады.

4. Техникалық консультациялар өткізу мақсатында әрбір Тарап техникалық консультациялар өткізу туралы сұрау салуды алғаннан кейін отыз (30) күн ішінде барлық қажетті ақпаратты беруге ұмтылады.

7.14-бап

Төтенше шаралар

1. Егер импорттаушы Тарап экспорттаушы Тарапқа қатысты қолданылатын адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілігін немесе саулығын қорғау үшін қажетті төтенше шараларды енгізген жағдайда, импорттаушы Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде осындай шаралар туралы экспорттаушы Тарапты хабардар етеді. Импорттаушы Тарап экспорттаушы Тарап ұсынған тиісті ақпаратты назарға алады.

2. Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша мүмкіндігінше қысқа мерзімде, егер Тараптар өзгеше туралы келіспесе, төтенше шаралар мәселелері жөніндегі тиісті құзыретті органдардың консультациялары өткізіледі.

7.15-бап

Байланыс пункттері және құзыретті органдар

1. Әрбір Тарап осы тарауды қолдану мәселелері бойынша үйлестіруге жауап беретін байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін тағайындайды.

2. Осы тараудың шеңберінде мұндай байланыс пункттерінің функциялары *inter alia*:

(a) 7.5-бапты (Транспаренттілік және ақпарат алмасу) қолдануды үйлестіруді;

(b) осы тараудың шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша ақпарат алмасуды;

(c) ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді;

(d) 7.13-бапқа (Техникалық консультациялар) және 7.14-бапқа (Төтенше шаралар) сәйкес сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді; және

(e) осы тарауға жататын тиісті мәселелер бойынша өз аумағындағы тиісті құзыретті органдардың өзара іс-қимыл жасауын және олардың қатысуын үйлестіруді қамтиды.

3. Әрбір Тарап екінші Тарапқа байланыс пункттерінің атаулары, телефон нөмірлері және электрондық пошта мекенжайлары сияқты байланыс деректерін қоса алғанда, тағайындалған байланыс пунктін немесе байланыс пункттері туралы ақпарат береді. Әрбір Тарап осы ақпаратты жаңартып отыруға тиіс.

4. Әрбір Тарап екінші Тарапқа тиісті құзыретті органдар туралы ақпаратты және олардың жауапкершілігі саласының жазбаша сипаттамасын береді. Әрбір Тарап осы ақпаратты жаңартып отыруға тиіс.

5. Байланыс пункттері арасындағы өзара іс-қимыл ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Тараптар осындай өзара іс-қимыл шеңберінде сұрау салынатын ақпаратпен ағылшын тілінде алмасуға ұмтылады.

8-ТАРАУ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

8.1-бап

Мақсаттары, қағидаттары

Тараптар экономикалық және әлеуметтік дамуға, сондай-ақ білім мен технологияларды таратуға жәрдемдесуге бағытталған ғылыми зерттеулерді, әзірлемелерді және шығармашылық қызметті ынталандыру мақсатында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мен сақтаудың маңыздылығын таниды. Тараптар сонымен бірге құқық иеленушілердің және жалпы қоғамның заңды мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етудің маңыздылығын таниды.

8.2-бап

Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін: "зияткерлік меншік" осы тараудың ережелері қолданылатын зияткерлік меншіктің барлық санаттарын білдіреді, атап айтқанда:

- (a) авторлық құқық және сабақтас құқықтар;
- (b) патенттер (өнертабыстар немесе пайдалы модельдер);
- (c) тауар белгілері;
- (d) өнеркәсіптік үлгілер;
- (e) географиялық көрсеткіштерді және (немесе) тауарлар шығарылған жерлердің атаулары; және
- (f) өсімдіктер сорттарына құқықтар.

8.3-бап

Халықаралық келісімдер

1. ЗМҚСА келісіміне қатысушылар болып табылатын Тараптар ЗМҚСА келісімінде белгіленген өз міндеттемелерін растайды. ЗМҚСА келісіміне қатысушылар болып табылмайтын Тараптар ЗМҚСА келісімінің қағидаттарын ұстанады. Тараптар:

- (a) 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясын, бұдан әрі "Париж конвенциясы" деп аталады;
- (b) 1886 жылғы 9 қыркүйектегі Әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясын;

(с) 1961 жылғы 26 қазандағы Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы Халықаралық конвенцияны;

(d) 1970 жылғы 19 маусымдағы Патент кооперациясы туралы шартты;

(е) 1971 жылғы 29 қазандағы Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын қайта шығарудан көшіруден қорғау туралы конвенцияны;

(f) 1891 жылғы 14 сәуірдегі Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімін және 1989 жылғы 27 маусымдағы Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттаманы;

(g) 1991 жылғы 19 наурыздағы Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияны (бұдан әрі "УПОВ конвенциясы" деп аталады);

(h) 1996 жылғы 20 желтоқсандағы ДЗМҰ-ның орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартын (бұдан әрі "ОФШ" деп аталады);

(i) 1996 жылғы 20 желтоқсандағы ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартын (бұдан әрі "АҚШ" деп аталады);

(j) 1977 жылғы 28 сәуірдегі Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депонирлеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартын;

(k) 1999 жылғы 2 шілдедегі Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық тіркеу туралы Гаага келісімінің Женева актісін; және

(l) 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар тақбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын қоса алғанда, өздері қатысушылары болып табылатын зияткерлік меншік саласындағы халықаралық шарттарда белгіленген өз міндеттемелерін растайды.

8.4-бап

Авторлық және сабақтас құқықтар

1. Тараптар өздерінің заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 9–14-баптарына сәйкес авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың және эфирлік хабар тарату ұйымдарының тиісінше туындыларына, орындаушылықтарына, фонограммаларына және эфирлік хабар тарату ұйымдарының бағдарламаларына қатысты мүдделерін тиімді қорғауға кепілдік береді және қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап оның заңнамасы цифрлық ортада авторлық және сабақтас құқықтардың тиімді қорғалуына және олардың сақталуына кепілдік беруін қамтамасыз етуге ұмтылады.

8.5-бап

Техникалық қорғау құралдары және құқықтарды басқару туралы ақпарат

1. Тараптар АҚШ пен ОФШ-ға сәйкес тиімді техникалық шараларды айналып өтуге қарсы барабар құқықтық қорғауды және құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар АҚШ пен ОФШ-ға сәйкес құқықтарды басқару туралы ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді.

3. Тараптың заңнамасында көзделген, осы бапта белгіленген міндеттемелерге қатысты кез келген ерекше жағдайлар олар құқықтық қорғауға кедергі келтірмейтін немесе құқықтық қорғау құралдарының барабарлығын немесе техникалық шараларды айналып өтуден құқықтық қорғау құралдарының тиімділігін төмендетпейтін жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

8.6-бап

Тауар белгілері

1. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 15–21-баптарына сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар белгілерін барабар әрі тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап тіркелген тауар белгісі иесінің сауда барысында осындай ұқсас белгіленімдерді пайдалану нәтижесінде араласу дәрежесіне дейін алып келуі мүмкін болса, оларға қатысты тауар белгісі тіркелген, белгілері бірыңғай немесе біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін бірдей немесе ұқсас белгілерді иесінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға пайдалануға рұқсат бермеуге айрықша құқығы болуын көздейді. Бірыңғай тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін бірдей белгіні пайдаланған жағдайда, араласу ықтималдығының болуы тұжырымдалуы мүмкін. Жоғарыда сипатталған құқықтар бұрын ие болған құқықтарға нұқсан келтірмейді және Тараптардың құқықтарды жүзеге асыруды оларды пайдалануға тәуелді етіп қою құқығын қозғайды.

3. Тараптар белгіні пайдалану:

(a) атауарларға немесе олардың қаптамасына белгі қою;

(b) қойылған белгісі бар тауарларды сатуға ұсыну немесе шығару; оларды нарыққа енгізу немесе оларды көрсетілген мақсаттар үшін сақтау; қызметтер көрсету кезінде белгі қою;

(c) белгі қоя отырып импорттау немесе экспорттау;

(d) белгіні шот-фактурада, шарап картасында, каталогта, іскерлік хатта, іскерлік қағазда, прејскурантта немесе кез келген жеткізгіштегі кез келген осындай құжатты қоса алғанда, басқа да коммерциялық құжатта пайдалану; және

(e) белгіні жарнамада пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екенін белгілей алады.

8.7-бап

Өнеркәсіптік үлгілер

Әрбір Тарап өз заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 25 және 26-баптарына сәйкес өнеркәсіптік үлгілерді барабар және тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

8.8-бап

Патенттер

1. Тараптар өздерінің заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 27–34- баптарына сәйкес барабар әрі тиімді патенттік қорғауды қамтамасыз етеді. Патенттік қорғау әрбір Тараптың заңнамасына сәйкес өнертабыстарды және (немесе) пайдалы модельдерді қорғау арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

2 және 3-тармақтардың ережелері сақталған жағдайда, патенттер жаңалығы бар, өнертабыстық деңгейі болса және өнеркәсіпте қолдануға болатын жағдайда, техниканың барлық салаларында, өнім немесе тәсіл болып табылатынына-табылмайтынына қарамастан, кез келген өнертабысқа беріледі. ЗМҚСА келісімінің 65-бабының 4-тармағын, 70-бабының 8-тармағын және 3-тармағын ескере отырып, өнертабыстың жасалған орнына, техника саласына, сондай-ақ өнімдердің әкелінетініне-әкелінбейтініне немесе сол жерде өндірілетініне қарамастан, патенттер беріледі және патенттік құқықтар жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Әрбір Тарап, мұндай алып тастау олардың заңнамасында пайдалануға тыйым салынуына байланысты болғандықтан ғана жасалып отырмаған жағдайда, адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілігін немесе саулығын қорғауды қоса алғанда, қоғамдық тәртіпті немесе моральды қорғау үшін немесе қоршаған ортаға елеулі залал келтірмеу үшін өз аумақтары шегінде олардың коммерциялық пайдаланылуын болдырмау қажет өнертабыстарды патенттелетін өнертабыстар саласынан алып тастай алады.

4. Әрбір Тарап сондай-ақ патенттелетін зияткерлік меншік объектілері саласынан:

(а) адамдарды немесе жануарларды емдеудің диагностикалық, терапиялық және хирургиялық әдістерін;

(b) микроорганизмдерден басқа өсімдіктер мен жануарларды, сондай-ақ биологиялық емес және микробиологиялық процестерден өзге өсімдіктерді немесе жануарларды өсірудің шын мәніндегі биологиялық тәсілдерін алып тастай алады.

Сонымен бірге, Тараптар өсімдіктер түрлерінің сұрыптарын патенттік заңнама не арнайы заңнама не оларды үйлестіру арқылы қорғауды көздейді.

5. Тараптардың әрқайсысы патенттік өтінімдердің тіркеуге мәлімделген зияткерлік меншік объектісінің компьютерлік бағдарламаны қамтитындығы негізінде ғана кері қайтарылмауына кепілдік береді. Техникалық шешім болып табылатын компьютерлік бағдарламаларға қатысты өнертабыстарға патенттік өтінімдер осындай Тараптың заңнамасына сәйкес патенттелетін зияткерлік меншік объектілерінің тізбесіне енгізілуі мүмкін.

8.9-бап

Өсімдіктердің сұрыптары

1. Тараптар УПОВ конвенциясы бойынша өз міндеттемелерін растайды.
2. Селекционердің рұқсаты қорғалатын сұрыптың тұқымдық материалына қатысты кем дегенде мынандай әрекеттерді орындау үшін:
 - (a) өндіру немесе өсімін молайту (көбейту);
 - (b) коммерциялық мақсаттарда көбейту үшін егіс кондициясына дейін жеткізу;
 - (c) сатуға ұсыну;
 - (d) сату немесе өзге коммерциялық айналымға енгізу;
 - (e) импорт немесе экспорт; және
 - (f) (a)-дан бастап (e)-ге дейін жоғарыда санамаланған іс-қимылдарды жүзеге асыру мақсаттарында сақтау үшін талап етіледі.

8.10-бап

Тауарлар шығарылған жерлердің географиялық көрсеткіштері және атауы

1. Тараптар өз аумағында өз заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 22 және 23-баптарына сәйкес географиялық көрсеткіштерді барабар және тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.
2. Тараптар өздерінің заңнамасын сақтау шартымен географиялық көрсеткіштердің тауар белгілері немесе географиялық көрсеткіштер немесе тауарлардың шығарылған жерлері атауларының жүйесі арқылы қорғалуы мүмкін екенін мойындайды.

8.11-бап

Жосықсыз бәсекелестіктен қорғау

Әрбір Тарап өз заңнамасына және Париж конвенциясының 10bis-бабына сәйкес жосықсыз бәсекелестіктен қорғауды қамтамасыз етеді.

8.12-бап

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету

Тараптар өз заңнамасына және ЗМҚСА келісімінің 41-61-баптарына сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуын қамтамасыз етеді. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын бұзудың кез келген актісіне қарсы тиімді шаралар қолдану үшін ЗМҚСА келісімінің III бөлігіне сәйкес құқықтарды сақтау рәсімдерін қамтамасыз етеді.

8.13-бап

Шекаралық шаралар

1. Тараптар өз заңнамасына және ЗМҚСА келісімнің 51-57-баптарына, 59 және 60-баптарына сәйкес заңсыз пайдаланылатын тауар белгілері бар тауарларға және

авторлық құқықтар бұза отырып өндірілген тауарларға қатысты тиімді шекаралық шараларды қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап өз құзыретті органдарының өздерінің заңнамасына сәйкес Тараптың аумағына әкелінетін немесе оның аумағынан әкетілетін авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген тауарларды және заңсыз пайдаланылатын тауар белгілері бар тауарларды жеткізуге қолданылатын шекаралық шараларға бастама жасауын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап өздерінің құзыретті органдарының оларға қатысты заңсыз пайдаланылатын тауар белгілерін қамтиды немесе өз заңнамасына сәйкес авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген деп пайымдауға негіз бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру рәсіміне бастамашылық жасауы үшін қажетті талаптардың осы рәсімдерге жүгінуге негізсіз кедергі келтірмеуін қамтамсыз етеді.

4. Әрбір Тарап құзыретті органдар тауарды заңсыз пайдаланылатын тауар белгілері бар тауар немесе авторлық құқықтарды бұза отырып өндірілген тауар ретінде айқындаған кезде, құзыретті органдардың құқық иеленушіге жүк жөнелтушінің, экспорттаушының, жүк алушының немесе импорттаушының атауы мен мекенжайлары туралы деректерді беруін қамтамасыз етеді.

5. Әрбір Тарап Тараптың сұрау салуы бойынша берілетін зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзатын тауарлар саудасы туралы ақпарат алмасу үшін байланыс пункттерін құра алады. Тараптар, атап айтқанда, өздерінің шекаралық органдары арасында ақпарат алмасуға және олардың ынтымақтастығына ықпал ете алады.

8.14-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар мына салалардағы ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтылатын болады:

(а) зияткерлік меншікті басқару, ақпарат және тәжірибе алмасу арқылы лицензиялау, тіркеу және пайдалану;

(б) географиялық көрсеткіштерді және (немесе) тауарлар шығарылған жерлердің атауларын қорғауды қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тиімді тіркеуге жәрдемдесуге бағытталған зияткерлік меншік жүйелерін енгізу туралы ақпарат алмасу;

(с) көпжақты және өңірлік форумдарда зияткерлік меншік саласындағы бастамалар саласындағы саясат мәселелері бойынша диалог;

(д) зияткерлік меншік құқықтары мен жүйелерінің артықшылықтары туралы хабардарлылықты арттыру үшін тиісті бастамалар бойынша ақпарат алмасу және ынтымақтастық;

(е) зияткерлік меншік саласында оқыту; сондай-ақ

(f) Тараптармен келісілуі мүмкін ынтымақтастықтың кез келген басқа да салалары.

2. Тараптардың біреуінің өтініші бойынша Тараптар:

(a) Тараптар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу жолдарын талқылауға;

(b) осы тарауда көзделген рәсімдерді орындауға жауапты құзыретті органдар мен тиісті байланысатын адамдар туралы бір-бірін хабардар етуге;

(c) (b) тармақшасында көрсетілген байланысатын адамдардың кез келген өзгерістері туралы бір-біріне хабарлауға; сондай-ақ

(d) осы тараудың орындалуымен байланысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізуге ұмтылуға тиіс.

3. Тараптар зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғаудың нақты мәселелері бойынша келіссөздерді бастау туралы уағдаласуы мүмкін.

4. Осы бапқа сәйкес бүкіл ынтымақтастық Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары үшін өзара қолайлы болып табылатын шарттарда жүзеге асырылады. Кез келген ынтымақтастық әрбір Тараптың ресурстарының болуына да байланысты. Бұл бап Тараптар арасында қаржы қаражатын аударуды талап етпейді.

8.15-бап

Технологиялар трансфері және зияткерлік меншік

1. Тараптар цифрлық инновацияларды, кәсіпкерлікті және озық технологиялар мен зияткерлік меншікті қолдануды қамтитын технологияларды беру салаларында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты жақсартуға арналған ақпараттық семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізуі мүмкін.

2. Кез келген Тарап Тараптың заңнамасын, ұлттық саясатты, ресурстардың болуы мен әрбір жекелеген Тараптың дайындығын ескере отырып, технологияларды беру саласындағы мүдделі мамандандырылған мекемелер арасында келіссөздерді бастауға келісуі мүмкін.

9-ТАРАУ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА

9.1-бап

Жалпы ережелер және қолданылу аясы

1. Осы тарау Тарап қабылдайтын немесе күшінде сақтайтын және электрондық саудаға әсер ететін шараларға қолданылады.

2. Тараптар экономикалық өсуді және электрондық сауда ұсынатын мүмкіндіктерді, Тараптар арасындағы өзара сауданың өсуіне оң әсер ететін электрондық сауданың серпінді және инновациялық сипатын, сондай-ақ тұтынушының электрондық саудаға сенімін арттырудың маңыздылығын мойындайды.

3. Тараптар электрондық саудаға байланысты негізсіз кедергілерді белгілеуді болғызбаудың маңыздылығын назарға ала отырып, электрондық сауданы дамытуға жәрдемдесетін болады.

4. Осы Тарау:

(a) мемлекеттік сатып алуға;

(b) Тарап немесе оның атынан жинайтын және беретін жиналатын және берілетін ақпаратты қоса алғанда, сақталатын және өңделетін ақпаратқа немесе оны жинауға, сақтауға, өңдеуге немесе беруге байланысты шараларды қоса алғанда, осындай ақпаратқа жататын шараларға қолданылмайды.

9.2-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

"**Дербес деректер**" – айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға қатысты тікелей немесе жанама ақпаратты білдіреді.

"**Электрондық құжат**" – қабылдаушы Тараптың заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ақпарат электрондық нысанда/форматта ұсынылған құжат.

9.3-бап

Кедендік баждар

1. Тараптар 1998 жылғы 20 мамырдағы ДСҰ-ның Жаһандық электрондық сауда туралы декларациясына және 1998 жылғы 25 қыркүйектегі ДСҰ-ның Электрондық сауда жөніндегі жұмыс бағдарламасына сәйкес келетін өздерінің ағымдағы тәсілін қайта растайды.

2. Тараптар 1998 жылғы 25 қыркүйектегі Электрондық сауда жөніндегі жұмыс бағдарламасына қатысты ДСҰ-ның Министрлік конференциясының кез келген болашақ шешімдеріне сәйкес осы баптың 1-тармағында айтылған өз тәсілін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

9.4-бап

Ішкі нормативтік құқықтық база

1. Әрбір Тарап мүмкіндігінше өз заңнамасында электрондық саудаға байланысты қолданылатын ұсынымдарды, келісімдерді және (немесе) модельдік заңдарды назарға алады.

2. Тараптар электрондық саудаға байланысты кез келген артық реттеуші жүктемені болғызбау қажеттігін мойындайды.

9.5-бап

Электрондық қолтаңбалар

1. Тараптар, егер олардың заңнамасында өзгеше белгіленбесе, электрондық емес нысандағы ұқсас қолтаңбалар сияқты электрондық қолтаңбалардың да ұқсас заңды күші бар екенін мойындайды.

2. Неғұрлым дәл болу үшін 1-тармақта айтылатын электрондық қолтаңбалар Тараптың заңнамасында белгіленген заңнамалық талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Тараптар бір-бірінің электрондық қолтаңбаларға байланысты заңнамасын жақсы түсінуге қол жеткізетін болады.

4. Тараптар қолданылатын жерде электрондық қолтаңбаларды өзара тануға ұмтылады.

5. Электрондық қолтаңбаларды өзара тануға жәрдемдесу мақсатында Тараптар деректердің қорғалуы мен тұтастығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, екі Тарапта да қолжетімді әзірлемелерді зерделейді.

9.6-бап

Электрондық құжаттарды пайдалану

1. Әрбір Тарап Тараптар арасындағы саудаға байланысты құжаттарды электрондық түрде көпшілікке қолжетімді етуге ұмтылады.

2. Тараптар:

(а) Тараптар арасындағы саудаға байланысты құжаттардың электрондық құжаттар нысанында Тараптардың уәкілетті органдарына ұсынылуын қамтамасыз етуге;

(б) Тараптар арасындағы саудаға байланысты құжаттардың электрондық құжат нысанында болғаны негізінде ғана оларды өңдеуден бас тартпауға;

(с) Тараптар арасындағы саудаға байланысты құжаттарды электрондық құжаттар нысанында орындалған құжаттардың түпнұсқалылығын растау қажет деген негізбен ғана қағаз түрінде беру талаптарын қамтитын шаралар қабылдамауға және (немесе) күшінде сақтамауға ұмтылады.

9.7-бап

Дербес деректерді қорғау

1. Тараптар электрондық сауданы пайдаланушылардың дербес деректерін қорғаудың экономикалық және әлеуметтік артықшылықтарын және тұтынушының электрондық саудаға сенімін арттыруға қатысты электрондық сауданың қосатын үлесін мойындайды.

2. Тараптар өз заңнамасына сәйкес дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, дербес деректерді қорғауға кепілдік беретін шараларды, сондай-ақ онымен байланысты шарттар мен талаптарды қабылдайды және (немесе) күшінде сақтайды.

9.8-бап

Электрондық саудада ақпаратты трансшекаралық беру

1. Осы бап дербес деректерді беруге байланысты шараларға қолданылмайды.

2. Тараптар әрбір Тараптың ақпаратты трансшекаралық беру бөлігінде өз заңнамасы бар екенін мойындайды.

3. Әрбір Тарап, мұндай ақпарат бизнес мақсаттары үшін және тиісті заңнамаға сәйкес пайдаланылуға тиіс болған жағдайда, электрондық байланыс құралдарының көмегімен ақпаратты трансшекаралық беруге рұқсат ете алады.

4. Осы бапта ешнәрсе де Тарапқа 15.8-бапқа "Жалпы ерекше жағдайлар" және (немесе) "Қауіпсіздік тұрғысындағы ерекше жағдайлар" 15.9-бапқа және "Аса маңызды инфрақұрылымды қорғау" 15.10-бапқа сәйкес мемлекеттік саясаттың заңды мақсаттарына қол жеткізу үшін 3-тармағына сәйкес келмейтін шараларды қабылдауға және (немесе) күшінде сақтауға тыйым салмайды.

9.9-бап

Тұтынушыларды қорғау

1. Әрбір Тарап, мүмкіндігінше, электрондық саудаға қатысатын тұтынушыларға тұтынушыларды қорғау жөніндегі шараларды қолданады.

2. Әрбір тарап тұтынушыларға зиян келтіретін немесе ықтимал зиян келтіруі мүмкін, мыналарды:

(a) өнім туралы ақпаратты бұрмалауды;

(b) одан төлем алынғаннан кейін тұтынушыға тауарларды жеткізуден немесе қызметтер көрсетуден бас тартуды; және (немесе)

(c) авторландырусыз төлем алуды немесе шоттан қаражатты есептен шығаруды камтуы мүмкін, алаяқтық және жаңылысуға алып келетін коммерциялық қызметке тыйым салу жөніндегі қолданыстағы заңнаманы қабылдайды және (немесе) күшінде қалдырады.

3. Мүмкін болған жағдайда әрбір тарап, мысалы:

(a) тұтынушы саналы түрде шешім қабылдай алуы үшін дәл әрі анық ақпарат беру;

(b) тұтынушыға тауарлардың кепілдік кезеңі және жарамдылық мерзімдері туралы хабар беру;

(c) тұтынушының сатып алу ниетін растауға сұрау салу; және

(d) тауарлардың қауіпсіздігін есепке алу сияқты тұтынушыны қорғайтын электрондық саудадағы іскерлік практикаларды қолдайды.

9.10-бап

Сұрау салынбайтын коммерциялық электрондық хабарлар

1. Әрбір Тарап алушының келісімінсіз немесе алушының бас тарту білдіргеніне қарамастан, коммерциялық немесе маркетингтік мақсаттармен электрондық

мекенжайға немесе электрондық құрылғыға жіберілетін хабарлар болып табылатын сұрау салынбайтын коммерциялық электрондық хабарлардың санын азайтудың маңызды екенін назарға алатын болады.

2. Әрбір тарап тұтынушыларды сұрау салынбайтын коммерциялық электрондық хабарламаларды таратушылардан қорғау мүмкіндігін беруге ұмтылады.

9.11-бап

Тұтынушының құқықтарын қорғау жөніндегі органдардың өзара іс-қимыл жасауы

1. Тараптар тұтынушылардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында трансшекаралық электрондық саудаға байланысты мәселелер бойынша тұтынушыларды қорғау жөніндегі өздерінің тиісті ұлттық органдары немесе басқа да тиісті органдар арасындағы ынтымақтастықтың маңызды екенін мойындайды. Осы мақсатта Тараптар тұтынушыны қорғау жөніндегі тиісті органдарды қамтитын байланыс тобын:

(a) өзара келісілген уақыт кезеңі шеңберінде заңнама және құқық қолдану бойынша ақпарат пен тәжірибе алмасу;

мүмкіндігінше, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ынтымақтасу; және

(c) 9.9-бабымен (Тұтынушыларды қорғау) және осы баппен қамтылған шараларды имплементациялауды және қолдануды бақылау мақсатында құрады.

2. Тараптар электрондық саудада тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты әлеуетті дамыту жөніндегі бастамаларды ілгерілету мүмкіндігін зерделей алады.

9.12-бап

Ынтымақтастық

Электрондық сауданың жаһандық сипатын мойындай отырып және электрондық саудаға сенім деңгейін арттыру мақсатында Тараптар:

(a) шағын және орта кәсіпорындарға электрондық сауданы пайдалану кезінде ұшырайтын кедергілерді олардың еңсеруіне көмектесу мақсатында ынтымақтасуға;

(b) заңнама және құқық қолдану мәселелері бойынша ақпарат және тәжірибе алмасуға, сондай-ақ мынадай мәселелер:

(i) дербес деректерді қорғау;

(ii) электрондық саудадағы қауіпсіздік;

(iii) сұрау салынбайтын коммерциялық электрондық хабарлар;

(iv) электронды қолтаңбалар; және

(v) электрондық сауданы оңайлатуға арналған логистика бойынша ынтымақтасуға;

(с) көп деректер, блокчейн, бұлттық есептеулер, электрондық тауар-ілеспе құжаттары және лингвистикалық технологиялар сияқты электрондық саудаға байланысты жаңа технологиялардың дамуын көтермелеуге;

(d) жекеменшік секторда өзін-өзі реттеу шараларын, оның ішінде электрондық сауданы дамытуға ықпал ететін мінез-құлық кодекстері, шарттар үлгілері және ұсынымдар арқылы қабылдауды көтермелеуге;

(e) электрондық саудада алаяқтық және жаңылысуға алып келетін практикаларды болғызбауға;

(f) мүмкін болған жағдайда, Тараптар арасындағы электрондық сауда көлемі туралы қолжетімді статистикалық ақпарат алмасуға;

(g) Тараптардың мемлекеттік құрылымдары мен жекеменшік секторының өкілдері арасында семинарлар мен сараптамалық диалогтар ұйымдастыруға ұмтылады.

9.13-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы тарауды енгізу кезінде туындайтын кез келген мәселелер бойынша, екінші Тараппен және Бірлескен комитетпен тұтастай алғанда коммуникацияға жауапты болып табылатын байланыс пунктін тағайындайды.

2. Байланыс пункттерінің функциялары:

(a) осы тараудың қолданылу аясы шеңберінде ағылшын тілінде ақпарат алмасуды;

(b) осы тараудың қолданылу аясы шеңберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді;

(c) 9.14-бапқа (Консультациялар) сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді қамтиды.

3. Әрбір Тарап екінші Тарапқа тағайындалған байланыс пункттерінің атаулары мен байланыс деректерін береді. Әрбір Тарап байланыс пункті деректерінің кез келген өзгерістері туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуге тиіс.

9.14-бап

Консультациялар

1. Тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайту мақсатында немесе осы тараудан туындайтын белгілі бір мәселелерді шешу үшін әрбір Тарап 9.13-бапқа (Байланыс пункттері) сәйкес құрылған өз байланыс пункті арқылы екінші Тараппен консультацияларға сұрау салуы мүмкін.

2. Мұндай консультациялар, егер Тараптар келіскен болса, Тараптар келіскен кез келген тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

10-ТАРАУ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

10.1-бап

Мақсаттары

Тараптар мемлекеттік сатып алу саласында Тараптар арасындағы транспаренттілік деңгейін арттырудың және ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын мойындайды.

10.2-бап

Қолданылу аясы

1. Осы тарау транспаренттілік және тиімділік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуға қатысты заңнамаға және рәсімдерге қолданылады.

2. Тараптар ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен транспаренттілік қағидаттарын айқындайды.

3. Осы тараудың мақсаттары үшін "мемлекеттік сатып алу" термині әрбір Тараптың өз заңнамасына сәйкес айқындалады.

10.3-бап

Сатып алу жүйесі туралы ақпарат

1. Тараптар ресми тілде:

(а) өзінің тиісті заңнамасын; және

(б) мұндай жариялау Тарап заңнамасында көзделген жағдайды қоса алғанда, мемлекеттік сатып алу туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты, сатып алуды өткізу туралы хабарды және шарт жасасу туралы хабарламаны 10-1-қосымшада (Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы жариялау) санамаланған ресурстарда жариялайды. Транспаренттілік деңгейін арттыру мақсатында Тараптар осындай ақпараттың қол жетімділігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап электрондық нысанда жарияланатын мемлекеттік сатып алу туралы ақпараттың мазмұнын кеңейтуге ұмтылады.

10.4-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар мемлекеттік сатып алуға қатысты мәселелер бойынша, атап айтқанда мынадай бағыттар:

(а) Тараптардың заңнамасы, практикасы және статистикасы және олардың кез келген өзгерістері туралы тәжірибе және ақпарат алмасу;

(б) мемлекеттік сатып алуда электрондық құралдарды пайдалануды дамыту;

(с) Тараптардың микро, шағын және орта кәсіпорындарға қатысты үздік практикаларын қоса алғанда, ең үздік практикалар туралы ақпарат алмасу;

(д) мемлекеттік сатып алуға қатысты мәселелер бойынша құзыретті органдардың өзара іс-қимыл жасауын нығайту;

(е) мемлекеттік сатып алудағы электрондық құжат айналымына жәрдемдесуді қоса алғанда, электрондық сатып алу саласында қауіпсіз сенімді кеңістікті дамыту; және

(ф) Тараптардың өзара келісімі бойынша айқындалған ынтымақтастықтың басқа да бағыттары бойынша ынтымақтасуға ұмтылады.

10.5-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы тарауды қолданудың кез келген мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін байланыс пунктін тағайындайды. Мұндай байланыс пункттерінің функциялары:

(а) осы тараудың қолданылу аясы шеңберінде ақпарат алмасуды қамтамасыз етуді;

(б) осы тараудың қолданылу аясы шеңберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді;

(с) 10.6-бапқа (Консультациялар) сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды жіберу мен алуды және тиісті жауаптар беруді; және

(д) осы тараудың қолданылу аясына қатысты, екінші Тараптың мүдделі адамдарының барлық сұрау салулары бойынша ақпарат беруді қамтиды.

2. Тараптар бір-біріне өздерінің байланыс пункттерінің деректерін ұсынады. Әрбір Тарап өзінің байланыс пунктіне байланысты кез келген өзгерістер туралы екінші Тарапты дереу хабардар етеді.

10.6-бап

Консультациялар

1. Бір Тараптың сұрау салуы бойынша екінші Тарап ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде осы тараудың мақсаттары үшін мемлекеттік сатып алуға қатысты түсіндірмелер бере алады.

2. Тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайту мақсатында және (немесе) осы тарауға сәйкес туындайтын нақты мәселелерді шешу үшін әрбір Тарап 10.5-бапқа (Байланыс пункттері) сәйкес құрылған екінші Тараптың байланыс пунктінің сұрау салуы бойынша екінші Тарап көтерген мәселелер бойынша консультацияларға кіріседі. Сұрау салынатын Тарап консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселені практикада барынша мүмкін жедел жағдайда толық және жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

3. Консультациялар жүзбе-жүз кездесулер нысанында және (немесе) Тараптармен келісілген басқа да нысандарда жүргізіледі.

10.7-бап

Келешектегі келіссөздер

Тараптар, қажет болған жағдайда, өздерінің тиісті мемлекеттік сатып алу нарықтарын ырықтандыру туралы келіссөздерді және егер бұл қажет болса, әлеуетті нарықтарға қол жеткізу мәселелерін талқылауды бастай алады.

10.8-бап

14-тарауды (Дауларды шешу) қолданбау

14-тарау (Дауларды шешу) осы тарауға қолданылмайды және Тараптардың ешқайсысы да осы тараудың шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес дауларды шешуге жүгінбейді.

10-1-ҚОСЫМША

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы жариялау

Армения Республикасының ресми веб-сайты - www.procurement.am;

Беларусь Республикасының ресми веб-сайттары - www.icetrade.by; www.pravo.by;
www.zakupki.butb.by; www.goszakupki.by; www.butb.by;

Қазақстан Республикасының ресми веб-сайттары - www.goszakup.gov.kz; www.adilet.zan.kz

Қырғыз Республикасының ресми веб-сайты - www.zakupki.gov.kg

Ресей Федерациясының ресми веб-сайттары –

Заңнаманы жариялау

www.pravo.gov.ru

Мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты жариялау

www.zakupki.gov.ru

Сингапур Республикасының ресми веб-сайттары –

Заңнаманы жариялау

<https://sso.agc.gov.sg>

Мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты жариялау

<https://www.gebiz.gov.sg>

11-ТАРАУ БӘСЕКЕЛЕСТІК

11.1-бап

Мақсаттары мен қағидаттары

1. Сауда қатынастарындағы адал бәсекелестіктің маңыздылығын назарға ала отырып, Тараптар бәсекелестікке қарсы практикалардың жолын кесу және осы тарауда

қамтылған мәселелер бойынша ынтымақтастық өздерінің нарықтарының тиісінше жұмыс істеуіне және сауданы ырықтандырудан түсетін пайда күмән тудырған жағдайды болғызбауға жәрдемдесетін болады деп таниды.

2. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес өз нарықтарында бәсекелестікке қарсы практикаларды болғызбау және жолын кесу үшін өзі негізді деп есептейтін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

3. Әрбір Тарап бәсекелестік саласындағы заңнаманы әзірлеу мен қолдану құқығын сақтайды. Тараптар бәсекелестік саласындағы заңнаманың сақталуына жауапты құзыретті органдардың шешімдер қабылдау тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

4. Бәсекелестік саласындағы құқық қолдану қызметі ұлттық қағидат бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

5. Әрбір Тараптың тиісті құзыретті органдары бәсекелестік саласындағы заңнаманың бұзылуы туралы кез келген адамға қатысты түпкілікті шешім шығарылғанға дейін, мұндай адамға болжамды бұзушылық жасады деп айыптау үшін негіз және өзін қорғау үшін өз позициясы мен дәлелдемелерін ұсыну мүмкіндігі берілетініне кепілдік береді.

6. Өзіне қатысты бәсекелестік саласындағы заңнаманың бұзылуы туралы шешім қабылданған адамға осы Тараптың заңнамасына сәйкес осы шешімге шағымдануға мүмкіндік беріледі.

11.2-бап

Бәсекелестікке қарсы практикалар

1. Тараптар мынадай бәсекелестікке қарсы практикалар:

(a) нарықтарында бәсекелестікке жол бермеу, шектеу, бұрмалау және (немесе) жолын кесу мақсаты және (немесе) нәтижесі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс-қимылдар; және

(b) бір және (немесе) бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектінің өз тиісті нарықтарда үстем жағдайды теріс пайдалануы осы Келісімді тиісінше іске асырумен үйлеспейді деп уағдаласты.

2. Әрбір Тарап өз заңнамасына сәйкес экономикалық қызметтің шоғырлануына осындай Тараптың нарықтарында бәсекелестікті қорғау мен дамыту үшін қажетті шамада тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

11.3-бап

Транспаренттілік

1. Әрбір Тарап 11-1-қосымшада (Бәсекелестік мәселелеріне жауапты органдардың ресми веб-сайттары) және 11-2-қосымшада (Бәсекелестік мәселелеріне жауапты

салалық органдардың ресми веб-сайттары) санамаланған ресми веб-сайттарда өзінің бәсекелестік саласындағы заңнамасын және өзінің құзыретті органдарының бәсекелестік саласындағы заңнаманың бұзылуы жөніндегі қорытынды шешімдері туралы ақпаратты жариялайды. 11-1-қосымшада (Бәсекелестік мәселелеріне жауапты органдардың ресми веб-сайттары) санамаланған веб-сайттардың мекенжайлары өзгерген жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапқа осындай өзгерістер туралы өзінің байланыс пункттері арқылы хабар береді. 11-2-қосымшада (Бәсекелестік мәселелеріне жауапты салалық органдардың ресми веб-сайттары) санамаланған веб-сайттардың мекенжайлары өзгерген жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапқа осындай өзгерістер туралы өзінің байланыс пункттері арқылы хабар беруге ұмтылады.

2. Әрбір тарап бәсекелестік саласындағы заңнаманың бұзылуы туралы істер жөніндегі тиісті құзыретті органдардың барлық қорытынды шешімдерінің жазбаша нысанда баяндалуын және олардың негізінде шешімдер қабылданған тиісті фактілер мен заңдық негіздемелерді қамтуын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап сондай-ақ:

өз заңнамасына;

(b) құпия ақпаратты қорғау қажеттігіне; және (немесе)

(c) мемлекеттік саясатты және (немесе) қоғамдық мүдделерді іске асыру мақсатында ақпаратты қорғау қажеттігіне сәйкес олардың негізінде шешімдер қабылданған фактілер мен заңдық негіздемені қолжетімді етуге ұмтылады.

1 1 . 4 - б а п

Ынтымақтастық

1. Тараптар бәсекелестік саласында тиімді құқық қолдануға жәрдемдесу мақсатында тиісті құзыретті органдар арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындайды . Ынтымақтастық:

(a) егер Тараптардың біреуі өзінің мүдделері екінші Тараптың нарықтарында бәсекелестікке қарсы практикалармен елеулі түрде қозғалды деп есептесе, бәсекелестік саласындағы тиісті құқық қолдану қызметіне бастамашылық жасау туралы сұрау салулар жіберуді қамтиды. Мұндай сұрау салу, мүмкіндігінше, бәсекелестікке қарсы практиканың бастапқы кезеңінде жасалуға тиіс және мұндай сұрау салуды барлық қажетті егжей-тегжейлерімен қоса жіберу себептерін қамтуға тиіс;

(i) сұрау салу жіберілген Тарап өзінің заңнамасының талаптарына сәйкес құқық қолдану әрекеттеріне бастамашылық жасау және (немесе) ағымдағы құқық қолдану әрекеттерін кеңейту мүмкіндігін мұқият қарайды және сұрау салушы Тарапқа осындай қараудың нәтижелері туралы практикадағы барынша мүмкін жедел жағдайда хабар береді;

(ii) құқық қолдану әрекеттеріне бастамашылық жасау және(немесе) кеңейту кезінде сұрау салу жіберілген Тарап сұрау салушы Тарапқа олардың қорытындылары туралы және, мүмкіндігінше, елеулі аралық әрекеттер туралы хабар береді.

Осы Тарауда ешнәрсе де сұрау салу жіберілген Тараптың сұрау салуда көрсетілген бәсекелестікке қарсы практикаларға қатысты құқық қолдану әрекеттерін жасау туралы шешім қабылдау бойынша іс-қимыл бостандығын шектемейді, сол сияқты сұрау салушы Тарапқа өзінің сұрау салуын кері қайтарып алуға кедергі келтірмейді.

(b) екінші Тараптың мүдделерін елеулі түрде қозғайтын құқық қолдану қызметі туралы ақпаратты қоса алғанда, бәсекелестік саласындағы өзара түсіністікті нығайту және (немесе) тиімді құқық қолдану қызметіне жәрдемдесу мақсатында Тараптар арасында ақпарат алмасу туралы сұрау салу жіберуді; және

(c) техникалық ынтымақтастықты қамтиды.

2. Мұндай ынтымақтастық Тараптармен келісілген шарттарда жүзеге асырылады.

11.5-бап

Ақпараттың құпиялылығы

1. Егер Тараптар экономикалық шоғырланудың сол бір мәмілесін бір мезгілде қарастырып, Тараптардың біреуі осы мәміле екінші Тараптың юрисдикциясындағы нарыққа ықпал етуі мүмкін деген ықтималдықты анықтаса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа осындай тұлға және (немесе) тұлғалар туралы тиісті шарттарда құпия ақпаратты ашуға келісім алу үшін және Тараптар арасындағы осындай ықпал ету туралы пікірталасқа жәрдемдесу мақсатында осы мәмілеге қатысушы бір және (немесе) одан көп тұлғаларға жүгінудің артықшылығын мойындайды.

2. Ақпарат беру туралы кез келген сұрау салуда қол жеткізу үшін осы ақпарат пайдаланылатын мақсат көрсетіледі. Бір Тарап екінші Тарапқа ақпарат берген жағдайда , мұндай ақпаратты соңғы Тарап тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады және мұндай ақпаратты ұсынатын Тараптың келісімінсіз өзге тұлғаларға және (немесе) үшінші елдерге ашуға және (немесе) беруге тиіс емес.

3. Осы тараудың ережелеріне қарамастан, Тараптардың ешқайсысы да, егер мұндай ақпаратты беруге өз заңнамасымен тыйым салынған және (немесе) оның аса маңызды мүдделеріне қайшы келген жағдайда, екінші Тарапқа ақпарат беруге міндетті емес.

11.6-бап

Консультациялар

1. Тараптардың өзара түсіністігіне жәрдемдесу мақсатында және (немесе) осы тараудың шеңберінде туындайтын белгілі бір мәселелерді шешу үшін әрбір Тарап 11.7-бапқа (Байланыс пункттері) сәйкес құрылған екінші Тараптың байланыс пунктінің сұрау салуы бойынша сұрау салынатын Тарап көтерген мәселелер бойынша консультациялар жүргізеді. Сұрау салынатын тарап консультацияның нысанасы болып

табылатын мәселені практикада барынша мүмкін жедел жағдайда толық және жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

2. Консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселе жөніндегі пікірталасқа жәрдемдесу мақсатында әрбір Тарап екінші Тарапқа құпия емес сипаттағы тиісті ақпаратты беруге ұмтылады. Тараптар конструктивті диалог арқылы қаралатын мәселе бойынша консенсусқа қол жеткізуге ұмтылады.

11.7-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы тарауды қолдану мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін байланыс пунктін тағайындайды. Мұндай байланыс пункттерінің функциялары:

(a) осы тараудың қолданылу саласы шеңберінде ақпарат алмасуды;

(b) осы тарауды қолдану саласы шеңберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберуді және алуды және тиісті жауаптар беруді;

(c) 11.6-бапқа (Консультациялар) сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды жіберуді және алуды және тиісті жауаптар беруді;

(d) осы тарауды қолдану саласына қатысты, екінші Тараптың мүдделі тұлғаларының барлық сұрау салулары бойынша ақпарат беруді қамтиды.

2. Тараптар бір-біріне телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайын және басқа да қажетті деректерді қоса алғанда, байланыс пункттері туралы ақпарат береді.

3. Тараптар өздерінің байланыс пункттеріне байланысты кез келген өзгерістер туралы бір-бірін уақтылы хабардар етіп отырады.

11.8-бап

14-тарауды қолданбау (Дауларды шешу)

14-тарау (Дауларды шешу) осы тарауға қолданылмайды және Тараптардың ешқайсысы да осы тараудың шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес дауларды шешуге жүгінбейді.

11-1-ҚОСЫМША

Бәсекелестік мәселелеріне жауапты органдардың ресми веб-сайттары

Еуразиялық экономикалық комиссия - <http://www.eurasiancommission.org/>
Армения Республикасы - <http://www.competition.am/>
Беларусь Республикасы - <http://mart.gov.by/sites/mart/home.html/>
Қазақстан Республикасы - <http://www.kremzk.gov.kz/>
Қырғыз Республикасы - <http://antimonopolia.gov.kg/>
Ресей Федерациясы - <https://fas.gov.ru/>
Сингапур Республикасы - <https://www.cccs.gov.sg>

11-2-ҚОСЫМША

Бәсекелестік мәселелеріне жауапты салалық органдардың ресми веб-сайттары

Сингапур Республикасы

Азаматтық авиация саласындағы орган - <https://www.caas.gov.sg/>

Энергетикалық нарық саласындағы орган - <https://www.ema.gov.sg/>

Бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту саласындағы орган - <https://www.imda.gov.sg/>

12-ТАРАУ

ҚОРШАҒАН ОРТА

1 2 . 1 - б а п

Мақсаттары мен қағидаттары

1. БҰҰ Бас Ассамблеясының тиісінше 2012 жылғы 27 шілдедегі және 2015 жылғы 25 қыркүйектегі Қарарларымен қабылданған Рио+20 конференциясының "Біз қалайтын болашақ" және "Біздің әлемімізді қайта құру: 2030 орнықты даму саласындағы күн тәртібі" атты қорытынды құжатын назарға ала отырып, Тараптар экономикалық даму, әлеуметтік даму және қоршаған ортаны қорғау орнықты дамудың өзара тәуелді және өзара толықтырушы бөліктері болып табылатынын мойындайды.

2. Осы Тараудың мақсаттары:

(a) қоршаған орта саласындағы өзара сауда мен саясатқа жәрдемдесу;

(b) қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейіне және Тараптардың тиісті экологиялық заңнамасын тиімді қолдануға жәрдемдесу;

(c) табиғи ресурстарды сақтау мен тұрақты пайдалануды, технологиялық дамуды, инновацияларға және жасыл өсуге ықпал ететін өзара мүдденің бірлескен жобаларын іске асыруға жәрдемдесуді қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау, жақсарту және сақтау мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін негіз жасау;

(d) саудаға байланысты экологиялық проблемаларды шешу үшін, оның ішінде ынтымақтастық арқылы шешу үшін Тараптардың мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

3. Тараптар тұрақты өндіріс пен тұтынудың, қосылған құн тізбектері арқылы табиғи ресурстарды ұтымды қамтамасыз ету мен пайдалануға жәрдемдесудің маңыздылығын растайды.

4. Ынтымақтастық өзара мүдделілік және пайда, транспаренттілік қағидаттарына негізделуге және қоршаған ортаны қорғауға шоғырлануға тиіс.

1 2 . 2 - б а п

Жалпы ережелер

1. Тараптар әрбір Тараптың өзінің қоршаған ортаны қорғау деңгейін және экологиялық даму басымдықтарын белгілеу, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнама мен саясатты қабылдау және оларға өзгерістер енгізу жөніндегі егемен құқығын растайды.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта көрсетілген заңнама мен саясаттың қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейін көздеуін және ынталандыруын, сондай-ақ осындай заңнамамен саясатты тиімді қолдануға ұмтылуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Әрбір Тарап өзінің қоршаған ортаны қорғау деңгейін арттыруды жалғастыруға да ұмтылады.

3. Тараптар өздерінің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-әрекеттері протекционизм нысанын қабылдауға тиіс емес екенін де мойындайды.

12.3-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар қоршаған орта мәселелері бойынша екіжақты, өңірлік және көпжақты деңгейлердегі бірлескен қызметтің маңыздылығын мойындайды.

2. Тараптар өздерінің ұлттық басымдықтары мен қолда бар ресурстарын назарға ала отырып, қоршаған орта саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал етуі мүмкін секторларда өзара тиімді бірлескен жобаларды іске асыруға уағдаласты. Мұндай ынтымақтастық мүмкіндігінше ЕАЭО-ға бірнеше мүше мемлекет пен Сингапурдың қатысуымен және Тараптардың консенсусы шартымен жүзеге асырылады.

3. 2-тармаққа сәйкес бірлескен қызмет өзара мүдде салаларына, өзара келісілген ережелер мен шарттарға негізделуге тиіс, ал бірлескен қызметті қаржыландыруды әрбір нақты жағдайда қатысушы Тараптар айқындайды. Мұндай ынтымақтастық өзгелерінен басқа мынадай нысандарда:

- (a) бірлескен зерттеулер мен ғылыми жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- (b) конференциялар, семинарлар, білім беру бағдарламалары және басқа да тәсілдерді қоса алғанда, ақпаратпен және ең үздік практикалармен алмасу;
- (c) сарапшылар мен зерттеушілер арасындағы алмасуды көтермелеу;
- (d) адамдардың өзара қызығушылығын танытатын жобаларға мүдделі тұлғаларды анықтау мақсатында әлеуетті бірлескен жобалар туралы тиісті ақпаратпен алмасу;
- (e) бірлескен өзара тиімді жобаларды іске асыру; және

(f) қатысушы Тараптар келіскен ынтымақтастықтың кез келген басқа да нысандарда болуы мүмкін.

12.4-бап

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Әрбір Тарап өз аумағында немесе өз юрисдикциясы шекарасында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарды ынталандыруға, өз саясаты мен практикасына осындай Тарап мақұлдаған және қабылдаған, халықаралық танылған стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес келетін қоршаған орта саласындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын өз еркімен енгізуге ұмтылуға тиіс.

1 2 . 5 - б а п

Ауа сапасының деңгейін арттыру жөніндегі әрекеттер

1. Тараптар ауаның ластануы жағымсыз салдарларға алып келетін елеулі жаһандық проблема болып табылатынын мойындайды. Тараптар экономикаға, еңбек өнімділігіне, медициналық қызмет көрсетуге және соның ішінде, туризмге арналған шығыстарға теріс әсер етуден болатын, қоғам үшін ауа ластануының жоғары деңгейдегі салдарларын да мойындайды және ауаның жоғары сапасын ұстап тұруға бағытталған саясатты ілгерілету қажеттігін растайды.

2. Тараптар әрбір Тараптың ауаны тазарту жөніндегі шаралары ішкі жағдайлар мен мүмкіндіктер ескеріле отырып жүзеге асырылатынын және әрбір Тарап өзі үшін қызығушылық тудыратын мәселелерді өзінің ұлттық басымдықтарына сәйкес қарайтынын мойындайды.

3. Тараптар ауаның ластану проблемасын шешу мақсатында ғылымның, білімнің, саясаттың, сауданың, инвестициялар мен инновациялардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға ұмтылады. Тараптар қоршаған ортаның мониторингі жөніндегі кешенді және транспарентті іс-шараларды қамтамасыз етуге және ауа сапасын жақсартуға бағытталған әрекеттерді қолдауға ұмтылады.

4. Тараптар халықаралық және өңірлік деңгейлерде ауаны ластау мәселелері бойынша ынтымақтастықты нығайту үшін мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады.

12.6-бап

Шығарындылар деңгейі төмен экономикаға көшу

1. Елдер шығарындылар деңгейі төмен экономикаға көшу келісілген әрекетті талап ететінін мойындайды.

2. Тараптар шығарындылар деңгейі төмен экономикаға көшу жөніндегі әрбір Тараптың әрекеті ұлттық жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескере отырып жүзеге

асырылуға және ұлттық басымдықтарға сәйкес келуге тиіс екенін мойындайды, Тараптар өздері үшін ортақ немесе бірлескен мүдделерді білдіретін мәселелерді шешу үшін ынтымақтаса алады.

3. 2-тармақта көрсетілген ынтымақтастық салалары мыналарды: энергия тиімділігі мәселелерін; экономикалық тиімді төмен көміртекті технологиялар мен баламалы, таза және жанартылатын энергия көздерін өндіруді; тұрақты көлікті және орнықты қалалық инфрақұрылымды дамытуды; ормандарды кесу және олардың сиреуі мәселелерін шешуді; шығарындылар деңгейінің мониторингін; нарықтық және нарықтық емес тетіктерді; шығарындылар деңгейі төмен орнықты дамытуды және жоғарыда аталған мәселелерді шешуде ақпарат пен тәжірибе алмасуды қамтуы мүмкін.

4. Тараптар, қажет болған жағдайда, шығарындылар деңгейі төмен экономикаға көшу мәселелері бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған бірлескен іс-шараларға қатысады.

12.7-бап

Консультациялар

1. Тараптардың өзара түсінісуіне жәрдемдесу мақсатында және (немесе) осы тараудың шеңберінде туындайтын белгілі бір мәселелерді шешу үшін әрбір Тарап 12.8-бабына (Байланыс пункттері) сәйкес құрылған екінші Тараптың байланыс пунктінің сұрау салуы бойынша екінші Тарап көтерген мәселелер бойынша консультациялар жүргізеді. Сұрау салынатын тарап консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселені практикадағы барынша мүмкін жедел жағдайда толық және жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

2. Консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселе бойынша пікірталасқа жәрдемдесу мақсатында әрбір Тарап екінші Тарапқа құпия емес сипаттағы тиісті ақпаратты беруге ұмтылады. Тараптар конструктивті диалог арқылы қаралып отырған мәселе бойынша консенсусқа қол жеткізуге ұмтылады.

12.8-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы тарауды қолдану мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін байланыс пунктін тағайындайды. Мұндай байланыс пункттерінің функциялары:

(a) осы тараудың қолданылу саласы шеңберінде ақпарат алмасуды;

(b) осы тарауды қолдану саласы шеңберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды жіберуді және алууды және тиісті жауаптар беруді;

(c) 12.3-баптың (Ынтымақтастық) 3-тармағына сәйкес келісілген ынтымақтастық жобаларының тізбесін қажет болған жағдайда жүргізуді;

(d) 12.7-бапқа (Консультациялар) сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды жіберуді және алууды және тиісті жауаптар беруді; және

(е) осы тарауды іске асыруға байланысты туындайтын кез келген басқа да мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауды қамтиды.

2. Тараптар бір-біріне телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайын және басқа да қажетті деректерді қоса алғанда, байланыс пункттері туралы ақпарат береді.

3. Тараптар өздерінің байланыс пункттеріне қатысты кез келген өзгерістер туралы бір-бірін уақтылы хабардар етіп отырады.

12.9-бап

14-тарауды қолданбау (Дауларды шешу)

14-тарау (Дауларды шешу) осы тарауға қолданылмайды және Тараптардың ешқайсысы да осы тараудың шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес дауларды шешуге жүгінбейді.

13-ТАРАУ ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

13.1-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

"мүдделі тұлға" жалпы қолдану шарасы шеңберінде қандай да бір құқықтар немесе міндеттер қолданылуы мүмкін кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді; және

"жалпы қолдану шарасы":

(а) нақты жағдайда белгілі бір тұлғаға, тауарға немесе көрсетілетін қызметке қолданылатын әкімшілік немесе квазисот ісін жүргізу барысында шығарылған шешімді немесе ұйғарымды; немесе

(б) белгілі бір актіге немесе практикаға қатысты шығарылатын ұйғарымды қамтымайды.

13.2-бап

Жариялау

1. Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылу саласына кіретін кез келген мәселелер бойынша өзінің жалпы қолдану шаралары екінші Тарапқа және мүдделі тұлғаларға олармен танысуға мүмкіндік беру үшін дереу жариялануын немесе өзгеше түрде еркін қол жеткізу үшін орналастырылуын қамтамасыз етеді.

2. Мүмкіндігіне қарай әрбір Тарап:

(а) қабылдау жоспарланып отырған жалпы қолданылатын кез келген осындай шараларды алдын ала жариялайды; және

(b) мүдделі тұлғаларға және екінші Тарапқа қабылдау жоспарланып отырған шаралар бойынша өзінің түсіндірмелерін беруге негізделген мүмкіндік береді.

13.3-бап

Хабарлама және ақпарат беру

1. Барынша мүмкін дәрежеде әрбір Тарап Тараптың пікірі бойынша осы Келісімнің күшіне елеулі әсер етуі немесе осы Келісімге сәйкес басқа Тараптың мүдделеріне өзгеше түрде елеулі әсер етуі мүмкін кез келген шара туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

2. Екінші Тараптың сұрау салуы бойынша Тарап бұрын сұрау салушы Тараптың осы шара туралы хабарланғанына қарамастан, осы Келісімнің қолданылу саласына кіретін кез келген мәселелер бойынша кез келген шараларға қатысты ақпаратты дереу береді және сұрақтарға жауап береді.

3. Осы бапқа сәйкес ұсынылатын кез келген хабарлама немесе ақпарат шараның осы Келісімге сәйкес келетінін-келмейтінін алдын ала анықтамаулары тиіс.

4. Осы бапқа сәйкес кез келген хабарлама, сұрау салу немесе ақпарат екінші Тарапқа тиісті байланыс пункттері арқылы беріледі.

5. 1-тармаққа сәйкес ақпарат ДСҰ-ға оның тиісті қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес хабарлама арқылы ұсынылған кезде немесе аталған ақпарат Тараптардың ресми, жалпыға қолжетімді және тегін веб-сайттарында орналастырылған кезде ақпарат алмасу өтті деп есептеледі.

13.4-бап

Әкімшілік іс жүргізу

Осы Келісімнің қолданылу саласына кіретін кез келген мәселелер бойынша жалпы қолданылатын барлық шараларды дәйекті, бейтарап және ақылға қонымды қолдану мақсатында әрбір Тарап екінші Тараптың нақты тұлғаларына, тауарларына немесе көрсететін қызметтеріне қатысты осындай шараларды қолдануға бағытталған әкімшілік іс жүргізу барысында белгілі бір жағдайларда:

(a) іс жүргізудің сипатын сипаттауды, соның негізінде іс жүргізу басталған құқықтық қорғау органының өтінішін және кез келген даулы мәселелердің жалпы сипаттамасын қоса алғанда, ішкі рәсімдерге сәйкес іс жүргізуге тікелей қатысы бар екінші Тараптың тұлғаларына іс жүргізудің қашан басталғаны туралы ақылға қонымды хабарлама беруге ұмтылуға; және

(b) мұндай тұлғаларға қандай да бір түпкілікті әкімшілік шешім қабылданғанға дейін, уақыт, іс жүргізу сипаты және қоғамдық мүдде мүмкіндік беретін дәрежеде өз ұстанымдарын қолдайтын фактілер мен дәлелдерді ұсынуға ақылға қонымды мүмкіндік беруге;

(c) рәсімдердің оның заңнамасына сәйкес болуын қамтамасыз етуге тиіс.

13.5-бап

Әкімшілік шараларды қайта қарау

1. Әрбір Тарап сот, квазисот немесе әкімшілік органдарды немесе рәсімдерді мақсаттар үшін, оның ішінде осы Келісімнің қолданылу саласына кіретін мәселелер бойынша әкімшілік шараларды дереу қайта қарау және түзету үшін құрады және (немесе) қолдайды. Мұндай органдар немесе рәсімдер бейтарап болуға және әкімшілік шаралардың сақталуын қамтамасыз ету жүктелген ведомстводан немесе органнан тәуелсіз болуға тиіс және осы мәселені шешуге қандай да бір елеулі мүдделілігі болмауға тиіс.

2. Әрбір Тарап кез келген осындай органдарда немесе кез келген осындай рәсімдерді жүзеге асыру кезінде талқылау тараптарына:

(а) өзінің тиісті позицияларын нығайтудың немесе қорғаудың ақылға қонымды мүмкіндігіне; және

(б) дәлелдемелерге және ресми ұсынылған құжаттарға негізделген немесе, егер оны оның заңнамасы талап етсе, әкімшілік орган жасаған ресми құжаттағы шешімге құқық берілуін қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап өзінің ішкі заңнамасына сәйкес шағымдануды немесе одан әрі қайта қарауды ескере отырып, мұндай шешім қаралып отырған әкімшілік шараға қатысты қолданылуын және ведомствоның немесе органның практикасын реттеуін қамтамасыз етеді.

13.6-бап

Ерекше қағидалар

Осы тараудың нысанасына жататын осы Келісімнің басқа тарауларындағы ерекше қағидалар осы тараудың ережелерінен ерекшеленетін шамада басым күшке ие болады.

14-ТАРАУ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

14.1-бап

Анықтамалар

1. Осы тараудың мақсаттары үшін:

"**төреші**" – 14.8-бапқа (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) сәйкес құрылған төрелік топтың мүшесі;

"**төрелік топ**" – 14.8-бапқа (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) сәйкес құрылған топ;

"**талқылау**", егер өзгеше көрсетілмесе, – осы тарауға сәйкес төрелік талқылау;

"Талап қоюшы Тарап" – 14.7-бапқа (Төрелік талқылаудың басталуы) сәйкес төрелік топ құруды сұрататын кез келген Тарап;

"Жауапкер Тарап" – осы Келісімнің ережелерін бұзады деп атап көрсетілетін Тарап.

2. Осы тараудың және 14-1 (Төрелік іс жүргізу тәртібі) және 14-2 (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) қосымшалардың мақсаттары үшін Тараптар ЕАЭО-ға және оған мүше мемлекеттерге қатысты талап қоюшы тарап пен жауапкер тарап деп ЕАЭО туралы шарттан туындайтын өз құзыретіне сәйкес ЕАЭО немесе даудың нысанасы бойынша өз атынан әрекет ететін, өз құзыретіне сәйкес оған мүше мемлекет түсінілетіндігі туралы уағдаласады.

14.2-бап

Мақсаты

Осы тараудың мақсаты мүмкіндігінше өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін Тараптар арасындағы кез келген дауларды болғызбау және шешу болып табылады.

14.3-бап

Қолданылу аясы

Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, осы тарау осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дауларды болғызбау немесе шешу үшін Тарап:

(a) басқа Тараптың шарасы осы Келісім бойынша міндеттемелерге сәйкес келмейді; немесе

(b) басқа Тарап осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін өзге тәсілмен орындамаған деп пайымдаған жағдайларда қолданылады.

2. Неғұрлым айқындық үшін осы Келісімге сәйкес екінші Тараптың осы Келісімге қайшы келмейтін қандай да бір шараларды қолдануы нәтижесінде Тарап ақылға қонымды күтуі мүмкін кез келген пайданы жоюдан немесе қысқартудан туындайтын даулар осы тараудың ережелерімен реттелмейді.

14.4-бап

Дауды шешу орнын таңдау

1. Осы тараудың дауларды шешу туралы ережелерін қолдану дауларды шешу рәсімдерін қоса алғанда, ДСҰ шеңберінде қандай да бір іс-қимылды кемітпеуге тиіс.

2. Егер талап қоюшы Тарап нақты шараға қатысты дауды шешу рәсімін не осы тарауға сәйкес не ДСҰ келісіміне сәйкес бастаған болса, ол бірінші талқылау аяқталғанға дейін дауларды шешудің басқа жерінде сол шараға қатысты дауды шешу рәсімін бастауға тиіс емес. Бұдан басқа, талап қоюшы Тарап әртүрлі міндеттемелерге айтарлықтай дәрежеде дау айтылмайтын немесе дауды шешудің таңдалған орны рәсімдік немесе юрисдикциялық себептер бойынша осы міндеттеменің бұзылуын жою туралы талап қою жөніндегі қорытындыларды қамтамасыз ете алмайтын жағдайлардан басқа, дауды шешу орнының мұндай қабілетсіздігі дау Тарапының іс-әрекеттерді тиісті

түрде жүзеге асырудан жалтару нәтижесі болып табылмаған жағдайда, дауды шешу жөніндегі талқылауды осы тарауға сәйкес, сол сияқты ДСҰ келісіміне сәйкес бастамауға тиіс.

3. 2-тармақтың мақсаттары үшін:

(а) ДСҰ келісіміне сәйкес дауларды шешу рәсімдері ДРУ-дің 6-бабына сәйкес Тараптың аралық топты құру туралы сұрау салуы бойынша басталған болып есептеледі және Дауларды шешу жөніндегі орган ДРУ-дің 16 және 17 (14)-баптарына сәйкес мән-жайларға байланысты аралық топтың баяндамасын және Апелляциялық органның баяндамасын бекіткен кезде аяқталған болып есептеледі; және

(b) осы тарауға сәйкес дауларды шешу рәсімдері 14.7-бапқа (Төрелік рәсімнің басталуы) сәйкес Тараптың төрелік топты құру туралы сұрау салуы бойынша басталған болып есептеледі және төрелік топ 14.11-бапқа (Төрелік топтың алдын ала және түпкілікті баяндамасы) сәйкес өзінің түпкілікті баяндамасын Тараптарға ұсынған кезде немесе төрелік рәсімдер 14.15-бапқа (Төрелік талқылауды тоқтата тұру және тоқтату) сәйкес тоқтатылатын кезде аяқталған болып есептеледі.

4. Осы тарауда ешнәрсе де Дауларды шешу жөніндегі орган рұқсат еткен міндеттемелерді тоқтата тұруды қолдану үшін Тарапқа кедергі болмауға тиіс. ДСҰ келісімі осы тарауға сәйкес міндеттемелерді тоқтата тұру үшін Тарапқа кедергі жасайтындай болып қолданылмауға тиіс.

14.5-бап

Консультациялар

1. Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану туралы әрдайым келісімге келуге және өзара келісілген шешімге қол жеткізу мақсатында консультацияға адал кірісу арқылы кез келген тиісті дауды шешуге ұмтылады.

2. Тарап Келісімнің қолданылатын ережелерін және осындай ережелердің қолданылу себептерін көрсетуді қоса алғанда, сұрау салу үшін негіздерді баяндай отырып, екінші Тараптың байланыс жасайтын тұлғасына жазбаша сұрау салуды беру арқылы консультациялар сұратады.

3. Консультациялар сұрау салуды алған күннен кейін отыз (30) күннен кешіктірілмей жүргізіледі және егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, сұрау салуды алған күннен соң алпыс (60) күннен кейін аяқталған болып есептеледі. Кезек күттірмейтін мәселелер бойынша, оның ішінде тез бұзылатын тауарлар бойынша консультациялар сұрау салуды алған күннен соң он бес (15) күннен кешіктірілмей жүргізіледі және егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, сұрау салуды алған күннен кейін отыз (30) күннен соң аяқталған болып есептеледі.

4. Консультациялар жүзбе-жүз немесе Тараптарға қолжетімді кез келген технологиялық құралдардың көмегімен жүргізілуі мүмкін. Егер консультациялар жүзбе-жүз өткізілетін болса, егер консультацияға тартылған Тараптар өзгеше туралы

уағдаласпаса, олар сұрау салу жіберілген Тараптың аумағында өткізіледі. Консультациялар құпия сипатта болады және кез келген одан кейінгі талқылаулар кезінде Тараптардың кез келгенінің құқықтарына нұқсан келтірмейді.

5. Егер сұрау салу жіберілген Тарап оны алған күнінен бастап он (10) күн ішінде консультациялар туралы сұрау салуға жауап бермесе немесе егер консультациялар 3-тармақта көрсетілген мерзімде жүргізілмесе немесе егер консультациялар өзара келісілген шешімге қол жеткізілмей аяқталса, талап қоюшы Тарап 14.7-бапқа (Төрелік талқылаудың басталуы) сәйкес төрелік топ құруды талап ете алады.

14.6-бап

Көрсетілетін қайырымды қызметтер, келісу рәсімі немесе делдалдық

1. Тараптар кез келген уақытта көрсетілетін қайырымды қызметтерді, келісу рәсімін немесе делдалдықты пайдалану туралы уағдаласа алады. Көрсетілетін қайырымды қызметтер, татуласу немесе делдалдық рәсімдері не талап қоюшы Тараптың, не жауапкер Тараптың сұрау салуы бойынша кез келген уақытта басталуы және тоқтатылуы мүмкін.

2. Егер Тараптар бұл туралы уағдаласқан болса, көрсетілетін қайырымды қызметтер, келісу рәсімі немесе делдалдық осы тарауда көзделген бүкіл төрелік талқылау процесі бойы жалғасуы мүмкін.

3. Көрсетілетін қайырымды қызметтер, келісу рәсімі және делдалдық пайдаланылған талқылаулар және, атап айтқанда, Тараптардың осы талқылаулар барысындағы позициялары құпия сипатта болады және Тараптардың кез келгенінің кез келген басқа талқылаудағы құқықтарына нұқсан келтірмейді.

14.7-бап

Төрелік талқылаудың басталуы

Төрелік топ құру туралы сұрау салу жауапкер Тараптың байланыс пунктіне жазбаша нысанда жіберіледі. Талап қоюшы Тарап өзінің сұрау салуында нақты шараны немесе өзге де даулы мәселені, консультациялардың жүргізілгенін-жүргізілмегенін және шағымның құқықтық негізінің қысқаша сипаттамасын проблема анық ұсынылатындай етіп көрсетуге тиіс.

14.8-бап

Төрелік топтың құрамы және құрылуы

1. Төрелік топ үш (3) төрешіден тұрады. Дау Тарапының әрқайсысы 14.7-бапта (Төрелік талқылаудың басталуы) көрсетілген сұрау салуды алғаннан кейін отыз (30)

күннен кешіктірмей төрешіні тағайындайды және екі төреші олардың екіншісін тағайындағаннан кейін отыз (30) күннен кешіктірмей уағдаластық бойынша үшінші төрешіні тағайындаулары тиіс.

2. Дау Тараптары үшінші төреші тағайындалғаннан кейін жеті (7) күннен кешіктірмей мақұлданған жағдайда төрелік топтың төрағасы ретінде әрекет ететін осы мүшенің тағайындалуын бекітуге немесе қабылдамауға тиіс.

3. Егер үшінші төреші 1-тармаққа сәйкес тағайындалмаған болса немесе дау Тараптарының біреуі үшінші төрешіні тағайындауды қабылдаса, ДСҰ-ның Бас директоры дау Тараптарының кез келгенінің өтініші бойынша келесі отыз (30) күн ішінде төрелік топтың төрағасы ретінде әрекет ететін үшінші төрешіні тағайындайды.

4. Егер дау Тараптарының біреуі 1-тармаққа сәйкес төрешіні тағайындамаса, екінші дау Тарапы келесі отыз (30) күн ішінде төрелік топтың төрағасын тағайындайтын ДСҰ-ның Бас директорына хабар бере алады. Тағайындалғаннан кейін төраға мүшесін тағайындамаған дау Тарапынан мұны он төрт (14) күн ішінде іске асыруды сұрайды. Егер мұндай мерзім өткеннен кейін бұл дау Тарапы төрешіні тағайындамаса, төраға осы тағайындауды келесі отыз (30) күн ішінде іске асыратын ДСҰ-ның Бас директорына хабар береді.

5. 3 және 4-тармақтардың мақсаттары үшін, егер ДСҰ-ның Бас директоры ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Сингапурдың азаматы болып табылған жағдайда, қажетті тағайындауларды жүзеге асыру өтінішімен ДСҰ Бас директорының орынбасарына немесе қандай да бір дау Тарапының азаматтары болып табылмайтын, одан кейінгі шенді қызметкеріне жүгінеді.

6. 3, 4 және 5-тармақтардың мақсаттары үшін, егер дау Тараптарының біреуі ДСҰ-ның мүшесі болып табылмаса, дау Тараптары БҰҰ Халықаралық Сотының (бұдан әрі "БҰҰ ХС" деп аталып) Төрағасын қажетті тағайындауларды жасауды сұрайды және олар мұндай тағайындауды қабылдауға тиіс. Егер БҰҰ ХС-ның Төрағасы қандай да бір дау Тарапының азаматы болып табылған жағдайда, қажетті тағайындауларды жүзеге асыру өтінішімен БҰҰ ХС Төрағасының орынбасарына немесе қандай да бір дау Тарапының азаматы болып табылмайтын, одан кейінгі шенді қызметкеріне жүгінеді.

7. Үш төрешінің соңғысы тағайындалған күн төрелік топтың құрылған күні болып есептеледі.

8. Төрелік топтың төрешісі болып тағайындалған кез келген адамның құқық, халықаралық сауда, осы Келісімде қамтылған басқа да мәселелер саласында немесе халықаралық сауда келісімдерінен туындайтын дауларды шешу саласында білімі мен тәжірибесі болуға тиіс. Төреші объективтілік, сенімділік, парасатты ақыл-ой және тәуелсіз болу талаптарының негізінде қатаң түрде таңдап алынады және бүкіл төрелік талқылау барысында және 14-2-қосымшаға (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) сәйкес өзін осы талаптарды негізге ала отырып ұстауға тиіс. Бұдан басқа, төраға ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Сингапурдың азаматы болуға, өзінің әдеттегі тұрғылықты

жері болуға немесе оның аумағында жұмыс істеуге тиіс емес. Төраға барлық ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен де, Сингапур Республикасымен де дипломатиялық қатынастары бар мемлекеттің азаматы болуға тиіс. Егер дау Тарапы төрелік топтың қандай да бір төрешісі осы талаптарды бұзып отыр деп есептесе, Тараптар консультациялар жүргізеді және, егер олар келісімге келетін болса, бұл төреші шеттетіледі және осы бапқа сәйкес жаңа төреші тағайындалады.

9. Егер осы бапқа сәйкес тағайындалған төрелік топтың қандай да бір төрешісі өз еркімен орнынан кетсе, талқылауға қатысуға қабілетсіз болса немесе 7-тармаққа сәйкес шеттетілсе, мирасқор бастапқыда тағайындалған төреші үшін белгіленгендей түрде тағайындалады. Мұндай жағдайда төрелік топтың жұмысы бастапқыда тағайындалған төреші өз еркімен орнынан кеткен, талқылауға қатысуға қабілетсіз болған немесе 7-тармаққа сәйкес шеттетілген күннен бастап басталатын кезеңге тоқтатыла тұрады, ал төрелік талқылауға қолданылатын барлық мерзімдер төрелік топтың жұмысы тоқтатыла тұрған кезеңге ұзартылады. Төрелік топтың жұмысы мирасқор тағайындалған күні қайта басталады. Мирасқор бастапқыда тағайындалған мүшенің барлық өкілеттіктері мен міндеттеріне ие болуға тиіс.

14.9-бап

Өкілеттіктер ауқымы

Егер дау Тараптары төрелік топты құру туралы сұрау салуды алған күннен бастап жиырма (20) күн ішінде өзге туралы уағдаласпаса, төрелік топ өкілеттіктерінің келесі ауқымы айқындалады:

"Осы Келісімнің тиісті ережелері аясында 14.7-бапқа (Төрелік талқылаудың басталуы) сәйкес төрелік топты құру туралы сұрау салуда көрсетілген мәселені зерделеу және дауды шешу жөнінде қорытынды жасау, шешім шығару және кез келген ұсынымдар беру, сондай-ақ 14.11-бапқа (Төрелік топтың баяндамасы) сәйкес жазбаша баяндама ұсыну".

14.10-бап

Төрелік талқылау

1. Егер дау Тараптары өзге шешім қабылдамаса, төрелік топтың отырыстары жабық режимде өтеді.

2. Дау Тарапының әрқайсысына құжаттарды кемінде бір рет жазбаша нысанда ұсынуға және талқылау барысында кез келген таныстырылымдар, мәлімдемелер немесе жауап мәлімдемелер кезінде қатысуға мүмкіндік беріледі. Алдын ала баяндамаға кез келген түсіндірмелерді және төрелік топ берген сұрақтарға жауаптарды қоса алғанда, дау Тарапы төрелік топқа жазбаша нысанда ұсынған барлық ақпарат немесе құжаттар екінші дау Тарапына қолжетімді болуға тиіс.

3. Екінші дау Тарапының шарасы осы Келісімге сәйкес келмейді деп тұжырымдаушы дау Тарапы осындай сәйкессіздікті белгілеу ауыртпалығын көтереді. Осы Келісімге сәйкес шара ерекше жағдайға жатады деп тұжырымдаушы дау Тарапы осы ерекше жағдайдың қолданылатынын анықтау ауыртпалығын өзі көтереді.

4. Төрелік топ қажет болған жағдайда дау Тараптарынан консультация алуға және проблеманың өзара қолайлы шешілуін немесе өзара келісілген шешімді әзірлеу үшін барабар мүмкіндіктер беруге тиіс.

5. Төрелік топ консенсус негізінде кез келген шешім қабылдау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Егер шешім консенсуспен қабылданбаса, даулы мәселе көпшілік дауыспен шешіледі.

6. Дау Тарапының сұрау салуы бойынша немесе өз бастамасы бойынша төрелік топ төрелік талқылау үшін қолайлы деп есептейтін кез келген көзден ақпарат ала алады. Төрелік топ сондай-ақ өз қалауы бойынша сарапшылардың пікірін сұратуға құқылы. Төрелік топ мұндай сарапшыларды таңдау алдында дау Тараптарымен кеңеседі. Осылайша алынған кез келген ақпарат дау Тараптарына ашылуға және олардың түсіндірмелері үшін ұсынылуға тиіс. Егер төрелік топ өз баяндамасын дайындау кезінде мұндай ақпаратты ескеретін болса, ол сондай-ақ осындай ақпаратқа қатысты дау Тараптарының кез келген түсіндірмелерін ескеруге тиіс.

7. Төрелік топ талқылауларының барысы туралы ақпарат және оған ұсынылған құжаттар құпия болып табылады.

8. 7-тармаққа қарамастан, дау Тараптарының кез келгені дауға қатысты өз көзқарастары туралы жария мәлімдемелер жасай алады, бірақ екінші дау Тарапы төрелік топқа жазбаша нысанда ұсынған, осы Тарап құпия ретінде айқындаған кез келген ақпарат пен құжаттарды құпия құжаттар ретінде қарауға тиіс. Егер дау Тарапы құпия ретінде белгіленген ақпаратты немесе құжаттарды жазбаша нысанда берсе, бұл Тарап екінші дау Тарапының сұрау салуынан кейін отыз (30) күннен кешіктірмей жария етілуі мүмкін ақпараттың немесе құжаттардың құпия емес қысқаша сипаттамасын беруге тиіс.

14.11-бап

Төрелік топтың алдын ала және түпкілікті баяндамасы

1. Төрелік топ дау Тараптарына:

(a) жазбаша нысандағы құжаттардың және дау Тараптарының дәлелдерінің қысқаша сипаттамасын;

(b) істің нақты мән-жайлары бойынша негіздемесі бар тұжырымдарды;

(c) осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты және

(i) қаралып отырған шараның осы Келісім бойынша міндеттемелерге қайшы келетініне-келмейтініне; немесе

(ii) Тараптың осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындаудан қандай да бір өзгеше түрде жалтарғанына-жалтармағанына қатысты өз шешімін;

(d) өкілеттіктер ауқымымен көзделген кез келген басқа да шешімді; және

(e) сәйкессіздік туралы шешім болған кезде, жауапкер Тараптың шараны осы Келісім бойынша міндеттемелерге сәйкес келтіруі туралы және дау Тараптары келіскен кезде дауды шешу тәсілдері туралы өз ұсынымын қамтитын алдын ала баяндаманы төрелік топ құрылған күннен кейін тоқсан (90) күннен немесе аса қажет болған жағдайда алпыс (60) күннен кешіктірмей ұсынады. Ол бұл мерзім сақталмайды деп есептеген жағдайларда, төрелік топтың төрағасы кідірту себептерін және төрелік топ өзінің алдын ала баяндамасын ұсынуды жоспарлап отырған күнді көрсете отырып, дау Тараптарын жазбаша хабардар етуге тиіс. Ешқандай жағдайда төрелік топ өзінің алдын ала баяндамасын құрылған күнінен кейін бір жүз жиырма (120) күннен кешіктіріп ұсынбауға тиіс.

2. Кез келген дау Тарапы төрелік топтың алдын ала баяндаманың нақты аспектілерін қарауы туралы жазбаша сұрау салуды ол ұсынылған кезден бастап отыз (30) күн ішінде бере алады. Төрелік топ дау Тараптарының алдын ала баяндамаға кез келген жазбаша түсіндірмелерін жазбаша түсіндірмелері алынған күннен бастап он бес (15) күн ішінде қарайды. Дау Тараптарының кез келген осындай жазбаша түсіндірмелерін қарағаннан кейін төрелік топ өз баяндамасына өзгерістер енгізе алады және өзі орынды деп есептейтін одан әрі қарауды жүргізе алады.

3. Төрелік топ дау Тараптарына өзінің түпкілікті баяндамасын алдын ала баяндаманы ұсынғаннан кейін қырық бес (45) күннен немесе аса қажет болған жағдайда отыз (30) күннен кешіктірмей ұсынады. Ол бұл мерзім сақталмайды деп есептеген жағдайларда, төрелік топтың төрағасы кідірту себептерін және төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасын ұсынуды жоспарлап отырған күнді көрсете отырып, дау Тараптарын жазбаша хабардар етуге тиіс. Ешқандай жағдайда төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасын құрылған күнінен кейін бір жүз сексен (180) күннен кешіктіріп ұсынбауға тиіс. Қорытынды есеп 1-тармақта көрсетілген мәселелерді қамтуға, алдын ала қарау кезеңінде ұсынылған дәлелдердің жеткілікті талдауын қамтуға және дау Тараптарының жазбаша түсіндірмелерін нақты жазып көрсетуге тиіс.

4. Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын дау Тараптары нақты дауға қатысты сөзсіз қабылдауға тиіс. Төрелік топ өзінің тұжырымдары мен ұсынымдарында осы Келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді қоса алмайды немесе оларға нұқсан келтіре алмайды.

14.12-бап

Төрелік топтың баяндамасын орындау

1. Дау Тарапының әрқайсысы төрелік топтың түпкілікті баяндамасын адал сақтау үшін қажетті кез келген шараларды қабылдайды. Егер төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасында қаралып отырған шара осы Келісім бойынша міндеттемелерге сәйкес

келмейтінін немесе жауапкер Тарап осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын анықтаса, жауапкер Тарап мүмкіндігінше осы Келісімнің бұзылуын жоюға тиіс.

2. Түпкілікті баяндаманы ұсынғаннан кейін отыз (30) күннен кешіктірмей жауапкер Тарап, егер дереу орындау мүмкін болмаса, түпкілікті баяндаманы орындау үшін талап етілетін (бұдан әрі "ақылға қонымды мерзім" деп аталады) уақыт туралы талап қоюшы Тарапты хабардар етеді. Дау Тараптары ақылға қонымды уақыт кезеңі жөнінде келісуге ұмтылады.

3. Егер дау Тараптары түпкілікті баяндаманы ұсынғаннан кейін қырық бес (45) күн ішінде ақылға қонымды мерзім туралы уағдаласпаса, талап қоюшы Тарап түпкілікті баяндаманы ұсынғаннан кейін елу (50) күннен кешіктірмей бастапқыда құрылған төрелік топтан ақылға қонымды мерзімнің ұзақтығын айқындауды жазбаша сұрай алады. Мұндай сұрау салу туралы бір мезгілде екінші дау Тарапы да хабардар етіледі. Бастапқыда құрылған төрелік топ Тараптарға ақылға қонымды мерзімнің ұзақтығы туралы өз шешімін сұрау салу берілген күннен кейін жиырма (20) күннен кешіктірмей ұсынады.

4. Егер бастапқыда құрылған төрелік топтың қандай да бір мүшесі бұдан әрі процеске қатыса алмайтын болса, 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) көзделген рәсімдер қолданылады. Ақылға қонымды мерзімнің ұзақтығы туралы шешім шығару мерзімі 3-тармақта көрсетілген сұрау салу берілген күннен кейін отыз бес (35) күннен аспауға тиіс.

5. Жауапкер Тарап түпкілікті баяндаманы орындау үшін өзі қабылдаған кез келген шаралар туралы ақылға қонымды мерзім өткенге дейін талап қоюшы Тарапты хабардар етеді. Ақылға қонымды мерзім дау Тараптарының өзара келісімі бойынша ол аяқталғанға дейін кез келген уақытта ұзартылуы мүмкін.

6. 5-тармаққа осы Келісімнің ережелеріне сәйкес мәлімделген кез келген шараның болуына немесе сәйкестігіне қатысты дау Тараптары арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, талап қоюшы Тарап бастапқыда құрылған төрелік топтан осы мәселе бойынша шешім шығаруды жазбаша сұрай алады. Мұндай сұрау салу туралы екінші Тарап, келіспеушіліктерді анық ұсыну үшін жеткілікті болатындай етіп аталған шараны сәйкес келмейді деп есептейтін кез келген нақты қаралатын шара мен 14.3-баптың (Қолданылу аясы) ережелері көрсетіле отырып, бір мезгілде хабардар етіледі. Бастапқыда құрылған төрелік топ дау Тараптарына өз шешімін сұрау салу берілген күннен кейін қырық бес (45) күннен кешіктірмей ұсынады.

7. Егер бастапқыда құрылған төрелік топтың қандай да бір мүшесі бұдан әрі процеске қатыса алмайтын болса, 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы)

көзделген рәсімдер қолданылады. Шешім шығару мерзімі 6-тармақта көрсетілген сұрау салу берілген күннен кейін алпыс (60) күннен аспауға тиіс.

14.13-бап

Басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің өтемақысы және оларды тоқтата тұру

1. Егер жауапкер Тарап 14.12-бапқа сәйкес (Төрелік топтың баяндамасын орындау) түпкілікті баяндаманы орындау үшін қабылданған қандай да бір шаралар туралы хабардар етпесе немесе егер төрелік топ 14.12-бапқа сәйкес (Төрелік топтың баяндамасын орындау) мәлімделген қандай да бір шараның жоқ екендігі немесе осы Келісімнің қандай да бір ережесіне сәйкес келмейді деген шешім шығарса, жауапкер Тарап өтемақы туралы өзара қолайлы келісімге қол жеткізу мақсатында талап қоюшы Тараппен келіссөздер жүргізеді.

2. Егер дау Тараптары өтемақы туралы уағдаласпаса:

(a) ақылға қонымды мерзім өткеннен; немесе

(b) төрелік топтың 14.12-бапқа (Төрелік топтың баяндамасын орындау) сәйкес мәлімделген кез келген шараның жоқ екендігі немесе оның осы Келісімнің қандай да бір ережесіне қайшы келетіні туралы шешімі шығарылғаннан кейін отыз (30) күн ішінде мән-жайларға байланысты, талап қоюшы Тараптың жауапкер Тарапты хабардар еткеннен кейін төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған шарамен мәні бірдей, осы Келісімнен туындайтын басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің қолданылуын тоқтата тұруға құқығы бар. Хабарламада талап қоюшы Тарап тоқтата тұруға ниет білдіріп отырған басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің деңгейі көрсетіледі және тоқтата тұруға негізделген себептер көрсетіледі. Талап қоюшы Тарап 4-тармақты ескере отырып, өз хабарламасы жауапкер Тарапқа жеткізілгеннен кейін жиырма (20) күннен соң тоқтата тұруға кірісе алады.

3. 2-тармаққа сәйкес қандай басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің қолданылуын тоқтата тұру туралы мәселені қарау кезінде:

(a) талап қоюшы Тарап алдымен төрелік топтың 14.11-бапта (Төрелік топтың алдын ала және түпкілікті баяндамасы) көрсетілген түпкілікті баяндамасына сәйкес осы Келісім бойынша міндеттемелерге сәйкес келмеу анықталған сол секторға (секторларға) қатысты басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің қолданылуын тоқтата тұруға тырысуға тиіс;

(b) егер талап қоюшы Тарап сол секторға (секторларға) қатысты басқаға беруді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруды орынсыз немесе тиімсіз деп есептесе, ол басқа секторға (секторларға) қатысты басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің қолданылуын тоқтата тұруы мүмкін; және

(с) талап қоюшы Тарап оларды тоқтата тұру осы Келісімнің жұмыс істеуін барынша аз дәрежеде бұзатын басқаға беруді немесе басқа да міндеттемелерді қарастыратын болады.

4. Жауапкер Тарап бастапқыда құрылған төрелік топтан қолданылуын талап қоюшы Тарап тоқтата тұруға ниет білдіріп отырған басқаға беру немесе басқа да міндеттемелер деңгейінің төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған шара әсер еткен басқаға беруге немесе басқа да міндеттемелерге баламалы болып табылатыны-болып табылмайтыны туралы шешім шығару жөнінде жазбаша түрде сұрау салуы мүмкін. Талап қоюшы Тарап мұндай сұрау салу туралы 2-тармақта көрсетілген жиырма күндік (20 күндік) мерзім өткенге дейін хабардар етіледі. Бастапқыда құрылған төрелік топ қажет болған жағдайда сарапшылардың пікірін сұрата отырып, дау Тараптарына өз шешімін сұрау салу берілген күннен бастап отыз (30) күннен кешіктірмей ұсынады. Басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің қолданылуы төрелік топ өз шешімін шығарғанға дейін тоқтатылмауға тиіс және кез келген тоқтата тұру төрелік топтың шешіміне сәйкес келуге тиіс.

5. Егер бастапқыда құрылған төрелік топтың қандай да бір мүшесі бұдан әрі процеске қатыса алмайтын болса, 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) көзделген рәсімдер қолданылады. Шешім шығару мерзімі 4-тармақта көрсетілген сұрау салу берілген күннен кейін қырық бес (45) күннен аспауға тиіс.

6. 1-тармақта көрсетілген өтемақы және 2-тармақта көрсетілген тоқтата тұру уақытша шаралар болып табылады. Төрелік топтың түпкілікті баяндамасында айқындалғандай, өтемақы да, тоқтата тұру да осы Келісімге кез келген сәйкессіздікті толық жоюдан артық болмайды. Кез келген тоқтата тұру сәйкессіздік толығымен жойылғанға дейін немесе 14.14-бапқа (Міндеттемелерді орындауға шолу) сәйкес сәйкессіздіктің жойылғаны немесе дау Тараптарының өзгеше түрде өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегені айқындалғанға дейін ғана қолданылады.

14.14-бап

Міндеттемелерді орындауға шолу

1. Егер жауапкер Тарап төрелік топтың түпкілікті баяндамасында бастапқыда айқындалғандай, осы Келісімге сәйкессіздікті өзі жойдым деп есептесе, ол бастапқыда тағайындалған төрелік топтан осы мәселе бойынша шешім шығару жөнінде жазбаша түрде сұрау салуы мүмкін. Мұндай сұрау салу туралы екінші дау Тарапы бір мезгілде хабардар етіледі. Бастапқыда тағайындалған төрелік топ дау Тараптарына өз шешімін сұрау салу берілген күннен кейін қырық бес (45) күннен кешіктірмей ұсынады. Егер төрелік топ жауапкер Тарап осы Келісімде көрсетілген ережелерге сәйкессіздікті жойды деп шешсе, талап қоюшы Тарап өзі енгізген басқаға беруді немесе басқа да міндеттемелерді кез келген тоқтата тұруды қолдануды тоқтатуға тиіс.

2. Егер бастапқыда құрылған төрелік топтың қандай да бір мүшесі бұдан әрі процеске қатыса алмайтын болса, 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) көзделген рәсімдер қолданылады. Шешім шығару мерзімі 1-тармақта көрсетілген сұрау салу берілген күннен кейін алпыс (60) күннен аспауға тиіс.

14.15-бап

Төрелік талқылауды тоқтата тұру және тоқтату

1. Төрелік топ екі дау Тараптарының жазбаша сұрау салуы бойынша өз жұмысын кез келген уақытта дау Тараптарымен келісілген, он екі (12) айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұрады және өз жұмысын талап қоюшы Тараптың жазбаша сұрау салуы бойынша осы келісілген кезеңнің соңында немесе екі дау Тараптарының жазбаша сұрау салуы бойынша осы келісілген кезең аяқталғанға дейін жаңартады. Егер талап қоюшы Тарап тоқтата тұрудың келісілген кезеңі аяқталғанға дейін төрелік топтың жұмысын жаңартуды талап етпесе, осы тарауға сәйкес басталған дауды шешу рәсімдері тоқтатылған болып есептеледі. 14.4-бапқа сәйкес (Дауды шешу орнын таңдау) төрелік топтың жұмысын тоқтата тұру немесе тоқтату дау Тараптарының кез келгенінің басқа талқылаудағы құқықтарына нұқсан келтірмейді.

2. Тараптар кез келген уақытта осы тарауға сәйкес басталған дауларды шешу рәсімдерін тоқтату туралы жазбаша уағдаласа алады.

14.16-бап

Рәсім қағидалары

Осы тарауға сәйкес дауларды шешу рәсімдері 14-1-қосымшасымен (Төрелік іс жүргізу тәртібі) реттеледі.

14.17-бап

Түсіндіру қағидалары

Төрелік топ халықаралық жария құқықты түсіндірудің әдеттегі қағидаларына сәйкес осы Келісімде көрсетілген ережелерді түсіндіреді.

14.18-бап

Шығыстар

Әрбір Тарап өзі тағайындаған төрешінің шығыстарын, сондай-ақ құқықтық көмекке арналған өз шығыстары мен шығасыларын көтереді. Төрелік топ төрағасының шығыстарын және талқылауды жүргізуге байланысты басқа да шығыстарды дау Тараптары тең үлеспен көтереді.

14.19-бап

Мерзімі

1. Осы тарауда белгіленген барлық мерзімдер күнтізбелік күндермен есептеледі, бұл ретте бірінші күн, егер өзгесі көрсетілмесе, сілтеме жасалатын іс-қимылдан немесе фактіден кейінгі күн болып есептеледі.

2. Осы тарауда көрсетілген кез келген мерзім Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

14 - 1-ҚОСЫМША

ТӨРЕЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Жалпы ережелер

1. 14-тарауда (Дауларды шешу) көрсетілген анықтамалар осы Қосымшаға қолданылады. Осы Қосымшаның және 14-2-қосымшаның (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) мақсаттары үшін қосымша:

"кеңесші" төрелік талқылауға байланысты осы Тарапқа консультация беру немесе көмек көрсету үшін Тарап шақырған адамды білдіреді;

"көмекші" төрешіні тағайындау шарттарына сәйкес зерттеу жүргізетін немесе төрешіге көмек көрсететін адамды білдіреді;

"кандидат" 14.8-бапқа сәйкес (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) төреші ретінде таңдау үшін қаралатын жеке тұлғаны білдіреді;

"өкіл" осы Келісімге сәйкес даудың мақсаттары үшін Тарапты білдіретін Тараптың мемлекеттік органы, ведомствосы немесе кез келген басқа да жария заңды тұлғасы тағайындаған қызметкерді немесе кез келген адамды білдіреді.

"персонал" төрешінің қызметіне қатысты бөлікте көмекшіні қоспағанда, төрешінің басшылығындағы және бақылауындағы кез келген адамды білдіреді.

2. Егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, осы Қосымша 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес дауларды шешу рәсімдеріне қолданылады.

3. Талап қоюшы Тарап дауларды шешу рәсімдерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін, атап айтқанда, егер өзгесі келісілмесе, тыңдауларды ұйымдастыру үшін жауапты болады.

Хабарламалар

4. Дау Тараптары мен төрелік топ тиісті тараптарға жазбаша нысанда ұсынылған кез келген сұрау салуды, хабарламаны, құжаттарды немесе басқа да құжатты сол күні факсимильдік берумен, тапсырысты пошта жөнелтілімімен, курьер арқылы, қолхатпен табыс ету арқылы немесе жөнелту фактісін растауды қамтамасыз ететін кез келген басқа байланыс құралының көмегімен берілген қағаз көшірмесімен қоса электрондық пошта арқылы бір мезгілде беруге тиіс. Егер өзгеше дәлелденбесе, электрондық поштамен берілетін хабарлама оны жіберген күні алынған болып есептеледі.

5. Барлық хабарламалар 15.3-бапта (Байланыс пункттері) көрсетілген дау Тараптарының тиісті байланыс пункттеріне жіберілуге тиіс.

6. Кез келген сұрау салудағы, хабарламадағы, жазбаша нысанда ұсынылған құжаттардағы немесе төрелік талқылауға қатысы бар басқа да құжаттағы техникалық сипаттағы елеусіз қателер екінші дау Тарапының қарсылықтары болмаса, осы қосымшаның 4-5-қағидаларына сәйкес өзгерістерді анық көрсететін жаңа құжатты беру арқылы түзетілуі мүмкін.

7. Егер құжат жеткізілген соңғы күн қандай да бір дау Тарапының ресми мемлекеттік мерекесімен тұспа-тұс келсе, құжат келесі жұмыс күні жеткізіледі.

Төрелік талқылаудың басталуы

8. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, дау Тараптары немесе төрелік топ төрешілерге төленуге тиіс сыйақы мен шығыстар мәселелерін қоса алғанда, орынды деп есептейтін мәселелерді айқындау үшін олар төрелік топ құрылған сәттен бастап жеті күн ішінде төрелік топпен кездесуге тиіс. Төрешілер мен дау Тараптарының өкілдері осы отырысқа телефон арқылы немесе бейнеконференция арқылы қатыса алады.

Құжаттарды жазбаша нысанда бастапқы ұсыну

9. Талап қоюшы Тарап өз құжаттарын төрелік топ құрылған күннен кейін 21 күннен кешіктірмей жазбаша нысанда ұсынады. Жауапкер Тарап өз құжаттарын талап қоюшы Тараптың құжаттары жазбаша нысанда жеткізілген күннен кейін 21 күннен кешіктірмей жазбаша нысанда ұсынады.

Төрелік топтардың жұмысы

10. Төрелік топтың төрағасы оның барлық отырыстарында төрағалық етеді. Төрелік топ төрағаға әкімшілік және процестік шешімдер қабылдау өкілеттігін бере алады.

11. Егер 14-тарауда (Дауларды шешу) өзгеше көзделмесе, төрелік топ өз қызметін телефон, факсимильдік немесе компьютерлік байланысты қоса алғанда, кез келген байланыс құралдарының көмегімен жүзеге асыра алады.

12. Төрелік топтың отырыстарына тек төрешілер ғана қатыса алады, бірақ төрелік топ өздерінің талқылаулары кезінде өз көмекшілеріне қатысуға рұқсат беруі мүмкін.

13. Талқылау барысында көтерілген барлық мәселелерді қарау және төрелік топтың кез келген шешімдерінің жобаларын дайындау төрелік топтың айрықша міндеті болып табылады және бұл міндет берілмеуге тиіс.

14. 14-тарауда (Дауларды шешу), осы қосымшада немесе 14-2-қосымшада (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) көзделмеген рәсімдік мәселе туындаған жағдайда, оның ішінде аса қажет болған жағдайда, төрелік топ дау Тараптарымен консультациялардан кейін осы ережелерге сәйкес келетін қажетті рәсімді бекіте алады.

15. Төрелік топ қандай да бір мерзімді немесе 14-тарауда (Дауларды шешу), осы қосымшада немесе 14-2-қосымшада (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) көзделген рәсімді өзгерту қажет деп есептесе, ол дау Тараптарына ұсынылған өзгерістің себептері туралы жазбаша хабар береді. Дау Тараптары өзара келісім бойынша кез келген мерзімді немесе рәсімді өзгерте алады.

Төрешілерді ауыстыру

16. Егер төреші талқылауға қатыса алмайтын болса, өздігінен бас тартуды мәлімдейді немесе ол ауыстырылуға тиіс болса, ауыстыру 14.8-бапқа (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) сәйкес таңдалуға тиіс.

17. Егер дау Тарапы төреші 14.8-баптың (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) 7-тармағының немесе 14-2-қосымшаның (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) талаптарына сәйкес келмейді және осы себепке байланысты ауыстырылуға тиіс деп есептесе, онда бұл дау Тарапы екінші дау Тарапы төрешінің көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуін куәландыратын мән-жайлар туралы өзіне белгілі болған кезден бастап 15 күн ішінде хабардар етуге тиіс.

18. Егер дау Тарапы төрағадан басқа, төреші 14.8-баптың (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) 7-тармағының немесе 14-2-қосымшаның (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, дау Тараптары консультациялар жүргізеді және олар келіскен жағдайда, төрешіні ауыстырады және 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) көзделген рәсімге сәйкес ауыстыратын адамды таңдайды.

19. Егер дау Тараптары төрешіні ауыстыру қажеттігі туралы уағдаласа алмаса, дау Тараптарының кез келгені мұндай мәселенің шешімі түпкілікті болып табылатын төрелік топ төрағасының қарауына беру туралы өтінішхат жасай алады.

20. Егер дау Тарапы төрелік топтың төрағасы 14.8-баптың (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) 7-тармағының немесе 14-2-қосымшаның (Төрешілердің мінез-құлық кодексі) талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, дау Тараптары консультациялар жүргізеді және олар келіскен жағдайда төрағаны ауыстырады және 14.8-бапта (Төрелік топтың құрамы және құрылуы) көзделген рәсімге сәйкес ауыстыратын адамды таңдайды.

21. Егер дау Тараптары төрағаны ауыстыру қажеттігі туралы уағдаласа алмаса, мұндай мәселе ДСҰ-ның Бас директорының қарауына беріледі. ДСҰ-ның Бас директорының төрағаны ауыстыру қажеттігі туралы шешімі түпкілікті шешім болып табылады. Егер ДСҰ-ның Бас директоры ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Сингапурдың азаматы болып табылған жағдайда, қажетті тағайындауларды жүзеге асыру өтінішімен ДСҰ-ның Бас директорының орынбасарына немесе қандай да бір дау Тараптарының азаматы болып табылмайтын, одан кейінгі шенді қызметкеріне жүгінеді.

22. 21-қағиданың мақсаттары үшін, егер Тараптардың біреуі ДСҰ-ға мүшесі болмаса, "ДСҰ-ның Бас директоры" деп айтуы "БҰҰ ХС Президенті" деп ауыстырылады. Егер БҰҰ ХС Төрағасы қандай да бір дау Тараптарының азаматы болып табылған жағдайда, қажетті тағайындауларды жүзеге асыру өтінішімен БҰҰ ХС Төрағасының орынбасарына немесе қандай да бір дау Тараптарының азаматы болып табылмайтын, одан кейінгі шенді қызметкеріне жүгінеді.

23. Төрелік топтың жұмысы осы қосымшаның 18-22-қағидаларында көзделген рәсімдерді орындау мерзіміне тоқтатыла тұрады.

Тыңдаулар

24. Төраға дау Тараптарымен және басқа да төрешілермен консультациялар жүргізе отырып, тыңдаудың күні мен уақытын белгілейді және оны дау Тараптарына жазбаша нысанда растайды. Егер дау Тараптарының ешқайсысы қарсылық білдірмесе, төрелік топ тыңдауды шақырмау жөнінде шешім қабылдай алады.

25. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, тыңдау талап қоюшы Тараптың аумағында өткізіледі.

26. Егер дау Тараптары бұл туралы уағдаласса, төрелік топ қосымша тыңдаулар шақыра алады.

27. Барлық төрешілер барлық тыңдаулар кезінде қатысып отырулары тиіс.

28. Тыңдауға мына адамдар қатыса алады:

(a) дау Тараптарының өкілдері;

(b) дау Тараптарының кеңесшілері;

(c) әкімшілік персонал, ауызша аудармашылар, жазбаша аудармашылар және отырыс хатшылары; және

(d) төрешілердің көмекшілері.

Дау Тараптарының өкілдері мен кеңесшілері ғана төрелік топтың алдында сөз сөйлей алады.

29. Тыңдауды өткізу күніне дейін 3 күннен кешіктірмей дау Тараптарының әрқайсысы төрелік топқа және бір мезгілде екінші дау Тарапына тыңдау шеңберінде ауызша дәлелдемелерімен жарыссөзде немесе осы Тараптың атынан істі ұсына отырып сөз сөйлейтін адамдардың, сондай-ақ тыңдауға қатысатын басқа да өкілдердің немесе кеңесшілердің тізімін ұсынады.

30. Төрелік топ талап қоюшы Тарап пен жауапкер Тарапқа тең уақыт берілуін қамтамасыз ете отырып, тыңдауды былайша өткізеді:

Құжаттарды ұсыну

(a) талап қоюшы Тараптың құжаттарды ұсынуы;

(b) жауапкер Тараптың құжаттарды ұсынуы;

Жарыссөз

(a) талап қоюшы Тараптың дәлелдемелерін ұсынуы;

(b) жауапкер Тараптың қарсы дәлелдемелерін ұсынуы.

31. Төрелік топ әрбір тыңдаудың стенограммасын дайындауды және оны Тараптарға мүмкіндігінше қысқа мерзімде беруді қамтамасыз етеді.

32. Төрелік топтың келісімімен дау Тарапы тыңдау барысында туындаған кез келген мәселеге жауап ретінде жазбаша нысанда қосымша құжаттарды ұсына алады. Екінші

дау Тарапына сондай-ақ кез келген осындай қосымша құжаттарға жазбаша нысанда жазбаша түсіндірмелер беру мүмкіндігі беріледі.

Жазбаша нысандағы мәселелер

33. Төрелік топ төрелік талқылау барысында кез келген сәтте даудың бір немесе екі Тарапына жазбаша нысанда мәселелерді жібере алады. Дау Тараптарының әрқайсысы төрелік топ қойған кез келген мәселелердің көшірмесін алады.

34. Дау Тарапының әрқайсысы сондай-ақ бір мезгілде төрелік топқа және екінші дау Тарапына төрелік топтың мәселелеріне өздерінің жазбаша жауаптарының көшірмесін береді. Дау Тарапының әрқайсысына екінші дау Тарапының жауаптарын алған күннен бастап 7 күн ішінде оларға жазбаша түсіндірмелер беру мүмкіндігі беріледі.

Құпиялылық

35. Дау Тараптары және олардың кеңесшілері мен өкілдері, барлық төрешілер, бұрынғы төрешілер және олардың көмекшілері мен қызметкерлері және төрелік топтың тыңдауларына қатысатын барлық қатысушылар мен сарапшылар тыңдаулардың, талқылаулардың және төрелік топтың алдын ала баяндамасының және жазбаша нысандағы барлық ұсынылған құжаттардың және төрелік топпен ақпарат алмасудың құпиялылығын сақтауға тиіс. Ол дау Тарапы құпия ретінде белгілеген, төрелік топқа осы Тарап ұсынған кез келген ақпаратты қамтиды. Осы қосымшада ешнәрсе де дау Тарапына өз ұстанымын, екінші дау Тарапы ұсынған ақпаратқа сілтеме жасау кезінде екінші дау Тарапы құпия ретінде белгілеген ешқандай ақпарат ашылмайтындай шамада , жария түрде мәлімдеуге кедергі болмауға тиіс.

Ex parte байланыстары

36. Төрелік топ екінші дау Тарапы болмаған кезде кездесулер, тыңдаулар өткізбеуге және бір дау Тарапымен өзгеше түрде өзара іс-қимыл жасамауға тиіс.

37. Төрешілердің ешқайсысы да басқа төрешілер болмаған кезде дау Тарапымен немесе дау Тараптарымен талқылау нысанасын талқылай алмайды.

Тілі мен аудармасы

38. 14-тарауда (Дауларды шешу) көзделген барлық рәсімдер және бүкіл ақпарат алмасу, барлық берілетін құжаттар және төрелік алқа жариялайтын барлық баяндамалар ағылшын тілінде жүргізіледі немесе жасалады.

39. Дау Тарапының әрқайсысы өзі талқылау барысында беретін барлық құжаттардың ағылшын тіліне аудармасын дайындауға жауапты болады.

Мерзімдерді есептеу

40. Егер осы қосымшаның 7-қағидасын қолдануға байланысты дау Тарапы құжатты екінші дау Тарапының осы құжатты алған күнінен өзгеше күні алса, осындай құжатты алған күн негізінде есептелетін кез келген мерзім осындай құжатты алған соңғы күннен бастап есептелуге тиіс.

Басқа рәсімдер

41. Осы қосымша 14.12-баптың (Төрелік топтың баяндамасын орындау) 3 және 8-тармақтарында, 14.13-баптың (Басқаға берудің немесе басқа да міндеттемелердің өтемақысы және оларды тоқтата тұру) 4-тармағында және 14.14-баптың (Міндеттемелерді орындауға шолу) 1-тармағында көзделген рәсімдерге де қолданылады. Осы қосымшада белгіленген мерзімдер төрелік топтың осындай жекелеген рәсімдерде шеңберінде шешімдер қабылдауы үшін көзделген арнайы мерзімдерге сәйкес келтіріледі.

14 - 2-ҚОСЫМША

Төрешілердің мінез-құлық кодексі

Анықтамалар

1. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы Қосымшада пайдаланылатын анықтамалар 14-тарауда (Дауларды шешу) және 14-1-қосымшада (Төрелік іс жүргізу тәртібі) айқындалған мәндерінде қолданылады.

Талқылау процесіндегі міндеттер

2. Талқылау барысында әрбір кандидат немесе төреші жарамсыз мінез-құлыққа немесе оның орын алуына жол бермеуге, тәуелсіз әрі бейтарап әрекет етуге, мүдделердің тікелей немесе жанама қақтығысынан аулақ болуға және дауларды шешу тетігінің тұтастығы мен бейтараптылығын сақтау мақсатында мінез-құлықтың жоғары стандарттарын сақтауға міндетті. Төрешілер төрелік топтың қарауындағы мәселелер бойынша қандай да бір ұйымдардан, жеке тұлғалардан немесе мемлекеттік органдардан нұсқаулар алмауға тиіс.

Ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелер

3. 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес төреші лауазымына бекітілу алдында кандидат өзінің тәуелсіздігі мен бейтараптығына әсер етуі мүмкін немесе талқылау барысында негізді түрде жарамсыз мінез-құлық немесе алалаушылық әсерін тудыруы мүмкін кез келген мүдделілік, өзара қарым-қатынастар немесе жағдайлар туралы ақпаратты ашуға міндетті. Осы мақсатта кандидат осындай мүдделіліктің, өзара қарым-қатынастардың немесе жағдайлардың бар екенін сезіну үшін барлық ақылға қ о н ы м д ы күш-жігерін жұмсауға міндетті.

4. Бекітілгеннен кейін төреші осы қосымшаның 3-тармағында аталған кез келген мүдделіліктің, өзара қарым-қатынастардың немесе жағдайлардың бар екенін сезіну үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерін жұмсауды жалғастыруға міндетті және олар туралы ақпаратты ашуға міндетті. Ақпаратты ашу жөніндегі міндеттеме тұрақты болып табылады, ол төрешіден талқылаудың кез келген кезеңінде мұндай мүдделілік, өзара қарым-қатынастар немесе жағдайлар туындаған жағдайда олар туралы мүмкіндігінше тезірек хабарлауын талап етеді. Төреші дау Тараптарын осындай мүдделілікті, өзара қарым-қатынастарды немесе жағдайларды қарау үшін жазбаша нысанда хабардар ету арқылы олар туралы ақпаратты ашуға міндетті.

5. Мүдделілік, өзара қарым-қатынастар немесе жағдайлар туралы ақпаратты ашу мұндай мүдделіліктің, өзара қарым-қатынастың немесе жағдайдың осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының қолданылу аясына жататынына-жатпайтынына немесе бұл қарсылық білдіруге немесе шеттетуге алып келетініне-алып келмейтініне қарамастан жүргізіледі. Мүдделілік, өзара қарым-қатынас немесе жағдай туралы ақпаратты ашу қажеттігіне қатысты айқынсыздық жағдайында кандидат немесе төреші ақпаратты ашу пайдасына бейімделуге міндетті.

6. Кандидат немесе төреші осы қосымшаның ережелерін бұзудың нақты немесе әлеуетті тәуекелі бар жағдайлары туралы ғана дау Тараптарына оларды қарау үшін хабарлауға міндетті.

Төрешілердің міндеттері

7. Төреші өз міндеттерін әділдік пен адалдық рухындағы бүкіл талқылау бойы мұқият әрі жедел орындауға міндетті.

8. Төреші 14-тарауда (Дауларды шешу) және 14-1-қосымшада (Төрелік іс жүргізу тәртібі) және осы қосымшада көрсетілген ережелерді сақтауға міндетті.

9. Төреші талқылау барысында туындайтын және шешім шығару үшін қажетті мәселелерді ғана қарауға міндетті және бұл міндетті қандай да бір үшінші тұлғаларға беруге тиіс емес. Төреші талқылаудың барлық аспектілеріне қатысуда басқа төрешілерге бас тартпауға тиіс.

10. Төреші өз ассистенттері мен қызметкерлерінің осы қосымшаның 2, 5 және 17–20-тармақтарында көрсетілген ережелермен танысуы және оларды сақтауы үшін тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

11. Төреші талқылауға байланысты біржақты байланыстарға тартылмауға тиіс.

Төрешілердің тәуелсіздігі мен бейтараптығы

12. Төреші тәуелсіз әрі бейтарап болуға міндетті және жарамсыз мінез-құлық немесе алалаушылық әсерін тудырмауға, жеке мүдделерін көздемеуге, сыртқы қысымға ұшырамауға, саяси көзқарастарға, қоғамдық талаптарға, Тарапқа бейілділікке немесе сынға ұшырау қорқынышына тәуелді болмауға тиіс.

13. Төреші өзінің жеке міндеттерінің тиісінше орындалуына сол немесе өзгеше түрде ықпал ететін немесе ықпал ететіні туралы әсер тудыратын қандай да бір

міндеттемені тікелей немесе жанама түрде өзіне алуға немесе қандай да бір пайда табуға тиіс емес.

14. Төреші қандай да бір жеке немесе жекеменшік мүдделерді ілгерілету үшін төрелік топта өз жағдайын пайдалануға тиіс емес және басқалардың ерекше жағдайда екендігі және оған әсер ете алатыны туралы әсер тудыратын іс-қимылдар жасамауға тиіс.

15. Төреші өткен немесе қазіргі қаржылық, іскерлік, кәсіби, отбасылық немесе әлеуметтік қатынастарының немесе міндеттерінің өз мінез-құлқына немесе пайымдауына ықпал етуге мүмкіндік бермеуге тиіс.

16. Төреші өзінің бейтараптығына әсер етуі мүмкін немесе жарамсыз мінез-құлқы немесе алалаушылық әсерін негізді түрде тудыруы мүмкін қандай да бір қарым-қатынасқа түспеуге немесе қаржылық мүдделі болмауға тиіс.

Құпиялылық

17. Төреші немесе бұрынғы төреші талқылау мақсаттарынан басқа, талқылауға қатысты немесе талқылау барысында алынған қандай да бір жарияланбайтын ақпаратты бір кезде ашуға немесе пайдалануға тиіс емес және атап айтқанда, жеке пайда немесе басқалар үшін пайда алу үшін немесе басқалардың мүдделеріне әсер ету үшін кез келген осындай ақпаратты ашуға немесе пайдалануға тиіс емес.

18. Төреші аяқталмаған төрелік талқылаудың мәні бойынша ешқандай жария мәлімдемелер жасамауға тиіс.

19. Төреші 14-тарауға (Дауларды шешу) сәйкес төрелік топтың есебі ұсынылғанға дейін осы есепті немесе оның бөліктерін жария етпеуге тиіс.

20. Төреші немесе бұрынғы төреші бір кезде төрелік топ талқылауларының барысы туралы немесе қандай да бір төрешінің талқылаулар барысы туралы пікірі туралы немесе талқылау барысында сол немесе өзге төрешілерді көпшіліктің не азшылықтың пікірін білдірушілерге жатқызу туралы ақпаратты ашуға тиіс емес.

Шығындар

21. Әрбір төреші талқылауға арналған уақыт туралы және өзінің шығыстары туралы, сондай-ақ өз көмекшілерінің уақыты мен шығыстары туралы есеп жүргізуге және түпкілікті есеп беруге міндетті.

Бұрынғы төрешілердің міндеттемелері

22. Бұрынғы төреші өз міндеттерін орындау кезінде алалаушылық танытты немесе төрелік топтың шешімінен қандай да бір пайда алды деген әсер тудыруы мүмкін әрекеттерден аулақ болуға міндетті.

Сарапшылардың, ассистенттердің және персоналдың жауапкершілігі

23. Осы қосымшаның 2 – 6, 8, 11, 17 – 20 және 22-тармақтары сарапшыларға, ассистенттерге және персоналға қолданылады.

15-тарау ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1-бап

Бірлескен комитет

1. Тараптар осы құжат арқылы бір тараптан ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттердің және екінші тараптан Сингапур Республикасының өкілдерінен тұратын Бірлескен комитет құрады.

2. Егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, Келісім күшіне енгеннен кейін Бірлескен комитет екі жылда бір рет ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің біреуінде немесе Сингапурда кезекпен шақырылады. Бірлескен комитеттің тең төрағалары әрбір Тараптан министрдің деңгейіндегі лауазымды адамдары немесе олардың уәкілетті өкілдері болады. Бірлескен комитет өз отырыстарының күн тәртібін дербес қалыптастырады.

3. Бірлескен комитет:

(a) осы Келісімнің жалпы қолданылуына шолуды жүзеге асыруға;

(b) осы Келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға және оның тиісті түрде қолданылуына, сондай-ақ оның негізгі мақсаттарын тереңдетуге ықпал етуге;

(c) осы Келісімнің шеңберінде құрылған барлық кіші комитеттердің, жұмыс топтарының және басқа да органдардың жұмысына бақылауды жүзеге асыруға;

(d) Тараптар арасындағы сауда қатынастарын одан әрі тереңдету жөніндегі мүмкіндіктерді зерделеуге;

(e) осы Келісімнен туындайтын кез келген даулы мәселелерді шешуге ұмтылуға; және

(f) Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге байланысты кез келген мәселелерді қарауға тиіс.

4. Бірлескен комитет:

(a) кез келген кіші комитетті немесе жұмыс тобын құру немесе тарату туралы немесе тиісті кіші комитеттерге немесе жұмыс топтарына міндеттер мен функцияларды беру туралы шешімдер қабылдайды;

(b) Бірлескен комитеттің құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша барлық мүдделі тұлғалармен немесе сарапшылармен қажет болған жағдайда ақпарат алмасу туралы шешімдер қабылдайды;

(c) кіші комитеттер мен жұмыс топтарының ұсынымдарын қарайды;

(d) Тараптар үшін ол орынды деп есептейтін, оның ішінде осы Келісімге кез келген өзгерістер енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындайды;

(e) егер бұл осы Келісімде көзделген болса, шешімдер қабылдайды және (немесе) ұсынымдар дайындайды;

(f) Бірлескен комитет рәсімінің қағидаларын бекітеді; және

(g) Тараптардың өзара келісімі бойынша өз функцияларын орындау үшін кез келген басқа да іс-әрекеттер жасайды.

5. Бірлескен комитет Тараптардың консенсусымен шешімдер немесе ұсынымдар қабылдайды. Тараптар Бірлескен комитеттің шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

15.2-бап

Кіші комитеттер және жұмыс топтары

Кіші комитеттер және жұмыс топтары осы Келісімге сәйкес немесе осы Келісімге сәйкес әрекет ететін Бірлескен комитеттің шешімі бойынша құрылуы мүмкін. Кіші комитеттер және жұмыс топтары Бірлескен комитеттің әрбір кезекті отырысында өзінің қызметі туралы Бірлескен комитетке баяндауға тиіс. Кіші комитеттің немесе жұмыс тобының құрылуы және (немесе) болуы Тараптардың ешқайсысын да кез келген мәселемен тікелей Бірлескен комитетке жүгіну мүмкіндігін шектемеуге тиіс.

15.3-бап

Байланыс пункттері

Әрбір Тарап, егер осы Келісімнің басқа ережелерінде өзгеше ерекше көрсетілмесе, осы Келісімнің қолданылу аясына кіретін кез келген мәселелер бойынша тұтастай алғанда екінші Тараппен және Бірлескен комитетпен ақпарат алмасуға жауапты байланыс пунктін тағайындайды. Әрбір Тарап өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес өзінің байланыс пунктін тағайындайды және екінші Тарапты осы Келісім күшіне енген күннен бастап 90 күн ішінде осындай тағайындау туралы хабардар етеді. Тараптың байланыс пунктіне байланысты кез келген өзгерістер кезінде мұндай Тарап тиісті түрде екінші Тарапты хабардар етеді.

15.4-бап

Басқа келісімдермен арақатынасы

1. Тараптар ДСҰ келісімінен, ДСҰ шеңберінде өздері қатысушылары болып табылатын басқа да келісімдерден және өздері қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық келісімдерден туындайтын, бір-біріне қатысты өздерінің қазіргі құқықтары мен міндеттерін растайды.

2. Осы Келісім мен Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да келісімдер арасында кез келген қайшылық болған жағдайда, тиісті Тараптар халықаралық құқықтың жалпы қағидаттарын ескере отырып, өзара қолайлы шешім әзірлеу мақсатында бір-бірімен дереу консультациялар жүргізеді.

3. 2-тармаққа қарамастан, егер осы Келісімде 2-тармақта көрсетілген қайшылық мәселесін реттейтін ережелер тікелей көзделген болса, осындай ережелер қолданылады.

4. Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын жерде 1994 жылғы ГАТТ-тың баптарына кез келген сілтемелер түсіндірме ескертпелерді қамтиды.

15.5-бап

ДСҰ құқығын дамыту

Егер Тараптар осы Келісімге енгізген ДСҰ келісімінің кез келген ережесі өзгертілетін болса, Тараптар қажет болған жағдайда өзара қолайлы шешім әзірлеу мақсатында Бірлескен комитет шеңберінде бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

15.6-бап

Салық салу

1. Осы Келісім 1994 жылғы ГАТТ салық шараларына қатысты қолданылатын шамада ғана соларға қатысты қолданылады.

2. Осы Келісімде ештеңе де ЕАЭО-ның немесе оған мүше мемлекеттердің кез келгенінің құқықтары мен міндеттемелеріне немесе ЕАЭО мен Сингапур арасындағы немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кез келгені мен Сингапур арасындағы кез келген салық келісімі бойынша Сингапурдың құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпеуге тиіс. Осы Келісім мен кез келген осындай келісім арасында кез келген қайшылық болған жағдайда, мұндай келісім қайшылық бөлігінде басым күшке ие болады. ЕАЭО мен Сингапур арасында немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кез келгені мен Сингапур арасында салықтық келісім болған кезде уәкілетті органдар осындай келісім шеңберінде осы Келісім мен осындай келісім арасында қандай да бір қайшылықтың бар-жоғын айқындауға айрықша жауапты болады.

3. Осы баптың мақсаттары үшін "салық келісімі" қосарланған салық салуды болғызбау туралы келісімді немесе басқа халықаралық келісімді немесе салық салу туралы уағдаластықты білдіреді.

15.7-бап

Төлем теңгерімін қамтамасыз ету мақсатындағы шектеулер

1. Тарап, өзінің төлем теңгерімінің тепе-теңдігінің елеулі бұзушылықтары мен сыртқы қаржылық жағдайымен елеулі қиындықтар болған жағдайда немесе мұндай қауіп болған кезде 1994 жылғы ГАТТ-тың XII бабына және 1994 жылғы ГАТТ-тың төлем теңгерімі туралы ережелерге қатысты уағдаластыққа сәйкес импортқа қатысты шектеу шараларын енгізе алады. Мұндай шектеу шаралары Халықаралық валюта қоры (бұдан әрі "ХВҚ" деп аталады) келісімінің баптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Күшін сақтайтын, шектеу шараларын енгізетін немесе өзгертетін кез келген Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етеді.

3. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген шектеу шараларын сақтаған немесе енгізген кезде Бірлескен комитет мүмкіндігінше қысқа мерзімде консультациялар жүргізеді. Мұндай консультациялар шеңберінде тиісті Тараптың төлем теңгерімінің жай-күйін қозғайтын жағдай және осы бапқа сәйкес сақталған немесе енгізілген шектеу шаралары, оның ішінде:

(a) Тараптың төлем теңгерімімен және сыртқы қаржылық жағдайымен болған қиындықтардың сипаты мен ауқымы;

(b) сыртқы экономикалық және сауда жағдайы; және (немесе)

(с) пайдаланылуы мүмкін баламалы түзету шаралары сияқты факторлар ескеріле отырып бағаланады.

Консультациялар барысында шектеу шараларының 1 және 2-тармақтарға сәйкес келуі мәселесі қаралады. Бұл ретте ХВҚ ұсынған және айырбастау бағамына, валюталық резервтерге және төлем теңгерімінің жай-күйіне қатысты барлық статистикалық және басқа да деректер назарға алынады, ал қорытындылар ХВҚ ұсынған тиісті Тараптың төлем теңгерімінің жай-күйін және сыртқы қаржылық жағдайын бағалауға негізделеді.

15.8-бап

Жалпы ерекше жағдайлар

Мұндай шаралар бірдей шарттары басым елдер арасында еркін немесе ақталмаған кемсітушілік құралына немесе халықаралық сауданың жасырын шектеулері бола алатындай түрде қолданылмаған жағдайда, осы Келісімде ешнәрсе де Тараптың:

(a) қоғамдық моралды қорғау үшін қажетті;

(b) адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің саулығын немесе тіршілігін қорғау үшін қажетті;

(c) алтынды немесе күмісті әкелуге немесе әкетуге қатысты;

(d) 1994 жылғы ГАТТ-тың II бабының 4-тармағына және XVII бабына сәйкес қолданылатын кеден заңнамасының монополиялар туралы қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге, патенттерді, тауар белгілерін және авторлық құқықтарды қорғауға және жаңылыстыруға алып келетін практикалардың алдын алуға жататын ережелерді қоса алғанда, осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті;

(e) сотталғандар өндірген тауарларға жататын;

(f) көркемдік, тарихи немесе археологиялық құндылыққа ие ұлттық қазыналарын күзету үшін қолданатын;

(g) егер осыған ұқсас шаралар ішкі өндірісті немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілсе, сарқылатын табиғи ресурстарды консервациялауға жататын;

(h) ДСҰ мүшелерінің қарауына ұсынылған және олар қабылдаған өлшемшарттарға сәйкес келетін немесе ДСҰ мүшелеріне өзі ұсынылған және олар қабылдаған үкіметаралық тауар келісімі жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін қабылданатын;

(i) үкімет жүзеге асыратын тұрақтандыру жоспарының бір бөлігі ретінде отандық материалдарға ішкі баға әлемдік бағаға қарағанда анағұрлым төмен деңгейде болған кезеңдер ішінде отандық өңдеуші өнеркәсіптің осындай материалдарының жеткілікті көлемімен қамтамасыз етуге қажетті, мұндай материалдардың экспортын шектеуге байланысты шаралар қабылдауына немесе олардың мәжбүрлеп орындатылуын қамтамасыз етуге кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмейді; мұндай шектеулер экспорттың кеңеюіне немесе осы отандық өнеркәсіптің қорғауға жәрдемдеспеуі және осы Келісімнің кемсітпеуге қатысты ережелерін сақтауы шарт;

(j) кез келген осындай шаралар Тараптардың осындай тауарлардың халықаралық берілімдерінен әділ үлеске құқығы бар және осы Келісімнің басқа ережелерімен үйлеспейтін кез келген осындай шаралар олардың қолданылуына себеп болған шарттар қолданылуын тоқтатқаннан кейін тоқтатылады деген қағидатпен үйлесімді *болған жағдайда*, тұтастай алғанда немесе нақты өңір үшін тапшы болып табылатын тауарларды сатып алу немесе бөлу үшін елеулі шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтіретін нәрсе ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

15.9-бап

Қауіпсіздік пайымдары бойынша ерекше жағдайлар

Осы Келісімде ештеңе де:

(a) ол ашылуы өз қауіпсіздігінің елеулі мүдделеріне қайшы келеді деп санайтын қандай да бір ақпаратты ұсыну бойынша Тарапқа қойылатын талап ретінде; немесе

(b) Тарапқа өз қауіпсіздігінің:

(i) ыдырайтын материалдарға немесе олардан өндірілетін материалдарға қатысты;

(ii) қару-жарақ, оқ-дәрілермен және әскери материалдармен саудаға, сондай-ақ қарулы күштерді жабдықтау мақсаттары үшін тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырылатын басқа да тауарлармен және материалдармен саудаға қатысты;

(iii) соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастардағы басқа да төтенше жағдайлар кезінде қабылданатын елеулі мүдделерін қорғау үшін өзі қажет деп санайтын әрекеттер қабылдауға кедергі келтіретін ретінде; (немесе)

(c) бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау және халықаралық қауіпсіздік үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін кез келген әрекет жасауға Тарапқа кедергі келтіретін ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

15.10-бап

Сыни қоғамдық инфрақұрылымды қорғау үшін ерекшеліктер

1. Осы Келісімде ештеңе де Тарапқа өзінің сыни қоғамдық инфрақұрылымын (бұл халыққа тауарлар және (немесе) қызметтер ұсынатын коммуникациялардың, энергетиканың, көліктің және (немесе) сумен жабдықтаудың инфрақұрылымына қатысты) оны бұзуға немесе істен шығаруға әдейі жасалған әрекеттерден қорғау үшін қажет деп санайтын әрекеттерді қабылдауға кедергі келтіретін ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. 1-тармақты Тарап Тараптар арасындағы қасақана және жасырын шектеу ретінде қолданбауға тиіс.

15.11-бап

Ақпаратты ашу

1. Осы Келісімде ештеңе де Тараптан ашылуы құқық қолдануға кедергі келтіретін немесе өзге де түрде қоғамдық мүдделерге қайшы келетін немесе жекелеген кәсіпорындардың, мемлекеттік немесе жекемешік кәсіпорындардың заңды

коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіретін құпия ақпарат беруді талап етуші ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, Тарап екінші Тарапқа (немесе Бірлескен комитетке, кіші комитеттерге, жұмыс топтарына немесе кез келген басқа да органдарға) осы Келісімге сәйкес құпия ретінде айқындайтын ақпаратты берген жағдайда, осындай ақпаратты алатын Тарап (немесе Бірлескен комитет, кіші комитет, жұмыс тобы немесе кез келген басқа да органдар) ақпараттың құпиялылығын сақтауға, оны ақпаратты берген Тарап айқындаған мақсаттар үшін ғана қолдануға және оны ақпарат берген Тараптың арнайы жазбаша рұқсатынсыз ашпауға тиіс.

16-ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1-бап

Өзгерістер енгізу

Тараптар осы Келісімге өзгерістер енгізу туралы жазбаша уағдаласуы мүмкін. Мұндай өзгерістер 16.3-баптың (Күшіне енуі) 2-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

16.2-бап

Бірлесіп түсіндіру

Тараптар үшін, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес құрылған барлық органдар мен төрелік топтар үшін міндетті болып табылатын осы Келісімнің ережелеріне түсінік беруді Тараптар бірлесіп жазбаша түрде жасай алады.

16.3-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісімді ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Сингапур ратификациялайды және ЕАЭО осы Келісімнің міндеттілігіне түрде болуына келісім білдіреді.

2. Осы Келісім Тараптар, осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті өздерінің тиісті ішкі құқықтық рәсімдерін Тараптардың орындағанын растау үшін жазбаша хабарламалар алмасқан күннен кейінгі екінші айдың бірінші күні күшіне енеді. Осындай хабарламалармен алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Сингапур арасында жүргізіледі.

16.4-бап

Қолданылу ұзақтығы және тоқтатылуы

1. Осы Келісім мерзімсіз қолданылады.

2. ЕАЭО мен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер Сингапур Республикасын жазбаша хабардар ету арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады немесе Сингапур Республикасы ЕАЭО-ны жазбаша хабардар ету арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтатуы мүмкін. Осы Келісім осындай хабарлама алынғаннан кейін алты (6) айдан соң қолданылуын тоқтатады.

3. Осы Келісім ЕАЭО туралы шарттан шығатын ЕАЭО-ға мүше кез келген мемлекет үшін ЕАЭО туралы шарттан шыққан күннен бастап қолданылуын тоқтатады. Еуразиялық экономикалық комиссия Сингапурды мұндай шығуға дейін тоғыз (9) ай бұрын хабардар етеді. Тараптар осы Келісім үшін мұндай шығудың салдарын айқындау мақсатында консультациялар жүргізеді.

4. Егер ЕАЭО-ға мүше мемлекет 3-тармаққа сәйкес шығатын болса, осы Келісім ЕАЭО-ға мүше қалған мемлекеттерге және Сингапурға қатысты қолданылуын жалғастырады.

16.5-бап

Қосымшалар мен толықтырулар

Осы Келісімге қосымшалар мен толықтырулар оның ажырамас бөлігін құрайды.

16.6-бап

Қосылу

1. ЕАЭО-ға мүше жаңа мемлекеттің осы Келісімге қосылуы ЕАЭО, ЕАЭО-ға жаңа мүше мемлекетті қоса алғанда, оған мүше мемлекеттер мен Сингапур арасындағы келіссөздердің нысанасы болып табылады. Мұндай қосылу осы Келісімге қосымша хаттама жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия кез келген үшінші мемлекеттің ЕАЭО-ға қосылуға үміткер мемлекет мәртебесін алғандығы туралы, ЕАЭО-ға қосылуға үміткер мемлекетпен келіссөздердің нәтижелері туралы және ЕАЭО-ға кез келген қосылу туралы Сингапурды дереу хабардар етеді.

3. ЕАЭО мен ЕАЭО-ға қосылуға үміткер мемлекет арасындағы келіссөздер барысында Еуразиялық экономикалық комиссия:

(a) Сингапурдың сұрау салуы бойынша осы Келісімнің қолданылу аясына кіретін мәселелерге қатысты кез келген ақпаратты мүмкіндігінше беруге; және

(b) кез келген айтылған қауіптенулерді назарға алуға ұмтылады.

ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН, төменде қол қоюшылар, оған барлық қажетті өкілеттіктері бола отырып, осы Келісімге қол қойды.

2019 жылғы [] қазанда [] ағылшын тілінде екі данада жасалды.

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Еуразиялық экономикалық одақ үшін

Сингапур Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК